

ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ



«Бірінді, қазақ, бірін дос,
Көрмесен, істің бәрі бос!»

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

12+



№8 (4006), 27 ақпан, 2026 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz

Өлең-жырдың даңғылы Жамбылдың туғанына - 180 жыл



4-17-беттерде →

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ

Хош иісі анқыған
Бұғымүйіз, Бесмойнақ
Жайлауының бір гүлі.
Шамырқанса, шалқыған.
Өрге салсан, төсте ойлап,
Дәуірінің дүлдүлі.

Бура атанға шөккенде,
Тіреу болар тұсына
Атка қонар ер керек.
Заман зәрін төккенде,
Ақ найзаның ұшына
Үкі таққан елден ек...

ЖҮЗ ЖАСАҒАН ӘУЛИЕМ

Ұрпағына сөз беріп,
Ауыздықтап, іркімей
Бағамысың қадамын?..
Кезендерде кез болып,
Қырдан кашқан түлкідей
Қызыл болды заманың,

Қызыл, қызыл, қызыл-ды,
Қызыл болды құзырлы.
Беу, бабам-ай, қызырлы,
Көңіліңіз бұзылды.
Домбыранды қолға апсын:
«Ұрайын, – деп, – қызынды...»

Аппак тілеу тіледік,
Атынды атап түздерде.
Жыр оқыдық желікпен
Текке тартқан ұл едік,
Жолбарысың біздерге
Көрінбейді неліктен?..

...Сарыарқаны сандалып,
Алатауды айналып,
Жақұтынды қуғанбыз,
Бакытынды қуғанбыз.
Ағарғанмен ақ таңда
«Қызыл» болып туғанбыз...

Бір өлкенің өрі едің,
Бір халықтың төрі едің.
Қызыл болды күндерің,
Жасыл болды желегің.
Топқа түскен токсанда
Торай бермес торы едің.

Өлең-жырда тау, киём,
Іркітіміз іріп көп
Намысымыз жыртылды.
Жүзге жеткен әулием,

Жүзге бөдік жіліктеп,
Жүзі сынық жұртынды.
Алқаракөк иіп бір,
Өленінді өтімді
Дүр-дүние тыңдады.
Жетісудан құйып тұр
Жылы жанбыр секілді
Ұлы Жамбыл жырлары!

Өлендегі тау, киём,
Жалғастырып ғұрпыңды,
Міндік өмір кемесін.
Жүз жасаған әулием,
Жүзі сынық жұртынды
Жолбарысың жebesін!

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН. ОҚЫРМАННЫҢ СҮЙІП ОҚИТЫН ГАЗЕТІ – «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз-2026	«Казпошта» АҚ бойынша	Жеке жазылушыларға:	Аудандар мен ауылдарда:	Кәсіпорындар мен ұйымдарға:	Аудандар мен ауылдарда:
		Қалаларда:	Қалаларда:	Қалаларда:	Қалаларда:
		1 айға – 925,82 т.	1 айға – 925,82 т.	1 айға – 1918,53 т.	1 айға – 1720,82 т.
		3 айға – 2 777,46 т.	3 айға – 2 777,46 т.	3 айға – 5755,59 т.	3 айға – 5162,46 т.
		6 айға – 5 554,92 т.	6 айға – 5 554,92 т.	6 айға – 11511,18 т.	6 айға – 10324,92 т.
		12 айға – 11 109,84 т.	12 айға – 11 109,84 т.	12 айға – 23022,36 т.	12 айға – 20649,84 т.
		Жеке жазылушылар үшін:	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:		
	«Евразия пресс» ЖШС бойынша	1 айға – 746 теңге. 3 айға – 2238 теңге	1 айға – 1441 теңге. 3 айға – 4323 теңге		
		6 айға – 4476 теңге. 12 айға – 8952 теңге	6 айға – 8646 теңге. 12 айға – 17292 теңге		

«МАҒИРА КОЖАХМЕТОВА. РУХАНИЯТ ӘЛЕМІНДЕ»

Қазақстан Жазушылар одағы және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының ұйымдастыруымен көрнекті жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері Мағира Қожахметованың мерейлі 80 жасына арналған «Мағира Қожахметова. Руханият әлемінде» атты кездесу кеші өтті.



Мерейлі кешті жүргізу құрметіне жазушының замандасы қарымды қаламгер Нұрлан Оразалин ие болды. Ол мерейтой иесінің шығармашылық мұрасы, ұлттық руханиятқа қосқан сүбелі үлесі мен әдеби-мәдени қызметі жөнінде шолу жасап, жазушының өмір жолы мен өнегелі еңбегі туралы мерейтойға келген ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлерін, зиялы қауым өкілдерін құлағдар етті.

Кездесу кешінде Қазақстан Жазушылар

одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкенов: «Біз бүгін көрнекті жазушының руханият тойына келіп отырмыз. Жалпы, Қазақстан Жазушылар одағының бүгінгі алтын қабырғасы кім десе, Мағира Қожахметова деп айтар едік. Жетпісінші жылдардан бері қарай қазақ журналистикасына, әдебиетіне, өнеріне қазақ қыздарының ішінен жан-жақты қатысқан бір адам болса, ол — осы, Мағира. Ол біздің түсінігімізде осы қазақ әдебиетіндегі біз білетін қазақ қыздарының

бәрімен дос болды. Мәриям Хакімжанова, Сара Мыңжасарова, Фариза Онғарсынова апаларымыздың сырласы, ең жақын сіндісі болған да осы — Мағира. Мағира Зеренді ауданында, қалың орыстың ортасында өссе де С.Мұқанов, Ғ.Мүсіреповтер сияқты өзінің ділін, көркем тілін сақтап, бірнеше драматургиялық шығармаларды дүниеге әкелді. Театрдың небір майталмандары туралы жазылған эссе портреттері мен бірнеше романдардың авторы екенін айта келе, қаламгерге зор денсаулық, ұзақ өмір тіледі».

— Қазақ журналистикасы тарихында Мағира Қожахметованың орны ерекше екені рас. Үміт алдағы күндегі ұрпақта, қазір айтылмаған дүниені солар айтар, солар жазар деп мен өзім сенемін. Сенің осы жылдар аралығында журналистика саласында атқарған қызметтеріңді болашақ ұрпақ бағалар. Мағира апамызша жазайық, Мағира апамызша елге қызмет етейік деушілер де табылар, — деді жазушыны құттықтап тұрып ақын Ақшұтап Бактыгерев.

Іс-шараға қатысқан қаламгерлер, әдебиеттанушылар, мәдениет қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері мен оқырмандар әдеби кеште жазушының сан қырлы шығармашылығы, жолы, ұлттық журналистика мен әдебиетке қосқан үлесі туралы, қаламгердің азаматтық болмысы мен рухани келбеті жайында ой бөлісті.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында көрнекті жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлібек Асқаровтың 75 жас мерейтойына арналған «Әлібектің әдеби әлемі» атты кездесу кеші өтті.

Мерейтойлық кешті Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкенов жүргізіп отырды. Ол Әлібек Асқаровтың қазақ әдебиетінде өнердің бірнеше саласын қатар меңгерген қаламгер екенін айтып, соның бірі — суретшілігіне тоқталды. Әлібек Асқаровтың қазақ кітабының қалыптасуына және кітаптың бүкіл қазақ жұртына жетуіне зор үлес қосқанын тілге тиек етті. Сондай-ақ қазақ прозасына өзіндік қолтаңбасымен келген жазушының шығармаларынан қазақы болмыс, ауыл тіршілігінің иісі, адам жанының иірімдері анық сезілетінін, қаламгердің кейіпкерлері өмірдің өзінен алынғанын айтты.

Алғаш сөз алған Қазақстан Ұлттық кітапханасының директоры Ғазиза Құдайбергенқызы: «Сіздің өміршең классикалық шығармаларыңыз елі талай ұрпақты тәрбиелейді деген сенімдеміз. Адамдық, азаматтық қалпыңыздан айнымай келе жатырсыз. Бұл бүгінгі таңда жаспен келетін даналық емес, ол — адамның санасы, болмысы. Демек, Әлібек Асылбайұлының феномені — мінезі», — деді.

ӘЛІБЕКТІҢ ӘДЕБИ ӘЛЕМІ



Кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов: «Жазушы мен кітапты егіз деп қарасақ, сол кітапты шығару және тарату, жұртшылыққа сапалы жеткізу — бұл баспаның негізгі міндеті. Баспа ісінің ең төменгі табалдырығынан бастап, ұлттық идеологияның аманаты жүктелетін жоғары лауазымды мемлекеттік қызметке дейінгі аралықта Әлібек Асқаровтың қолтаңбасы бар», — деп мақтанышымен жеткізді.

Кеш барысында сөз алған қазақтың қабырғалы қаламгерлері Бексұлтан Нұржеке мен Кәдірбек Сегізбай Әлібек прозасы жаңа буынға да түсінікті, жақын екенін, ол ауыл туралы жазса да, бүкіл адамзаттық мәселелерді қозғайтынын, Әлібектің жазушылығы, көркем мінезі, адамгершілігі, бауырмалдығы, отансүйгіштігі, туған жерді бағалап сыйлауы бүгінгі ұрпаққа үлгі болатынын айтты.

Кездесу барысында мерейтой иесінің «Қойға шапқан қара аю» кітабының тұсауы кесілді. Тұсаукесерден соң Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Түркі дүниесі Жазушылар одағының Төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет Әлібек екеуінің студент кездерінен бастап араласқанын, оның әдебиетке кездейсоқ келмегенін, сөздің салмағын сезінетінін, әр сөйлеміне жауапкершілікпен қарайтын жазушы екенін айтып, мерейтой иесіне арнаған «Альпинист» өлеңін оқыды.

Кездесу кешінде З.Ахметова, Б.Қайырбекқызы, Б.Жақып, Ф.Тамандаров, А.Мұратқызы, Б.Габдуллин, Ә.Мендеке, Ж.Қорғасбек, Т.Мамашұлы, Ә.Омар, Ж.Кенебай сияқты ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері, әдебиеттанушылар мен зиялы қауым өкілдері мерейтой иесіне жылы лебіздерін білдірді.

«ЫЗҒАРЛЫ ШУАҚ, ТӘТТІ МҰҢ»

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы мен Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен Қазақстанның Халық жазушысы, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Софы Сматаевтың «Ызғарлы шуақ, тәтті мұң» атты жаңа кітабының салтанатты таныстырылымы өтті.



Софы Сматаевтың жаңа кітабының тұсаукесері — Алматымыздың мәдени өміріндегі ерекше оқиға. Софы ағамыз — мазмұны терең, көркемдік қуаты зор классикалық туындылар жазып, қазақ әдебиеті қорына орасан зор үлес қосқан көрнекті жазушы. Бүгін оқырманға жол тартқан «Ызғарлы шуақ, тәтті мұң» атты жаңа кітабы мәнді, мазмұнды шығарма болатынына кәміл сенеміз», — деді.

Сөз Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасының орынбасары, ақын Қасымхан Бегмановқа берілді. «Шындығына келетін болсақ, жазушы Софы Сматаевтың есімі қазақ әдебиетінде үлкен алтын

еріппен жазылған. Софы ағамызбен мені тығыз байланыстыратын нәрсе ағамыздың инженер-металлург мамандығы бойынша қызмет атқарғаны. Қазақ әдебиетінде осы инженер мамандықтарын алып, ақын-жазушы, классик болғандары аз емес. Софы Сматаев инженер металлург бола жүріп, «Астана оттары» деген өлеңдер жинағымен үлкен әдебиетке келді. Бұл әрине, үлкен шыдамдылық пен жауапкершілікті қажет еткені рас», — деді

— Біз — Софы ағамыздың шығармашылық қызметін бала кезден бақылып өскен буынбыз. Бұл кісінің әдебиетке деген жан-кештілік еңбегі, өзінің халқына, ұлтына деген мейірім-махаббаты басқа бір адамда бар деп ойлай алмаймын. Бұл кісі — күрескер жазушы, — деп атап өтті қазақтың белгілі ақыны Абзал Бөкен.

Тағылымды басқосу аясында Софы Сматаевтың «Ызғарлы шуақ, тәтті мұң» атты жаңа кітабының салтанатты түрде тұсауы кесілді. Р.Сәрсенбаев, Б.Үсенбаев, Ә.Қайырбек, С.Тойлыбаев, Қ.Алтынбек жаңа туынды жайлы пікірлерін айтып жазушыға ұзақ өмір тіледі.

РЕФЕРЕНДУМ

Смағұл ЕЛУБАЙ,

Қазақстанның халық жазушысы

БҰЛ КОНСТИТУЦИЯНЫ ХАЛЫҚТЫҚ ДЕП АЙТУҒА ТОЛЫҚ НЕГІЗ БАР

Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйекте халыққа арнаған Жолдауында жарияланған бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастамасының негізінде туындаған конституциялық реформаны жүзеге асыру идеясының мақсаты — саяси жүйені кешенді түрде жаңғырту және бүгінгі әлемде қалыптасқан күрделі кезеңде еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуын қамтамасыз етуге негіз болар өзгерістерге жол ашу.

Биыл қаңтарда өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Парламент реформасына қатысты Ата заңның шамамен 40 бабына қатысты болады деп жоспарланған түзетулер одан әлдеқайда ауқымды, яғни Конституцияның өзге де бөлімдері мен көптеген баптарын қамтитыны айқындалды. Осыған орай 21 қаңтарда Президент Жарлығымен Конституциялық реформа жөніндегі комиссия құрылды. Құрамында еліміздің барлық әлеуметтік топтары мен өңірлері толықтай қамтылған комиссия Ата заңымызға қатысты халықтан келіп түскен ұсыныстарды жан-жақты саралап, ауқымды өзгерістер мен түзетулер енгізілген жаңа Конституция жобасын



жалпыұлттық талқылауға ұсынды. Осылайша, ашық қоғамдық талқылаулардың, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар және сарапшылық қауымдастық ұсыныстарын жан-жақты талдаудың нәтижесінде пайда болған жаңа Конституция жобасы республикалық референдумға шығарылып отыр.

Қазақстан мемлекеттігінің жетілгені, еліміздің халықаралық беделі және стратегиялық даму бағыты айқындалған жаңа Конституцияның мазмұны адамға бағдарланған, яғни адам құқықтарына басымдық берілген. Қазақстанның Егемендігі, Тәуелсіздігі, унитарлығы және аумақтық тұтастығы — негізгі мызғымас құндылықтар, басты тұғыр.

Атап айтар болсам, жаңа Конституцияның жаңалығы, біріншіден, Қазақстан азаматтығын алатындар ендігі жерде қазақ тілінен емтихан тапсыратын болады (бірақ біздіңше, шетелде туылған қандастарымызға жеңілдік жасалуға тиіс). Екіншіден, бұл конституция бірінші рет қазақша жазылды. Үшіншіден, Конституцияда мыңдаған халық өкілінің ұсыныстары ескерілді. Сондықтан да бұл Конституцияны халықтық деп айтуға толық негіз бар.

Сонымен қатар адам капиталының, білім, ғылым, мәдениет пен инновацияның дамуына ерекше көңіл бөлінген, яғни мемлекет болашағының минералдық ресурстар мен табиғи байлықтарға емес, адам капиталы мен азаматтардың жетістіктеріне байланысты болмағы маңызды. Сондықтан біз бұл Конституцияны толық қолдаймыз.

Аталған мәдени шараны «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы Бауыржан Жақып жүргізіп, осыдан 85 жыл бұрын туған қарымды қаламгердің өнегелі шығармашылық жолы, ұлттық әдебиеттің дамуына қосқан сүбелі үлесі мен рухани мұрасы туралы баяндады.

Іс-шара барысында Алматы қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Қалыбеков: «Әйгілі жазушы

ИРАН-ҒАЙЫП,

ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Қазақ оқырманына ұсынылып отырған әзербайжан ақыны Сона Велиеваның «Өмір ертегісі» атты жыр жинағы – бүгінгі түркі поэзиясындағы рухани ізденістердің айқын көрінісі іспетті. Бұл жинақ сыртқы әсемдікке ғана емес, адамның ішкі болмысына, ар мен жауапкершілікке, тағдыр мен Жаратушы арасындағы байланысты терең пайымдауға құрылған. Ақын поэзиясы философиялық, әлеуметтік және рухани өлшемдерді бір арнаға тоғыстырады.

Жинақтың құрылымы – ойлы. «Ой орманы», «Құдай мен адамның арасы», «Өткеннің жаңғырықтары», «Самарқанд түстері» сияқты бөлімдер ақынның жеке көңіл күйін ғана емес, уақыт пен кеңістікті, тарих пен тағдырды, адам мен Жаратушы арасындағы байланысты қатар ойлайтынын көрсетеді. Бұл – сыртқы формадан гөрі ішкі мәнге құрылған поэзия.

Сона Велиева поэзиясының философиялық өзегі «Әлем – жыртылған қап» атты өлеңінде анық көрінеді. Ақын адам баласының жаратылыс алдындағы орны мен мәнін былайша түйіндейді:

*Біз дәндерміз жыртық қаптан
төгілген,
Қап жыртығы алыстан-ақ көрінген.
Құдай бізді жаңғыртады қайтадан,
Тағдыр жайлы не айтамыз бөлінген?
Мен – ғаламмын, сандығындай
апамның,
кеудем сыр мен құпияға толы екен...*

Бұл жолдарда адам – Жаратылыстан бөлініп шыққан уақытша жолаушы, ал ақын жүрегі – тұтас ғалам ретінде көрінеді. Мұнда Шығыс поэзиясына тән метафизикалық ойлау, адамды ғарыштық кеңістіктің бір бөлшегі ретінде қабылдау анық сезіледі. Табиғат лирикасы да – ақын үшін жай көрініс емес, адам жанының айнасы. Ал «Арман – бұлттар» өлеңінде Сона Велиева жеке мұнды емес, халыққа ырыс құюды, елге қызмет етуді армандайды:

*Жаңбыр-жасым жерге ырыс,
бақ болар,
Береке кеп, халық жайнап, шат болар.
Дұғаларым бұлттан Хаққа зулайды,
Қанат бітіп нұрлы жолмен зырлайды.*

Бұл жерде жаңбыр – поэзия, бұлт – ақын рухы, ал дұға – сөз арқылы Хаққа ұмтылу. Бұл – ақындық миссияны терең түсінген, поэзияны азаматтық әрі рухани қызмет деп ұққан сананың көрінісі.

Жинақтағы ең әсерлі шығармалардың бірі – «Рамкадағы әйел». Бұл өлеңде ақын бейнелеу өнері арқылы әйел тағдыры мен еркіндік мәселесін көтереді.

*Сияр ма екен махаббат пен еркіндік,
Бір рамкаға сыймас-ау деп желпіндік.
Үндемеуге үйренген де шығарсың,
Сөйлей алмай іштей үнсіз тынарсың...
«Құтқарыңдар! Алыңдаршы суырың!» –
деген сөзін тұрғандаймын ұғының!*

Бұл – бір портрет алдындағы ой, үнсіздікке үйретілген тағдырдың жанайқайы. Ақын сол үнсіздікті естиді, сол мұнды сөйлетеді.

Ал адам өмірінің өткіншілігі мен

мәңгілік өлшемі «Қалар артта» өлеңінде терең пайымдалады:

*Ең бай адам –
сыйын алған тағдырдан,
Естелік пен жақсы атын қалдырған.
Тіршілікте алға қойған ұятты,
Тура жолда Темірқазық сияқты...*

Бұл жолдарда ақын байлық пен

Ерекше назар аударар тұс – көкнәр гүлінің қара жүрекшесі. Ақын оны іште мәңгілікке сақталған қасіретке, күйікке теңейді. Шын ғашық өзінің күйгенін көрсетпейді. Шын сенуші өз қасіретін дабыра етпейді. Бұл – Сона Велиева поэзиясының ішкі әдебі, рухани тазалығы.

Тұс желісінің үш күнге бөлінуі де

зәру» деуі – бүгінгі адамзатқа қойылған қатаң диагноз сияқты.

*«Үмітімнің өткеншегі тербелді,
«әлем үнсіз тербелді,
ертеңгі атар таңды күтті асыға».*

Өткеншек – шайқалған дүниенің символы. Ол сынуға жақын, бірақ әлі тұр. Ақынның Жаратқанға қарата айтқан «Үмітімнің өткеншегі сынбасын»

ӨМІРДІҢ ӨЗІН ЖЫРҒА АЙНАЛДЫРҒАН АҚЫН

(Сона Велиеваның «Өмір ертегісі» жыр жинағы туралы)



символдық мәнге ие. Бұл – жаратылу, тану, түйсіну. Үшінші күні ақын көкнәрдін «Бол!» өмірімен жаралған алғашқы сұлулықтардың бірі екенін түйсінеді. Осы сәтте адам мен гүлдің, жан мен табиғаттың арасы жойылады. «Жартылай гүл, жартылай адам» бейнесі пайда болады. Бұл – рухтың өзін тануға жақындаған шағы. Осы тұрғыдан алғанда, көкнәр – ақын жанының көрінісі. Ол да қызарып гүлдейді, күйіп-жанып тұрады, бірақ ішкі қарасын көрсетпейді. Бұл – ар поэзиясы. Бұл – үнсіз сөйлеудің поэзиясы.

*«Көкнәр гүлі шақырады келші деп,
Жанып біткен жүрекпен...» –*

деген жолдарда көкнәр махаббат жолында күйіп өткен жүректің бейнесіне айналады. Бұл – тіршілікке емес, бастапқы мәнге, Хаққа қарай шақыру.

Сона Велиеваның «Өмір ертегісі» жинағындағы «COVID кезіндегі өмір» бөлімі – адамзаттың ар алдындағы емтиханын бейнелейтін поэтикалық рецензия іспетті. Ақын індетті сыртқы қауіп ретінде ғана емес, ішкі тазаруға шақырған Жаратқанның ескертуі ретінде қабылдайды.

Мұны «Үйде қал» өлеңіндегі алғашқы жолдар-ақ аңғартады:

*«Үрейлендік, жабырқады жанымыз,
тарс бекіттік есікті».*

Бұл – рухани күйзелістің дәл суреті. Бірақ ақын осы тұйықтан үміт табады. «Үйлер жабық болғанмен, ашық тұр ғой есіктері дұғаның» деуі – поэзия арқылы үмітке жол ашу. Есік жабылды, бірақ дұға жабылған жоқ. Бұл – жинақтың басты гуманистік пафосы.

Ақын індеттің мәнін сұрақ арқылы ашады:

*«Білу үшін аз уақыттың қадірін,
бізге дертті жіберді ме Жаратқан?»*

Бұл – өзін-өзі таразылау. Ақын адамзатты жек көру мен астамсудан бас тартып, «жек көруді махаббатпен жеңінші» деп тілейді. Мұнда поэзия үкім айтпайды, жол көрсетеді.

Осы әділетсіздік фонында ковид – табиғи апаттан гөрі рухани дағдарыстың салдары тәрізді қабылданады. Ақынның «Мынау әлем ковид – дерттен жеңілген, махаббат пен ақиқаттың сабағына тым

деген тілегі – тек жеке тілек емес, адамзат атынан айтылған дұға.

Осы бөлімдегі өлеңдерде Сона Велиева індетті қорқынышқа айналдырмайды, оны арға жүгінетін сәтке көтереді. Бұл – уақытпен бірге ескірмейтін, кейінгі оқырманға да ой салатын поэзия. Ақын ковидті емес, адамды емдегісі келеді. Ал мұндай поэзияның өміршендігі де осында.

Ал Сона Велиеваның «Босқындар жатақханасы» өлеңі – Қарабақтан келген халықтың тағдырын терең бейнелейтін туынды. Ақын жеке мұң мен ұлт қайғысын ұштастыра отырып, адамның төзімділігі мен үмітін көрсетеді.

«Бұл үйлерде тұрып жатыр

босқындар,

*Қарабақтан келген халық шұбырып
Талқандалған үйлері, аласарған*

таулары,

балалары қашқан қорқып, шыңғырып».

Өлеңде ана бейнесі – эмоционалдық өзек:

*«Жүн сабаған анау әйел жүн емес,
өз өмірін сабап отыр,*

Қарабақсыз, күйеуінсіз, ұлынсыз».

Бұл жолдарда қарапайым тұрмыстық әрекет арқылы рухани жара мен жоғалтқан жақындарының мұны беріледі.

Жас кейіпкерлер мен балалар бейнесі өлеңнің әлеуметтік және тарихи контекстің толықтырады. Ақын олардың тағдырын ұжымдық мұң мен үміттің айнасы ретінде көрсетеді.

«Қайтарылсын Қарабақ,

халық жерге оралсын.

Құдай әзір белгі бермей тұр бірақ,

Сыйындан басқа амал жоқ, сірә,

ұшқан дұға – құстар қайта

қона алсын!»

«Босқындар жатақханасы» – Сона Велиеваның тарихи әділетсіздік, ұлттық мұң және адамгершілік тақырыптарын үйлестірген өлеңі. Бұл бөлімдегі Қарабаққа арналған жырлар да ақынның отансүйгіш рухын айқын танытады. Бұл өлеңдерде бір халықтың жаралы жүрегі, азаттыққа деген сенімі мен рухы бар.

Жалпы алғанда, жинақтың қазақ тілінде жатық, табиғи сөйлеуі – ақын, аудармашы Саят Қамшыгердің еңбегі екенін айта кеткен жөн. Мақалада мысал үшін келтірілген өлеңдерде Саяттың аудармасы. Поэзияның ішкі ырғағын, образдық жүйесін, философиялық салмағын жоғалтпай жеткізу – шынайы шеберліктің белгісі деп білемін. Бұл аудармалар түпнұсқаның рухын сақтаған көркем дүниелер ретінде бағалануға әбден лайық.

Қорытындылай келе, Сона Велиева – өлеңді сезім үшін емес, мән үшін, әсемдік үшін емес, ар үшін жазатын ақын. Сондықтан «Өмір ертегісі» өмір шындығын тануға жетелейтін, ойлы оқырманға арналған рухани еңбек деп ойлаймын.



Жанғара ДӘДЕБАЙ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Халық поэзиясының алыбы, ХХ ғасырдың Гомері Жамбыл бұл ғасырдың жарығын тіршілік тауқыметінен қажып, қарттыққа бой алдыра бастаған, балалық, жастық, жігіттік дәуреннің оты да, отты өлеңдері де, жалыны мен жалынды жырлары да сол өткен ғасырдың тереңіне шөге бастаған, сөне бастаған шағында көрді.

Ұлы ақынның жастық, жігіттік дәуренінің отты өлеңдері, жалынды жырлары да сол қилы заманның телегей-теңізінің түбінде жақұттай жанар жасқап, жарқыраған қалпында қала берген еді. Жаңа ғасыр, онымен бірге жаңа дәуір жай келмей, жан-жағына жарық шашып, Жамбылдың өзіне де, оның жүрегінен шығып, халық көңілінде ұялап қалған, уақыт теңізінің терен түбіне шөге бастаған асыл жырларына да іздеуші, сұраушы бола келді.

Замана жүгінен белі бүгіліп, еңсесі еңкейіңкі тартқан дана қарттың жалған дүние салған жарадан жарығы әлсіреп, жалыны қайтып, сұйы бастаған жүрегі қайта жылынды, көкірегінде тұнып, бір-жола тыным табуға бет алған ақындық талант қайта жайнады, ақынның өзі қайта жасарды. Ғасыр мен ғасыр беттесіп, уақыт теңізінің алып толқындары жалын жібектей желбіретіп аспанға шапшығанда, теренде қалған жақұт жырлар да жібекке жабысып, жаңа дүние жағалауына шыққандай еді. Сонымен бірге ақынның толып жатқан өлең-жырлары сол шашылған, әр жерден бір жалт-жұлт еткен қалпында телегей-теңіздің тереңінде қала бергені де рас. Бүгінде сол теңіздің түбіне жету де, ақынның сол теңіз тереңінде шашылып қалған маржан жырларына көз жеткізіп, қол тигізу де мүмкін емес... Ал оның ел қолына тиіп, ел жүрегінің жылуы мен қызуына айналған жырлары әр көңілде түрлі сәуле ойнатып, өзі де сан түрлі мән-мағынамен жарық шашады.

Ақынның әуелгі шығармаларының бәрінде де оның өмірден тандап алған жолы, қол созған арманы мен іздеген мұраты өлең өнерімен, ақындықпен байланысты көрініс тапқан. Ақын «Шағым» өлеңінде: «Домбыраны қолға алам, Өлең кірген түсіне, Жөрегінде мен болам» деп, өзінің мақсаты мен мұратын ақындық өнермен қанаттас жырласа, әкесіне арнауында бұл ойын арнайы жыр етеді.

«Сарыбайға» өлеңінде де ақын терең ой айтады:

*Біреулер малмен бәрін бөктерін жүр,
Айтқанды ақыл, нұсқа жек көріп жүр.
Көтеріп дүниенің көң-қоқырын,
Апарып қай шұңқырға төккелі жүр?*

Ақын дүние қызығын, байлық рақатын мансұқ етпейді. Бұл орайдағы ойларын ақын байдың бейнесі арқылы тереңдете түседі. «Әділдік керек халыққа» деп аталатын толғауында әділетсіз ұлық, әдепсіз төренің елге өтірік айтып, сызданған сұмпаиылығы, тамаққа тойса ғана ұретін төбет секілді тамағынан бірдене

өтсе ғана мойын бұратын иттік мінездері әшкереленген.

*Араны байдың ашылған,
Барды жоқ деп жасырған.
Тебеген есек секілді,
Теткілеп орын бермейді,
Бос жатқан жер қасынан, —*

деген жыр жолдарында байдың байлығының елге пайдасы тимейтіні, байлығы басынан асып жатса да, байдың кедейге қайырының жоқтығы сыншыл таным тұрғысынан суреттеледі. Ақын байдың малына да, байлығына да тектен-тек көз тіккен емес.

*Байлықтың түбі пайдадан,
Өтірік-қулық айладан.
Ұрлық-зорлық, талаумен
Жүздеп жылқы, мыңдап қой
Байлар судай айдаған, —*

деп мыңғыртып мал айдаған байдың байлығының көзі момын елді қанап,

алдап-арбаудан, әлсіз жұртты талап-тонаудан шығып жатқанын көрсетеді.

Ақын байдың, болыстың ісін, қылығын суреттеп отырғанда да оның ішін ашып көрсетуді мақсат тұтады. Әдепкіде кейіпкердің мінезін оның сыртқы түр-түсін суреттеу арқылы саралайтын болса, енді бір тұста нақты жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, айналасындағы оқиғаларды жинақтау арқылы оның мінезін даралауға ойысады. Осылайша, өз шығармасына арқау болып отырған өмір құбылыстарын сұрыптап келе оның ең маңызды, мәнді, мазмұнды белгілерін ғана жинақтап көрсетеді, соның нәтижесінде адамның ішін ашып, мінезін даралап қана қоймай, оның бейнесін, тұтас тұлғасын сомдап шығады.

Бетпе-бет келген адамның артықшылығын да, кемшілігін де бір қарағанда-ақ көріп қоятын алғыр, қырағы талант сыншылдық сарындағы шығармаларында назары түскен кісінің өңменінен өткізе сөйлейді, асып-тасып, өкпесімен қабынып, өтіменен жарылып кетердей болып отырған небір өркөкіректерді де бір ауыз сөзбен сұлатып сала берген.

Ақындық айтыс майданында қарсыластарына қарсы жұмсайтын қаруы адамдық пен адалдық, елдің бірлігі мен татулығы, ел қорғаған ерлік пен батырлық болады. Шамырқанған шағында:

*Адамдықты айт, ерлікті айт,
батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт!
Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап, әуре болмай,*

жөніңе қайт! — деп қарсыласына қарсы халықтық мазмұны бай, мемлекеттік мәні терең рухани құндылықтарды, ұлттың дәстүрлі дүниетанымының асыл қағидаларын қару етеді.

Белі бесіктен шықпай, жөрегінде жатқанда түсіне өлең кірген, бұғанасы катып, буыны бекіген шақта кеудесі күйге, көкірегі жырға толып жүре берген жасқа, әсіресе Жамбылдай балаға, тума талант дараға сабақ беру үшін қолына тобылғы таяқ ұстаған ашкөз молда емес, танымында телегей теңіз тарих тағлымы бар, жүрегінің басында күн көзіндей жарық нұры бар дана болу керек еді. Көзін ашпаса, бұлақ сарқылады. Тәрбие көрмесе, талант тозып бітеді. Шәкірт талантты ұстаз ұлағаты ашады. Шәкіртсіз ұстаз тұл болса, ұстазсыз шәкірт те түк емес. Шәкірт бойында Құдай дарытқан асыл қасиеті болмаса, ұстаз алдында өмір бойы отырса да, одан көшелі кісі шықпауы мүмкін. Ал көзінде нұры, көкірегінде оты бар шәкірт өзіне лайықты ұстазымен ұшырасса, оның бойындағы Құдай дарытқан дарын көлдей шалқып, дариядай таситын болады.

Жамбыл — ұстазын тапқан талант. Оның өлендегі ұстазы ақиық ақын Сүйінбай болғанда, өмірдегі ұлы ұстазы халықтың өзі болды. Жамбыл телегей теңіз шалқыған тарих қазынасын, күн көзіндей балқыған жарық нұрды туған халқынан, туған халқының жүрегін жарып шыққан асыл сыр мен ақық жыр-дан тапты, кемеліне келгенде өзі де оттай шалқып, күндей балқыды.

Жамбылдың ақындық мұрасына тән бірнеше ерекшелік бар. Ол ерекшеліктер ақынның ойлау, ой толғау таланты мен дүниетанымына тән қасиеттерден бастау алады. Ақын не айтса да, не туралы сөйлесе де, не жайында толғанса да, анығын, әділетін айтады, қысқа да нұсқа айтады, орынды әрі оралымды айтады, шынайы да шырайлы толғанады. Арына, намысына қозғау салған, елдің, халықтың мұратына қайшы келетін,

жыл бойына тынбай шындық деп соққан, шындық деп жырлаған ұлы жүрек иесі ғана лайықты. Өйткені жүз жыл жасап, жүз жыл жырлау Құдай мен халықтың сүйікті кісісінің ғана қолынан келмек. Ал жүз жыл жасап, жүз жыл жырлағанда, жай ғана жасап, жай ғана жырламай, жүз жыл бойына шын жасап, жүз жыл бойы шындықты жырлау — мәңгілікпен бірдей құбылыс.

Жамбыл шығармаларының шынайылық, реалистік сипатын аша түсетін бір ерекшелік — олардың әлеуметтік өткірлігі мен танымдық тереңдігі. Ақын әркім-ақ күнде көріп, күнде қасынан өтіп немесе басынан өткізіп жүрген өмір құбылыстары мен оқиғаларын, тіпті небір ұсақ-түйек деген жайлардың өзін үлкен ақындық парасатпен пайымдайды, ұсақ-түйек секілді қарапайым шындық құбылыстардың өзін ақындық таным

ӨЛЕҢ-ЖЫРДЫҢ

Батыс Альпінің жүрегінен қазақ халқының және жаңа адам баласының жыршысы, Қазақстан даласының жүрегі – Жамбылға туысқандық сәлем жолдаймын.

**Ромен Роллан,
француз жазушысы**

адамдықтан, адамгершіліктен алшақ тұрған өмір құбылыстарымен бетпе-бет келгенде, ақын таланты суаруы келіскен алмас қылыштай жарқылдап, жүзінен жасын жыр шашыратқандай болады. Ақынның өзі де, Мұхтар Әуезов аңғарғандай, қарсыласының қалт еткен мінін қылып еткізбей бас салып, ақырында оның өзін де, мінін де сара тіліп, сорын қайнатып шығарады. Осының бәрі Жамбылдың көзінің қырағы, көңілінің сергек, ойының терең, танымының кең екенін танытады. Сонымен қатар ақынның айту, жырлау, толғау шеберлігі де мінсіз, тәңірдің дарытқан қасиеті іспетті кінәратсыз, күннің нұры секілді тап-таза. Бұлардың қай-қайсысын да ақын өзінің шығармашылық өнері мен өмірінің мазмұн-мәні деп біліп, көңілінен бір сөз таса етпеген, әрқашан көзінің алдында, жүрегінің басында ұстаған. Осы ретте еске мықтап ұстайтын мынадай жайт бар: ақын анығын айтқанда да, тура, қысқа әрі нұсқа айтқанда да, шынайы әрі шырайлы толғағанда да бір-ақ нәрсені айтады, бір-ақ нәрсені толғайды. Ол — шындық. Шындық кісінің қолы жетпейтін аспандағы құс емес, ұстатпайтын судағы балық та емес. Шындық деген — кісінің өзі. Оны көру оңай болғанмен, тану қиын. Тани қалған күннің өзінде де оны сол танылған калпында ұғып, сол қалыпта айту — қиынның қиыны. Ал айтыла қалған жағдайда, оған тоқталмауға, оны мойындамауға болмайды. Шындықтың алдында елдің бәрі бірдей кішік. Сондықтан аспанның асты мен жердің үсті аралығында шындықтан асқан ұлы нәрсе жоқ.

Шындықты әркім тани алмайды, шындықты әркім айта алмайды, шындықты айтқанды әркім ұната қоймайды. Шындықты сүю, шындықты айтқанды сүю де жұмырбасты пенденің бәрiнiң қолынан келе беретiн iс емес. Шындықты да, шындықты айтқанды да айнымай сүйетiн құдiрет иесi бiреу болса, ол — Құдай, ал екеу болса, бiреуi — Құдай, екiншiсi — халық. Құдай мен халықтың құдiретiнде де, қасиетiнде де шек жоқ, екеуi де мәңгiлiк. Бұлардан басқа, үшiншi құдiрет иесi калайда бар, жасауға тиiс болса, ол — Жамбыл. Адам баласы қатарында мұндай құдiретке, мұндай қасиетке жүз

тезінен өткізіп, шаң-тозаңынан арылтып, жақұттай жарқыратып шығарады. Әлеумет өмірінің қайшылықтарына арналған өлеңдердің қай-қайсысы туралы да осыны айтуға болады.

Жамбылдың ақындық мұратының, көркемдік-эстетикалық нысанасының мәнін танытатын ерекшеліктердің қатарында оның сыншылдық тұрғысы үлкен орын алады. Ақынның сыншылдығы да, сыншылдығынан туып жатқан сыншылдығы да халық таныған ақиқат құбылыстар мен оқиғаларға негізделеді. Ол қандай қиын-қыстау жағдайда да, ақындығы мен азаматтығы, тіпті өмірі сыңға түскен қандай қатерлі шақта да осы ақиқатты айтқан, сынын да, мадақ сөзін де ақиқат шындыққа бағындырған. Ол қандай алмағайып заманда да тек шындықты айтып, қандай көзді тартып, көңілді арбайтын қыздырмалы ортада да әділеттің ақ жолынан таймай, шынды сындай, сынды шындай қабылдап, өмір құбылыстарының қандайын да шынайы толғаған. Жамбылдың шығармашылық абыройы мен ақындық, жыраулық атағының халық арасына мейлінше кең жайылуының басты сыры осында.

Ақын өзінің шығармашылық өмірінің бастапқы кезеңінде-ақ дүние қуып, мал жиғаннан, бай болып, билік құрғаннан, әкім болып елге тізе батырғаннан халықтың мұнын мұндап, жырын жырлағанды әлдеқайда адал іс, абыройлы қызмет деп білген. Ақын ақындық өнерді өлең шығару деп қана ұғынбай, шындықты, халық өмірінің шындығын, әділдікті, адамдықты қорғаудың басты құралы деп бағалаған. Халық үшін қадірлі, қасиетті істі де ол шындық, әділдік, адамдық таразысымен өлшеді. Ақындық өнер туралы мұндай биік көзқарас Жамбылдың ақындық тұрғысына, шығармашылық концепциясына негіз болды. Ұлы ақынның мұндай ұлы эстетикалық нысана-тұрғысы талаптары деңгейінен қарағанда, тұрмыстағы пендешілік істің қандай да: байлық та, билік те баянсыз, опасыз болып көрінеді.

Ақын дүние қызығын, байлық рақатын мансұқ етпейді, елге қайыры жоқ, халыққа пайдасыз байлықты ғана баянсыз, опасыз деп біледі. «Байлық тастан қаттыға, боктан сасыққа бітеді» деген ел сөзінде үлкен шындық бар. Мандай термен келсе де, алдап-арбауға негізделген удай пысықтықпен келсе де, байлықтың аты — байлық, бардың аты — бар. Байдың байға құятыны, байлықтың байлыққа құйылатыны да бекер емес. Біткен малды бекер шашқаннан кісінің жақсы аты да, комарт аты да шықпайды. Берекесізге, тексізге жасаған қайыр да бір, құмға құйған су да бір — екеуінен де із қалмайды. Бай болған кісінің мал шашуға

дігі жетпейтінінің бір себебі осында болса керек. Сонымен қатар байлықтың әр екі кісінің бірі тани бермейтін айрықша қасиеті бар. Егер байлық адамгершілік негізі берік, тегі таза, кісілік, адамдық уызына жарып өскен, шілдесінде шырақ көрген кісіге бітер болса, онда оның рақаты мен қызығы бүкіл елге жетеді. Егер байлық адамшылық негізі жоқ, уызында жарымаған, шілдесінде шырақ көрмеген бір насқа бітер болса, онда оның рақатын ешкім де көре алмайды. Адамның, адамдықтың жауы осындай настардың арасынан шығады. Жамбылдың қарсы болатыны – осындай бай мен осындай байлық.

Биліктің де өз буы бар. Ол біреудің ойына түссе, біреудің бойына түседі. Уызында жарымаған, негізі жоқ, шілдесінде шырақ көрмеген әлдебіреуге билік тисе, онда ол билігін кісінің басы-

*Заман-заман дегенде,
Заманға қожға адам ғой!
Наразы болсаң заманға,
Бар кінәні соған қой!*

«Заманның жақсылығы мен жамандығы да сол заман адамының бойындағы жақсы мен жаман қасиеттерден шығады» деген пікір ашық айтылған. Әдетте адам белгілі бір ортада өмір сүре отырып, сол ортадан тыс бола алмайды деген ой алдымыздан шығады.

Жамбыл өзінің жауынгерлік жырларымен күрескерлерді жігерлендіріп келеді.

**Мартин Андерсен Нексе,
Дат жазушысы**

ДАҢҒЫЛЫ



на, Құдайдың жолына қарап айтпайды, құлқынының камына қарай айтады. Мұндай би мен мұндай билік – кісінің де, кісіліктің де хас дұшпаны. Жамбылдың жек көріп, жер-жебіріне жетіп айыптайтыны – осындай би мен осындай билік.

Адам мен заман – Жамбылдың шығармашылық өнерінің басты тақырыптық өзегі. Ақын мейірімсіз, аяусыз, қатыгез заманды айыптаумен шектеліп қалмай, заманның жаман болмағы да, жақсы болмағы да адамнан, адамның адамгершілік негізінен деп біледі. Бұл ойдың бір желісі «Сұраншы батыр» дастанында мынадай болып тартылады:

Адам, адамдық қарым-қатынас, адамдық іс-әрекет бар жерде ғана адами орта туралы сөз қозғауға болады. Сондықтан да ақын заманның, қоғамдық ортаның әлеуметтік бағыты мен беті үшін адам жауапты екенін өзінше топшылап, өзінше пайымдайды.

Адамның жақсылығы мен жамандығы, адамдығы мен надандығы, адалдығы мен арамдығы сарапқа түскен шығармаларында ұлы жырау аз сөзбен, білінер-білінбес ишарамен-ақ заман тынысы, заман шындығы жайында үлкен ой түйеді. Зымыран уақыт жан біткеннің қай-қайсысын да, ұлысын да, кішісін де

түптің-түбінде бір тізесіне салып илеп, желкомдай түгіп, түте-түтесін шығарарын айтумен бірге, кісінің кісілігі, жарық дүниедегі жақсылығы, адамдығы оның кісіге жасаған кісілігімен, кісіге тигізген шапағатымен, елге сіңірген еңбегімен өлшенетінін де ақын тебірене отырып толғайды. Жырау танымына салғанда, адамның адамдығын сақтап қалатын, оның өзі өшкенмен, атын ұрпақтан-ұрпаққа алып баратын күш-құдірет – оның осындай ізгі, игілікті істері. Кісінің пенделікпен жасаған істерінің бірінде де опа жоқ. Мұндай түсінік, мұндай халықтық негізі берік берен қағида Жамбылдың шығармашылық өнері мен өнегесіне өлшеусіз зор бағалы мазмұн дарытады.

Ел боданда, ер босқында жүрген заманда да ар ұялардай, ақындық ождан аяқ асты болардай қылыққа бармай, шындықты айтып, шындық шынарын көкке өрлету әрбір екі ақынның қолынан келмейді. Жамбыл алдында отырған бай-шонжарды да, алдына бітейін деп тұрған мыңғырған малды да, қолына қонайын деп тұрған дәулет құсын да олардың баяндылығына, өзінің биік адамгершілік мұратына, халықтық нысанасына сай байымдап, бағалайды. Жастайынан ұстанған ақындық мұратына, шындықты, әділдікті, адамдықты құрмет тұтқан халықтық танымына лайықсыз болса, ақын бай мен байлықты да, дәулет құсын да қабыл көрмей, сара ойы мен дара талантының, даналық танымының құс жолындай сайрап жатқан ақ даңғылымен самғай береді. Бұдан біреу басына жұмақ орнатпак болса да, әділет жолынан таймайтын, ар туына дақ түсіруге бармайтын халықтық ұлы мұрат, халықтық қайсар қасиет көзге түседі. Жамбыл – осындай халықтық ұлы мұрат пен халықтық қайсар қасиеттің жыршысы. Оның ақындық ұлылығы осында. Ақындық мұратқа адалдық, ақындық өнерге адалдық жоқ жерде, ардың ақтығы мен ожданның тазалығы да болмақ емес. Қолының қысқалығына қарамай, Жамбыл ақындық ар-ождан тазалығын дүние қызығынан, байлық пен дәулеттен өлшеусіз жоғары қояды, Құдай берген талантты Құдай көрсеткен жолға жұмсайды. Ақынның мұнысын, мұндай нысана-тұрғысын, дүние-мүлікке бұрылмай, ақындық ар-ождан, ақындық

Жамбыл дарынының құдіреттілігі сол, ол бірден адамды өзіне тартып алады да, соңынан жетелеп жүре береді.

**Қаныш Сәтбаев,
академик**

абырой, ақындық ақыл-ой мәртебесін өсірген даралығын оның өз заманы үшін де, бүгінгідей парықты нарық билеген базарлы заман үшін де таң болып, таң қалып қарайтын таным деген дұрыс. Мұндай қасиет періштенің де, пенденің де бойына бітпейді, ақындық өнерді ардың ісі деп білген, арын жанынан жоғары бағалаған, тақтан да, бақтан да биік қойған, тудай желбіретіп төбесіне көтеріп ұстаған нағыз халық данышпанының ғана басына қонбақ. Өнерді өркендететін, өнерпаздың өркенін өсіретін нағыз халықтық асыл қасиет деген осындай болса керек.

Ұлы жырау шындықты жырлап қана қоймай, оны жанын салып қорғады, елі үшін жырын қару етіп, күреске шықты. Сол күрес үстінде көргендері мен көңілге түйгендері нәтижесінде ақын шындықты, әділеттілікті, адамдықты олардың тарихи тегіне сай тану дәрежесіне жетті, адам тағдырын, заман құлқын билеп-төстейтін жалпы заңдылықтарды шығармашылық сара таныммен байымдау деңгейіне дейін көтерілді.

Адам мен заман жайын, ел мен елдік, батыр мен батырлық арасын толғап, жырлағанда, Жамбылдың өзі де, жыры да сұңқардай сұрапыл, қырандай алғыр,

тұлпардай жүйрік сипатымен дараланады. Тіпті ақын жырлары сұңқар самғап шыға алмайтын заңғар биікте парлап, қыран қанатын талдыратын қияға шырқайды, тұлпар тұяғы жетпейтін асу-асу белдерден асады. Сондықтан да ақын жырларының сұрапыл тасқыны алдында дүниенің байлығын алдына салып айдап, қорасына әкеліп қамап жүрген байлар да, тұтас аймақты қабағымен бағып, қалт еткізбей ұстаған болыстар да көмейіне құм құйылғандай үнсіз, тым-тырыс қалған. Тау басынан бұрк-сарқ қайнап тасып шыққан таза бұлақтай асыл жыр өз жолында кедергі-тосқауыл дегенді білмей, бәрін де бұзып-жарып өтіп, жұрттың жүрегін баурап, көкейіне қонған соң ғана тұнады, жай тұнбай, өзі баураған жүрек пен өзі қонған көкіректі күндей жарқыратып, гүлдей жайнатып тұнады.

«Алып – анадан». Халық даналығы осылай дейді. Ақынның алып болып тумасы – заманнан. Бұл арада анадан алып болып тумаса да, ақын болып туу, «жөргегінде жатқанда-ақ түсіне өлең кірген» тума талант болу қандай қажет болса, сол тума таланттың ақын болып қалыптасуы заманның өз талабынан, өз сұранысынан туындауы да соншалықты басты шарт. Олай болмаған жерде қандай тума таланттың да алыпқа, ақынның алыбына айналуы – қиын нәрсе. Сондай-ақ бойында туа біткен асыл қасиеті, ақындық асық таланты жоқ, бірақ «ө» деп әуелетіп өлең айтып жүрген қалың әуесқойлардың ешқайсысы да алып ақын бола алмаған, заман олардың ешқайсысын да ақынның алыбына айналдырмаған. Анадан ақын болып қана туған Жамбыл тоқсан жыл жасап, жүзге жүзін бұрғанда, заманның алып шекпенінің жағасынан алып ақын болып қайта туды.

Анадан тума талант ақын болып туу да, жүз жыл жасап, заман құрсағынан ақынның алыбы болып қайта туу да жұмырбасты пенденің мандайына жазыла бермейді. Бұл Алланың өмірімен Алланы сүйген құлының ғана пешенесіне жазылады. Жамбыл – Алланың сүйген құлы. Алланың кімді сүйіп, кімді сүймейтінін көріп-білген ешкім жоқ. Алайда оның Жамбылға ауған ықыласын, берген бағын көріп-біліп отырып, Жамбылдың Алла тағаланың сүйген пендесі екенін мойындамау асылыққа апарып соғар еді. Алланың қалауымен замана құрсағынан ұлы жырау, алып ақын болып туған Жамбыл қазақ ақындық өнерінің даму тарихында алға қарай алып адым жасады. Алып адымды ұлы жыраумен бірге қазақ поэзиясы да алып адымдап алға басып, өз дамуының жаңа дәуірін бастады. Сөйтіп, қазақ халқының ақындық ойы, жыраулық өнері бірнеше ғасырлық даму, өркендеу жолын бір Жамбылдың ақындық ғұмырбаяны аясында ғана жүріп өтіп, тарихи ұлы серпіліс, адам айтса нанғысыз ғаламат сілкініс жасады. Мұның өзі қазақ халқының ақындық өнерінің, қазақ халық поэзиясының тұтастай бір қалың шоғырлы таланттарының көзін ашып, көңілін аршыды, елдің ақындық ойын шырқау биікке көтерді.

Сөз өнерінің білгір майталмандарының көпшілігі суреткердің таланты дегенді өмірде көптің көзі түсе бермейтін, көптің көзі көре алмайтын нәрсені көріп, көптің көңілі тани алмайтын құбылысты тану деп түсіндіреді. Бұл орайда, әрине, көптің көзі көрмейтін нәрсені көріп, көптің көңілі тани алмайтын құбылысты танып қана қоймай, солардың бәрін көп таба алмайтын мазмұн мен мәнге бөлеп толғаудың маңызы да жоғары екенінде сөз жоқ. Жамбыл – көп көрмеген шындықты көріп, көп тани алмаған құбылысты таныған, тек өзінше таныған, көп көріп, таныса да, батылы жетіп айта алмаған шындықты батылы жетіп айтқан, тек өзінше айтқан, айтқанда да көп таба алмайтын мазмұн мен көп келістіре алмайтын пішінге бөлеп айтқан, тағы да тек өзінше бөлеп айтқан ақын. Жамбылдың өлең-жыр әлеміндегі даңғылының мәні осында.



Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ,
ҰҒА академигі, Қазақстанның
Еңбек сіңірген қайраткері

Атам қазақ «Дүние бұраңдаған бір қисық жол» деген ғой. Біз — басынан бағы кетіп, астынан тағы кетіп, «Елім-ай»-лап, «Мың өліп, мың тіріліп жүріп» Тәуелсіздікке жеткен халықпыз. Жеткеніміз де бар, кеткеніміз де бар. Бәрін тарих таразылайды, бәрін уақыт саралайды.

Кеңес Одағы тұсында коммунизмнің жаңа қаламгерлерін даярлаймыз деген қызыл ұран болған. Сонда атақты ақын Александр Твардовский «Оу, сендер Александр Пушкинсіз қалай коммунизм құрасыңдар?» деген екен. Сол сияқты жаңа Қазақстан үшін өткенімізді өшірмей, заман желін көшірмей, әділетті сөз айту парымыз ғой деп ойлаймын.

Ұлы Абайсыз, ұлы Жамбылсыз біз қалай жаңа Қазақстанның ұлттық құндылықтарын ұлықтаймыз?! Жаңа Қазақстан ұрпақтары бабалар мұрасына зәру.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамға жаңа форматты түсінік алып келді.

Жаңа Қазақстанды хәкім Абайсыз, Жамбыл жыраусыз құруға бола ма? Болмайды. Бірнеше жыл бұрын Әлем діндері өкілдерінің съезінде марқұм Понтифик Франциск Абай рухын көтеріп кеткен жоқ па? Қазақтың қос ішекті домбырасы туралы айтқан

Жамбылдың Еуропа, Азия халықтарына деген ыстық махаббатқа толы дана да тамаша жырларын біз әрі таңдана әрі сүйіп оқимыз.

Павло Тычина,
украин ақыны



сәтте, ұлы Жамбыл бейнесі бәріміздің де көз алдымызға келді ғой деп ойлаймын.

Кезінде Мемлекет Басшысы Қ.Тоқаев мырзаға арнайы хат жолдап едім. Сол хатымда Ж.Жабаевтың 100 жылдық ғұмырының соңғы 28 жылы Кеңес Одағы тұсында өткенін және ол ақынның қасиетіне де, қасіретіне де айналғанын жеткізген едім.

«...Коммунистік жүйе, оның идеологиясы Жамбылды партияның ұранына айналдырып жіберді. Тек партиялық максат тұрғысынан бағалады.

Алтын қылыш қынабыда жат-

жазғандай «бұл Жамбылдың трагедиясы емес», бұл — Жамбылдың өзінің академияға, университетке айналып кеткенін көрсететін ғажайып ғұмыр, Алла өлең қондырған тамаша тағдыр.

Жамбыл — қазақ ауыз әдебиетінің энциклопедиясы. «Жамбыл — менің жай атым, халық — менің шын атым» деуі ұлы ақынның осы қасиеттерін даралап тұр емес пе?

*«Менің пірім — Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.*

Сырлы, сұлу сөздері,

Маған тартқан сыйындай», —

ретінде Жамбыл баба есімі жасай берді, жасай береді.

Жамбыл поэзиясы — шыншыл поэзия. Өмірді өлеңмен өрнектеген ақын жырларынан қазақ тұрмысының, қазақ қоғамының әділетсіз болмысын шенеген өлеңдері, оның атын ерте шығарған. Әрі Жамбыл үшін поэзия Алланың берген сыйындай қастерлі, қасиетті. Сондықтан да Жамбыл Жабаевтың өлең патшалығына Кеңес үкіметінің тұсында ғана емес, Ресей патшасының боданында жүрген кезде-ақ кіргенін түсіну үшін көретін

ЖАМБЫЛҒА ЖАҢА

Сұлулығы мен күші жағынан теңдесі жоқ Жамбыл жырларын күллі орыс халқы өте жоғары бағалайды.

Михаил Исаковский

пайды. Жамбылды тану үшін жаңа көзқарас, жаңа таным керек» деп жазып едім.

Сонымен...

Ұлы қазақ даласында сан ғасырлық жолдан өткен жыраулық мектеп бар еді. Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспанбет, Жиенбет, Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Қаблisa, Сүйінбай сынды жыраулар өмір сүрді.

Ауыз әдебиетінің алыбы Жамбыл Жабаев та осы жыраулық мектептің соңғы өкілі десе де болғандай еді.

...Жамбыл Жабаев бақытқа поэзия арқылы жетті. Жәкеме өлең жергімен келіп, оның егізіне, серігіне айналды.

*«Өлең тердім жасымнан,
Майкөт ақын, Құлманбет,
Орын берді қасынан», —*

деп ақын Жамбыл тәтемнің өзі айтқандай, өлең ақынның бағын ашты, қоғамдық ойдың тайқазанына салды, халықтық сыннан өткізді. Сондықтан да Жамбыл жыры нәрлі, Жамбыл жыры айқын, Жамбыл жыры қуатты.

Рас, Жамбыл еуропалық білім алған жоқ, Академияны, университетті бітірген жоқ. Бір қаламгер



деп, бұл сөздерді өз жүрегіне бойтұмар етіп, көзі жұмылғанша өлеңге, домбыраға, киелі өлеңге адал болды. Өзінің өмірге деген құштарлығы, адам тани білетін абыздық қасиетінің арқасында замана көшіне ілескенмен, өзін басшылармен де, қосшылармен де тең ұстады.

*«Елімнің азаматын таныс қылған,
Ой жырым, қызыл тілім*

сенің арқаң», —

деп Жамбыл ақын бекер айтты дейсіз бе?

Жамбылдың осындай дара қасиеттерін, қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов тайға таңба басқандай етіп жазып кетті: «Жамбыл — ақыл-ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау бет-бейнесімен аса зор құбылыс. Оның бірі — әрі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны».

Ұлыны ұлы ғана таниды.

Жамбыл бабаның ән-жыры, күйлері мен айтыстары, дастандары қазағымен бірге жасайтын ұлттық құндылыққа айналып кетті. Енді тарих донғалағы кері кетпейді, егемен, тәуелсіз Қазақстанның ұлттық бренді

Жас жігіттей жасарған Жамбыл, Отаның сенің жырларыңды ұмытпайды. Сенің ғасырлық өмірің, шапқын жырларың жайлы даңқ ғасырлар бойы естіле береді.

Әбілқасым Лахути

көз, тындайтын құлақ, мархабаты жүрек керек.

«Сары түнге сарылып,

кірпік ілмей,

Салқын күзде бір жылы

үйді білмей.

Сахарада салақтап күндіз-түні,

Бұралқы ит пен малышының

күні бірдей».

Осы төрт жол жанды сурет, көңілге түскен көркем бейне емес деп кім айта алады?! Ұлы Абаймен үндестік көзге ұрып тұрған жоқ па?! Сондықтан да дарабоз ақын Сүйінбайдан жалғасқан азаматтық поэзияның сарқылмаған бастауын көреміз, ақын сөзіне сенеміз. Ақын:

«Сен тойғанмен біреулер аш

қалып жүр,

Деп ойлама түбінде теріңді алмас»,



КӨЗҚАРАС

— деп аспаннан жай түскендей түйрейді шен-шекпенділерді.

Өмірдің диалектикасы, даланың диалектикасы — осы, шарифаттың жолы — осы. Әр нәрсенің зауалы бар, әр нәрсенің сұрауы бар.

...Қырғыздың ұлы ақыны Тоқтағұл Сатылғанов Сібір тұтқынынан қашып, жолай Жамбыл Жабаевты іздеп келеді. Жамбыл Тоқтағұлды екі-үш ай қасында ұстап, ел қыдыртып, ән айтқызып, халықпен таныстырады. Той-томалақтарға қатысады. Тоқтағұлдың алдына ірілі-ұсақты біраз мал жинап беріп, ат мінгізіп, қырғыз еліне шығарып салады.

Жамбылдың мұндай азаматтық қыры тіпті айтылмайды десе де болады.

...Бірде Жетісуға Садық сұлтан Кенесарин келеді. Алдынан Жамбыл шығады. Атақты Абылай ханның ұрпағы, хан Кененің ұлы Садық сұлтанды қалың қазақ қонақ етіп, қырғызға апармақшы болады.

Бұл хабар қырғыздарға шанышқыдай қалады. Бірақ Садық сұлтанды Жамбыл ақын ертіп келе жатыр дегенді естігенде, сабырға түседі.

Қырғыздар Садық сұлтанды ерекше құрметтеп қарсы алады. Жамбыл сөздің мәнісін айтады. Садық сұлтан әкесі хан Кененің қылышы мен ертоқымын алып кері қайтады. Ақын тағдырындағы осындай деректер санатқа алынбай, еленбей келеді.

Жамбыл Жабаев бабамыздың музыкалық мұралары да әлі толықтай зерттелмей жүр. Атақты жазушы Сапарғали Бегалиннің «Жамбыл» атты өмірбаяндық хикаятында Бесмойнақ ауылында Сыдық Малтақбайұлымен кездесіп, одан Жамбыл Жабаевтың «Абылай шайқамасы», «Қасабек күйі», «Қалжан», «Ердебай», «Сұрмерген» деген күйлерді тартқанын жазады.

Ал Сыдық ата менің үшінші бабам болып келеді. Жамбылдың немере інісі Өмірәлі Жадыра оған «Ыстамбол», «Есім Сержан», «Көрұғлы сұлтан», «Батыр Қалша» және «Төрт жігіт», «Бозінген әнгімесі», «Әбдібектің кертолғауы», «Едігенің Терісқақпайы», «Шортанбай», «Қырғыз Мұратәлі» деген күйлерді үнемі тартатынын айтқан. Ал атақты

Сүйінбай бабамыздың шөбересі профессор Сұлтанғали Садырбаев ағамыз Жамбыл Жабаев қырғыз күйшісі Мұратәлімен күйжарыста екі күйге ғана жеңілгенін жазады.

Жамбыл:

*«Домбыраны қолыма
Он жасымнан алғанмын,
Дәл жетпіске келгенше
Күй тартудан тынбадым», —*

дегені бабамыздың күйшілік өнерін дәйектейді.

Борис Ерзакович 1936 жылы Жамбылдың бірнеше термесін жазып алып, нотаға түсіреді. Кейін профессор Сара Күзембаева, Өнертану ғылымының кандидаты Айнұр Қазтуғанова «Жамбыл шығармаларындағы күйлер» атты зерттеу жүргізді. Енді, Жамбыл бабамыздың осы күйлерін тауып, оны зерттеп, ғылыми және мәдени айналымға қосу міндеті тұр.

Жамбыл жай ғана ақын емес. Жамбыл — күрескер ақын. 1916 жылғы көтеріліс кезінде Жамбыл баба 61-дегі, сол кездегі тіркеспен айтсақ, шау тартып қалған кезі еді. Бірақ ақын жүрек, ақын тілек Жамбылды үнсіз қалдыра алмады. Ақынның дауысы зор естілді, оның дауысы Қастек,

Жамбыл — еркін өскен дала қыраны. Ол бойындағы бар асыл қазынасы — жалынды жырларын өз Отанының пәк өміріне арнады.

Божена Пашкова, чех ақыны

Қаскелең асып, Жетісу бойында қаулаған өрттей ду ете түсті.

Ақын аңсаған азаттық келгенде, Жамбылдың өлені де өзгерді, жыр шумақтары да түрленді. Ақын Кенес үкіметі әкелген жақсылықтарды кәрі жүрегімен, ақындық сезімімен қабылдады. Ақын бақытқа кенелді, ақынның жыры шуақтанды. Ал неміс-фашистері ойран салғанда ерттеулі атқа қайта мінді, ақын жүректен шыққан сөздер жауға снаряд секілді атылды. Әрине, бұл тенеу сөз. Бірақ шындық. Жамбылдың атақты «Ленинградтық өренім» жыр-плакаты, жыр жолдауы 1941 жылы неміс фашистері Ленинградты блокадаға алып, тас құрса-

уға айналдырған кезінде жазылды, жүректен жүрекке жетті.

Өлең Жамбылдың атын шығарды, Жамбыл өлеңнің киесін көтерді. Бұл — талассыз шындық.

*«Қор болмаймын өлгенше,
Өлеңіме-ақ сыйындым», —*
деп жырлап еді ақын баба.

Жамбыл Жабаев шығармашылығындағы аз кеңестік кезенді бөліп алып, соған орай ғана баға беруге бола ма? Әр заманға сол замани кезеннің көзімен, сөзімен қарап бағалау — тарихи әділдік!

Мұны сол заманда-ақ Мұхтар Әуезов: «Халықтың ғасырлық жырының бірден-бір тірі куәсі әрі жыр алыбы болғандықтан, қанша жерден миына құйып жатса да, партиядан емес, тек халқынан қорыққан. Ал бұл реттен келгенде, бізде үкімет пен партияны көзсіз жырлап, одан сөзсіз қорыққан адамдардың аз болмағанын тарих растайды», — деп жазуы кейбір адамдардың жосықсыз сынына жауап болады ғой деп ойлаймын.

Аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Еңбек Ері, жазушы, марқұм Әбіш Кекілбаев «Жыр патшалығының алыбы» атты мақаласында: «Жамбыл — большевиктердің саяси өтірігі мен көз бояуының перзенті емес. Жаңа Өкіметке Жамбыл жалпақшешей болған жоқ, керісінше, Өкімет Жамбылға жағымпазданды... Өйткені қазақ даласындағы сөздің абыройы тым биік екені жаңа өкіметке жақсы мәлім болатын», — деп кейбір жаңсақ, негізсіз пікірлерге нүкте қойды.

Жамбыл бабам:

*«Уа, әлеумет, құлақ сал!
Қария Жамбыл жырласын!
Мен сөйлемей кім сөйлер,
Заманам менің сырласым», —*

деп еді. Заман өзгерер, уақыт зымырар, бір-ақ өзгермейтін бірақ нәрсе, ол — құрыштай құйылған Жамбыл бабаның өлендері.

Бұл күнде ұлы жырауға Санкт-Петербургте еңселі еркерткіш қойылған. Анкарада да ақын бабамыздың ескерткіші бар. Кезінде осы ескерткіштің ашылуына арнайы шақырылып, сөз сөйлеп едім. Киевте де Жамбыл бабамыздың ескерткіші сол қалпында тұр. Кеңестік жүйенің құндылықтары жойылып, талқандалып жатқанда, Жамбыл жырау ескерткіші гүлзармен көмкеріліп, көз тартады. Украин Үкіметі Жамбыл жырларының қуатын, халықтық сипатын жоғары бағалайды. Коммунистік жүйенің жетекшілері жөніндегі жырларын партияның зорлап таңғанын ашық мәлімдеді. Осылай, Жамбыл рухы мәңгілік екенін көрсетеді.

Бүгінгі ұрпақ абыз Жамбылға коммунистік идеология тұрғысынан емес, тәуелсіздік идеясы тұрғысынан қарай бастады. Жамбылға жаңа көзқарас басталды...

Хақім Абай ақиқатты айғақтады, Жырау Жамбыл ақиқатты жырлады...

28 ақпанда жыр жампозы — Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толмақ.

Құтты болсын, ағайын!

ШЫН ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН СӨЗ

Жамбыл халықтың не заман аңсаған арманын Алатаудың тасқын суындай тасыта жырлады. Ол жыр айтқанда, шырқау көкке самғаған қыранды еске түсіреді.

Әлкей Марғұлан

Қазақ әдебиетінің мақтанышы Жамбылдың патриоттық жырлары — дүниежүзіндегі ақ ниетті адам баласының бәріне ортақ қазына. Оның біздің тілге мол аударыла бастаған шығармаларынан Канада халқы да зор ләззат алатынына менің сенімім мол.

Дайсан Каргер,
Канада жазушысы,
қоғам қайраткері

Жамбыл — халық поэзиясының ғасыр жасаған емені, ақындық еңбектің батыры, туған халқының мақтанышы.

Максим Рыльский,
Андрей Малышко,
украин ақындары



Жамбыл өзінің сан миллион еңбекшілердің ой-арманын терең суреттеген дарынды да дана жырларымен халық поэзиясының қандай көркем философиялық биік шыңға көтеріле алатынына көзімізді жеткізіп, дәлелдеп берді.

Юрий Соколов

Жамбыл — шындығында, әлі де игерілмей жатқан Қазақстан жыр байлығының ең жоғарғы көрінісі, биік шыңы.

Константин Алтайский

Көшпелі сөз зергері, жыр айтудың көшпелі академиясы Жамбыл туған жерінің тауы мен даласын ұзақ жылдар талмастан кезумен өткізді.

Марк Тарловский

Мен Жамбылды 1937 жылы Грузияда Шота Руставели тойында көрдім. Оның суырып салма ақындық өнердің өрен жүйрігі екенін бірден танып, күні бүгінге дейін оның дарынына бас иіп, құрметтеп жүремін.

Мамед Рагим



Серік НЕГИМОВ,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері,
Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Ұлы Дала кеңістігінде, көркем жаратылыс аясында өркен жайған сахна әдебиетінің дүлдүлі Жамбыл шығармашылығы өз алдына жеке бір тарихи дәуір іспетті. Ұлттың қанындағы, жанындағы, рухындағы, сана-сезіміндегі, тіліндегі, жауһар қасиеттерді Жамбыл жырау мөп-мөддір, тап-таза күйінде екінші мыңжылдықтың құшағына жеткізді. Жамбылдың жыр керуені үшінші мыңжылдықтың табалдырығынан салтанатпен аттады. Сөздің гүлін, даналық мәйегін туындатқан, аузынан дүрлер төгілген Жамбылдың тұтастай табиғатына жыршылық; күйшілік; шежірешілдік; дас-таншылық; айтыскерлік; орын-даушылық тән. Оның синкретті өнердің түрлерін мінсіз жетік меңгеруі, оның импровизаторлық, айтқыштық-тапқырлық қабілетіне қатысты. Көркемдік ойлау жүйесі, көркемдік қиялы, өнегелі ортасы, өнерпаздық тегі — Жамбылдың дария шығарымпаздығының кепілі.

1943 ЖЫЛ, 4 ЖЕЛТОҚСАН. І РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АЙТЫС

Жамбылдың анасы Ұлданның нағашысы Канадан деген баксы, айтулы күйші-қобызшы, балбармақ домбырашы екен. Жалайыр тайпасынан шыққан. Асан қайғының желмамен жортып жүріп тартқан күйін Канадан орындағанда тыңдағанның бойы қорғасындай балқиды екен.

Бірде Канаданды қарақшылар тонады. Тау койнауында жалғыз күй кешіп, жеміс теріп қоректеніп жүріп, қурайдан сыбызғы жонып, жапан даланы үлдетіп-гүлдетіп, еліктің лағының дауысын келістіріп жеткізіпті. Содан бір еліктің емшегі иіп, сүті сорғалап, Канаданды емізіпті. Міне, Канадан туралы аңыз осындай. «Менің балаларымның біреуі аса бақытты болса керек еді, нағашы атамның қобызының қылы менің тегіме оралып еді, осы қысықтан бірдеме шықпаса», — дейді екен анасы Ұлдан.

Сапарғали Бегалиннің көрсетуінше, Жамбыл «Ыңғайтөк», «Сұрмерген», «Басылбай», «Күйшілбай», «Ұран күйлері», «Көрұғлы сұлтан күйі» тәрізді күйлерді тартқан. Бұл жөнінде Өмірзақ, Үмбетәлі, Ыбырайым дейтін көз көргендер айтады екен (Бегалин С. Жамбыл. Өмірбаяндық хикаят. Алматы, «Жалын», 1996, 125—127 беттер). Задында, Жамбылдың күйшілігі музыкалық есту қабілетін шебер, айқын танытты, оның суреткерлік болмысын дәлелдей түсті. Импровизаторлық дарынның өзі — ұшқырлыққа, суреткерлікке, көркемдік логикаға сабақтас, төркіндес құбылыс. Жамбылдың асқан импровизаторлық өнерінің миуа жемісі — айтыстарындағы ой, тіл тапқырлығы, сезім шынайылығы, ұлттық өзгешілік, мәнерлілік, сымбаттылық, нәзіктік, интеллектуалдық-мәдени тәжірибе. Әрине, Жамбылдың музыкалық-күйшілік қабілет-қарымы қыруар жыр-толғауларды, дастандарды жойқын шабытпен туындатуға өлшеусіз ықпал жасаған. Мысалы, «Өтеген батыр» дастанын шығару үдерісінде Асан қайғының сарынын қолданған.

Дала өмірінің білгірі, тарихтың да, ғарыштың да, ғайыптың да көмескі көне сырларын, ұшқындарын, суреттерін сөйлете алатын жаратқыштық қуаты ересен жыр жампозының:

*Есімде жоқ осы жыр
Қайдан, қалай алынған.
Мұны ызындап даладан,
Жырлаған ескен жел маған.
Бұл жырды мен естігем,
Тағы құлжа үнінен.
Бұл жырды мен естігем,
Бұлбұлдың тәтті күйінен.
Бұл жырды мен естігем,
Тулаған толқын дөңінен.
Бұл жырды мен естігем,
Жұлдыздың аққан көгінен, —*
деген жолдардағы поэзиялық суреттеулер ақынның ойлау жүйесінің танымдық-тағылымдық сипатын танытады.

Әу баста Ұлы жүз елінде «Жер өлең», «Су өлең», «Тау өлең» айтушылар, қайым айтысты қоздырушылар ересен мол болған. Бұл дәстүр Жамбыл заманында да кең қанат жайған. Ұлы жыршы о баста жарапазан, тойбастар айтуға машықтанады. Сонан соң Сүйінбайдың Тезекпен және қырғыз ақыны Қатағанмен айтыс-

*Қамбардың қара қасқа атындай,
Мен саламын желіске.
Құйрығымды түйген соң,
Қанатымды сүзген соң,
Жел аударған қаңбақтай,
Сел аударған дөңбектей,
Келді сөйлер кезіме,
Үлкен аға, кіші іні
Сөйлеп бір енді берейін:
Қас жүйрікті айттайын,
Шапқан сайын үдеген,
Алыстан тоят тілеген.*
Жамбыл жыршы асты ұйымдастырушының мерейін осылайша өсірген. Жамбылдың жалын-дап, жарқылдаған ақындық даңқы Сарыбектің асында да асқактайды. Қырғыз еліне де әйгіленді. «Менің өз ақындығымды қойшы, қырғызға мені таныстырған осы Сүйінбай өлеңдері», — дейді.

«Қара дауыл құйындай, сөзі бұрқаған» Жамбылдың үздік импровизаторлық өнерін, алғырлық-тапқырлық қабілетін шыншылдыққа

*Неге мұнда келдің деп,
Ақиландың сен неге?
Мен Шапырашты ұлы едім,
Алтыннан қылыш сермеген!
Топты жерге барғанда
Саулап тұрған сөз едім...
Жаулы жерге барғанда,
Атам деп оқталған,
Көк берен болат кез едім
Саурық шыққан басынан
Көк шыбықтай иіліп,
Ерлік қылған жасымнан.
Кіндік жерден дұшпанын,
Дабылымен қашырған...
Қылышы қия шабылған...
Найзасын тасқа түйреген.*
Сондай-ақ эмоционалды-экспрессивтігі мәні күшті, ұтқыр теңеулерді қисынды қолданады. Мәселен:
*Дұшпанды жерді көргенде,
Арыстандай жұлқынған...
Үш күн, үш түн соғысып,*

«Еділ менен Жайықтай

тарын ел ішінде айтып жүреді.

«Жұлып алғандай тауып айтатын, ойып түскендей шаншып айтатын» Бөлтірік шешен: «Атың Жамбыл болса, көкірегің даңғыл болар» десе, Сүйінбай: «Тіліңнің үйірімі, сөзіңнің ұыты бар көрінеді» депті, ал Сәт баласы Темірболат: «Тілі тиген жерін ойып түсетін у қорғасын» деп бағалайды.

Жамбылдың заманында ой-мұхитынан маржан терген айтыс өнерінің дүлдүл көгі Сарбас, Шаншар, Қуандық, Әрім, Қожантай, Бармақ, Әсел, Құл, Құлыншақ ақындар мен Қосай шешен («Жиреншедей тілі бар Ер Қосай»), Сарыби, Салтанат бәйбіше сынды ділмарларды атауға болады.

Жамбылдың айтыс өнері тарихындағы бел-белестерін тізіп өтер болсақ, Сайкал қыз (1864—1865), Жаныс ақын (1866), Бөлектің қызы (1870), Бактыбай (1872), Бұрым (1873), Айкүміс (1874), Сара (1875), Сары тәрізді ақындармен арадағы сұре айтыстарын ерекшелеп айтудың жөні бар. Әрбір айтыстың тарихы — бір-бір дастан. Бұл айтыстарға суреткерлік, тапқырлық, терендік тән. Сезімді жетектейді, ойынды жарқыратады, тілінді түрлендіреді.

Жамбылдың импровизаторлық өнерінің жарқын айғақтары, мінсіз жаратындылары — айтыстарында дәстүрлі рухани құндылықтар, ұлттық болмыс, ұлттық дүниетаным, ұлттық тілдік қасиеттер келісті өріліп тоқылған. Жамбылдың пайымдау қабілеті, пікір айту мәдениеті жоғары. Көркемдік логикасы ретті.

Жамбыл жарапазан, тойбастар айтып, жаршылық қызметімен жүргенде, ел жайлауда отырған бір әдемі той салтанатында Қыдырма қызы Бұрым сұлмен көңіл қосады. Бірақ оның есік көргені бар еді. Ел арасы бүлінетін болғандықтан, Сарыбай алдырмайды. Бұрымға деген ғашықтық ақынның арманшыл жүрегін, көңілін серпілтіп-оятып, сөз бұлағын еркін ағытуға жол ашады.

*Айрылдым арманменен, қайран, Бұрым,
Айдай еді толықсыған аппақ нұрын.
Алдандым, аяғымды шалыс бастым,
Білмедім жан ашымас аға сырын, —*
деп жырын, сырын толассыз толғайды.

«Мен Бұрымды Құтырғанның суынан алды-ма алып өткенде, ай жарық еді. Аяқ киім су болады деп, кебіс-мәсіні шешіп екеміз де балақты түріп алдық. Сонда Бұрымның балтырының ақтығы сондай, айға шағылысып еді», — деп Жамбыл қымыған екен.

Бөлектің қызымен қағысуының да тарихы қызық. Мұның мәнісін Жамбылдың өзі былайша баяндайды: «Тауға беттеп бара жатқанда қалың көшке жолықтым. Көш алдында 9 түйе жетелеген құла қасқа атты қызға көзім түсті. Ер-тұрманы саф күміс, кигені дүрия-торғын, салтанатты қыз екен. Не де болса қатарласа жүргім келді. Жетегімдегі торы шолақты камшылап, қызға қатарласа кеттім. Бір-екі рет суық қарап қойды да, қыз өлеңді қоя берді. Біраз айтысып едік, шешесі тоғыз беріп, тоқтатып қойды».

Сарыбайдың асында Жамбыл ақбоз атқа мініп, жоқтау шығарды.
*Үлкен саздың басында,
Кішісаздың қасында,
Сарекемнің асында,*

суарылған сипаттамалардан көруге болар еді. Мәселен, Қалқаны «қанжар ақын», Қуатты «түйгын ақын», Үмбетәліні «қара жорғам» деп атаған. Өмірзақ Қарғабаевты көргенде жұлып алғандай Жамбыл: «Таутекенің сақалындай, немесе сақалың шошандап кеткен. Басың немесе тұз түйген келсаптың басындай боз ала болып кеткен», — деп күлдірген! Есдәулет Қандековке «Суықтөбенің суыр аңдыған қонырала бүркіті сияқты қайдан келдің?» дейді екен. Милиция пұшық Жұмыққа «Шеміршек болған жылқыдай танауың шелтиіп келдің бе?», дәрігері Досымбекті «Қалжаға сойған қойдың мұжыған мойын омыртқасы құсаған неме», өзінің ұлы Аққұлыны «Інірде ұшқан қара қоныз дарылдаған неме», ағайыны Әбілді «Судағы тай қоныз құсап жалпылдаған ененді...», өзінің келіні Фатиманы «орыстың асыранды қазындай байпаңдаған келін», немересі Қуандыққа «Жылбысқы қозының елтірісіндей бет-аузы жып-жылмағай екен» дегендері ел жадында.

Жамбылдың айтыстағы шеберлігі, оның айтыс жырлары да соншалықты биік сәулетке ие. Атап айтқанда, ішкі қуаты, серпіні айрықша, әсерлі, нәзік, сыпайы. Жамбыл айтыстарының тілі мағыналық байлығымен, образдардың ассоциациялық және мейлінше әсерлігімен, сан қилы бояуларымен, сан алуан семантикалық ағыс-толқындарымен, нұрлы қасиеттерімен өзгешеленеді. Жамбыл тілінің семантикалық құбылысы небір сырларға, психологиялық, этнографиялық, тарихи, магиялық белгілерге бай. Айтыс ақынының образды сөздері бейне бір бейнеліктің ұйтқысы, ұйымдастырушысы іспетті, яғни сөз бен мәтін аралығындағы күрделі, көп қыртысты, көп қабатты байланыстарымен өзара әсер тудырады. Айтыс үстінде туған бейнелі сөздерде кербез сурет, нәзік сезім, бекзат көңіл, кестелі ой, көңіл күй хошы көрініс тапқан. Осынау асыл сөздер — ел, жер, халық тарихымен, халықтың дүниетанымымен, шаруашылық кәсібімен, салт-дәстүрлерімен тамырлас құбылыс.

Жамбыл Сарбас ақынмен айтысында еркін көсіледі. Ой-қиялға суарылған нағыз тапқыр сөздер, айшықты, нақышты оралымдар, гауһардай құбылған сырлы, нұрлы сөздер нөсерлеп төгіледі.

Шуу дегенде тілінің үйірімі, сөзінің ұыты бар Сарбас екпіндеп сөйлейді. Дулат тайпасының атынан сөйлеген ол алқалы жиынның, толқынды топтың алдында елінің байлығын, бектігін, көптігін, ерлігін айтып, Жамбылға «Шапырашты кенедей», «қысқа жібі шолтаңдап, күрмеуіне жетпеген», «кедейлік басынан кетпеген» деп тиіседі. «Ерегіспе менмен, езіледі алқымың» деп асқактайды.

Кезек Жамбылға тигенде, Сарбас шыққан Дулаттың шежіресін таратып, қасиетті Домалақ ене жайлы баяндап,
*Құр мақтанға жармасқан,
Сен — Дулаттың бір езі, —*
деп бетін бір қайырып, мағынасы терең, ойы кен, поэзиялық сипаттауларға бай, шымыр тоқылған жолдарды ағытып қоя береді. Мәселен, былайша:
*Сарбас ақын менмін деп,
Нан пісіріп кеудеңе,*

*Жауды шөптей жапырды...
Жылмып қашқан қояндай,
Дулаттың батыр дегенін,
Сол уақытта сақтаған
Сұраншы біздің ер еді...
Бұришақ ұрған жайлауда
Былжырайсың шөптей боп.*
Ақындық дарынын, шабыт қабілетін айтқанда, мынадай халықтық тұрақты теңеулерге жүгінеді:

*Ағыным — ақ боз аттың ағынындай,
Дауысым — аққан суың сарынындай.
Екі бетте тамтық жоқ, Құдай ұрған,
Қазып алған құрайың орнындай...
Сен отырсың шал болып, шөкімдей боп,
Мен отырмын жас жігіт өрімдей боп.*
Жамбыл айтыс үстінде ауыз әдебиетіндегі өрнек-сарындарды да шебер пайдаланып отырады.

Сондықтан фольклорлық стилистика ұлттық сөз саптау ерекшеліктерінің тууына әрі ұлттық сананың қалыптасуына зор септігін тигізеді.

Жамбылдың Саурық батырға деген ілтипат-құрметі өлшеусіз. «Саурық еді арыстан» дегені, негізінде, халықтық-поэзиялық ауыстыру болып саналады. «Саурықтай болат батырдың, алтын нұр толған ішіне» деген бейнелі сөйлемде соншалықты зор поэзиялық қуат бар. Бейнелі, өрнекті ой сөзге әсерлілік дарытқан және де ақындық қиялдан, қырағы бақылаудан, өмірлік тәжірибеден туған ділмарлық сөздер тыңдаушыны бейтарап қалдырмайды.

Жамбылдың Құлманбетпен айтысында қазақ тілінің інжу-маржан моншақтары, туырылып жатқан байлығы барынша жарқырап көрінеді. «Тен жорға төрт ағым бірдей шабыс» деп Құлманбеттің өзі айтқандай, ақын небір өткір ойларға бөленген, образды және эмоциялы суреттеу, мәнерлеу тәсілдерін білгірлікпен, зергерлікпен қолданады. Қарсыласын «Қыстың күні қар астында қалған шөптейсің» деп менсінбейді. Басқаларды да «Өлеңші толып отыр көбелектей» деп пысырмайды. Құлманбет ақын қас-қағым сәтте поэзиялық ой мен мағынаға кемел салыстыруды айтыстың логикалық қисынына орай туындатып отырады. Сөйтіп, айтар ойларын әсерлі, мәнерлі, көркем етіп жеткізеді.

*Болғанда, мен — ақсұңқар, сен — бір тауық,
Сен — әтеш айғайлағыш ауық-ауық...
Ашулансаң, аспанды тастап жібер,
Сен де аянбай қимылда барлығыңды!*

Жырмен дауыл тұрғызатын түйгын ақын Жамбыл ақын өз кезегінде:
*Сөйлесем, өлеңімді түтпен бермен,
Құйылар сөз нөсері көктен, жерден, —*
деп, «оң мен солдан будақтатып сөйлеген» айтыс өнерінің дүлдүл көгі небір жан толқытарлық поэзиялық ауыстыруларды дарқан дарынының арқасында ақтарып салады. Әрі осы поэзиялық ауыстыру ақын тілінің байлығын тудырады, өмір-дүние құбылыстарын, адам жанының әлемін сипаттауға, суреттеуге мол мүмкіндік жасайды.

Жамбылдың дамыту әдісін соншалықты терең игергені мына түйдекті жолдар толық айқындайды:

А, Құлманбет, Құлманбет,
Ағып жатқан сумен кет!
Сумен кетсең, ел шер,
Судан шыққан бұмен кет!
Онда да кесірің тиеді,
Қызарып батқан күнмен кет!
Күн де қайтып шығады,
Оттан шыққан күлмен кет!
Күлден де ауру шығады,
Қараңғы тұман түнмен кет!
Түн де қайтып келеді,
Асқаралы таумен кет.
Тауды да халық мекендер,
Кесірің жүзғар, Құлманбет,
Қу пәлекет, армен кет!

Айтыскер ойды, мағынаны тереңдетіп, буырқантып, күшейтіп, үстемелеп, жаратылыстың жағымды, жағымсыз құбылыстарының қасиет-белгілерін шеберлікпен тізбелеп береді. Сөйтіп, қарсыласы ой мен сөздің екпінді тасқынына шыдай алмай, беті қайтады, жеңіледі.

да танылады. Сипатталатын құбылыстың ерекшеліктерін ұқсастыру, ауыстыру тәсілдерінің өзі ақынның сол құбылысқа деген көңіл күйін, көзқарасын, тебіренісін танытады.

Жамбыл Сүйінбайдың ақындық тұлғасын санқылдаған сұңқарға, ал өзімен сілкілесіп жатқан Досмағамбетті жалаңдаған аш бөріге, күйкентайға, шықылдаған сауысқанға теңеп сөйлейді. Бір құбылыстың елеулі жақтары екінші көріністің ерекшеліктерімен айқындалып, салғастырылып отыруы, аса бір көркемдік дәлдікпен шендесуі, образдың ойға көмкерілуі айтыстың көркемдік келісімін, кестесін көрсетеді. Осындай ақындық қуаттың құдіретімен астарласатын, өлең сөздің әрекеттілігін, әсерлілігін арттыратын, кимыл-қозғалыстың сан алуан реңктерін қалтқысыз бейнелейтін: самғаймын, дүбірлеп, иірем, күйындап, теңселген, т.с.с. көптеген сөздер бар. Поэзиялық әсемдік пен көркемдік кимыл-қозғалыс әлемінде де өмір сүретінін көреміз. Олардың әрі мағыналық, әрі эмоционалдық мәні бар.

келді деген соң, «Жетісудың айбынды ерлері» Сұраншы, Саурық, Сыпатай, Байзақ, Бөйсейіттер Кенесарыға еріп келген өңкей ержүректерге қосылып, «Алатауды сілкіткендей бір қалың, қайратты қол құралыпты», «Кенекеннің Жетісуға келгенін Сүйінбай бәріміз жырмен айтушы едік» деп еске түсіреді (*ҚР ҰҒА, Орталық ғылыми кітапхана, №1328*). Ұлы жыршы «Кенесары Ұлы даланың рухы мен киесі, Тәуелсіздігі мен қаһармандығының шарайнасы» екенін бек түсінген.

Осы орайда Жамбылдың «Сыздыққа» деген арнау өлеңі 1946 жылғы шығармаларының толық жинағында жарық көрді. Жинақтың түсініктемесінде былай делінген: «Сыздық — Кенесары баласы (*орыстар Садық, Сыдық дейді*), атақты батыр, жауынгер. Орталық Азияда патша үкіметіне, хандарға, Қытайға қарсы халықтың жауынгерлік күресін бастаған (1860–1877). Сыздықтың батырлығы жайында тамаша, қызықты халық әңгімелері, жырлары ел аузында көп тараған». Бұдан әрі арнау өлеңінің шығу тарихына, Сыздық сұлтан мен Жамбыл

айрықша құбылыс. 1943 жылдың 8 тамызында республикалық ақындар айтысын өткізу жөнінде арнайы шешім қабылданды. Мақсаты — айтыс өнерін халық кәдесіне жарату, ел мүддесіне қызмет еткізу, пәрменді қуатын айбынды қару ретінде қолдану, елдің рухын асқартатып, ердің егесте есесі кетпеуі үшін айбатты болуға жігерлендіріп, намыс отын лаулату.

1943 жылдың 4 желтоқсаны. Қазақтың мемлекеттік академиялық опера және балет театры. Сахнада — көз сүйіндірер ою-өрнектермен нақышталған қазақтың киіз үйі. Майталман ақпа ақындардың қасында айтыстың сәні мен салтанатын арттырып, көрерменнің көзайымы, қазақтың ай мен күндей ару қыздары Шара Жиенқұлова, Рахия Қойшыбаевалар орын алған. Республикалық айтысқа еліміздің әр өңірінен келген халық ақындары қатысты. Атап айтқанда, әйгілі халық ақындары Жамбыл, Доскей, Нұрпейіс, Кенен, Шашубай, Қуат, Орынбай, Қазанғалп, Майасар, Нартай, Нұрлыбек, Нұрхан, Сәттігүл, Жақсыбай, Мол-

зырқырап Жамбыл сөйлесін!»



Сайып келгенде, ақын негізгі халықтық сөздік қордан емін-еркін сусындап, жадында берік ұстаған, керек жерінде кез келген сәтте төгіп-төгіп жіберуге дайын. Ой-сезім иірімдерін терең, толық сұлу сипаттауға тілі жетік.

Жамбыл мен Шашубай айтысында ақындық қиял, шабыттан туған асыл сөз тізбектері аз емес. Сөз бәсекесіне түскен ақын қарсыласын ықтыру үшін өзі туралы, ақындық өнері жөнінде биіктете сөйлейді. Бір ретте Шашубай өзі жайында:

*Желге ұқсап ұйтқып соққан дауылдаймын...
Сайратқан Орта жүздің бұлбұлымын.
Табаным қызған сайын бұлдыраймын...
Жүйріктің шартараптың тұзын татқан,
Өлеңмен сөзді желдей құйындатқан, —*
деп тебіренеді.

Сонымен бірге Шашубай Жамбылға «Жайындай өрге жүзген қадамдысын» деп оның да өнерін қадірлейтінін білдіреді.

Асылы, сөз майданында өнер көрсеткен ақындар бір-бірімен тең әрі аузылы, алуынды болса, олардың аузынан кесек-кесек ойлар, уытты сөздер ақтарылатын сияқты. Бір-бірінің қытығына тиіп, намысын қоздырып, шабытын тұтатып, жігерін жанып, жүрек теренінде жатқан асыл ойларды, тұнық сезімдерді қозғап, мөлдіреген әдемі, суретті сөздермен кестелейді. Өз кезегінде Жамбыл да есесін жібермейді. Мәселен:

*Асылдан ұшқан қылаудай,
Өлеңнің дария кенімін,
Еділ менен Жайықтай,
Зырқырап Жамбыл сөйлесін.*

Поэзиялық образ жасайтын ажарлы, көркем ауыстырулар мен келісті, нақысты теңеулер бір-бірімен жарасым тауып, ақпа ақынның алғырлық, тапқырлық, зеректік қабілетін мәлімдейді.

Жамбылдың Досмағамбет ақынға айтқан сөзіндегі: «Шын қызсам, сөзім — жалын, домбырам — найза», «құйындап көпке шапқан мен бір пырақ», «мен — қорғасын сақамын, сен — ұтылғыш кенейсің», «мен бір соққан дауылаз», «өткір қылыш алмаспын», «ағып жатқан селдеймін» деген ауыстырулар эмоционалдық қатыстылықты, суреттелген құбылысқа мейлінше жақындықты танытады әрі өлең сөздің көркемдік әуенін толықтады, түрлендіріп, құбылтады. Негізгі ой екінші бір құбылыстың сыр-сипаты арқасын-

Табиғат дүниесіндегі жансыз нәрсеге жанды нәрсенің қасиетін қосып, ауыстырып бейнелейтін «Тенселген дүбіріне тау менен сай» дейтін кейіптеу мен «жайдың оғы», «сөз дауы», «сөз қанжары», «ерліктің оты», «Сөзбен жанын емдеймін» сияқты метафоралық сөз тіркестері айтысты ажарландыра түскен.

Құбылыстар ұқсастығын жіті байқағыштық, балама жасаудағы бақылағыштық, жөпелдемеде суреттелетін заттың немесе құбылыстың сипатын танытатын екінші бір зат пен құбылыстың жөнін тауып, жарасымды жанастыру, яғни қазақ тілінің байлығына сүйеніп, дүниені әуендік, кескіндік, пішіндік тұрғыдан танып, терең жырлаушылық Жамбылдың ой-өрісін, ішкі сезім дүниесін, рухани байлығын, көңіл толқынын, білік-парасатын аңғартады.

Жамбылдың Шыбыл шалмен қағысындағы бейнелі жолдары ой-қиялды тербетіп, жанды серпілдіреді.

Жамбыл — өз халқының тарихын, елеулі оқиғаларын, ерен қайраткерлерінің өмірін терең білген жыршы, шежіреші. Жамбылдың елтану, жертану білімінің тереңдігін, тұлғалық кемелдігін, тарихи зерделілігін, өз дәуірінің геосаясатын (*отаршылдық езгіні*), тарихи-саяси ақпараттарын түсінуін Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілістің мәнісіне байыпты көзқарасы нақты дәлелдейді. Мәселен, өз заманының баһадүрлері Кенесары, Наурызбай «Қазақты орысқа бермеймін деп, Сарыарқада соғыс салды». Шегірткеше қаптаған патша әскері Қазақ елінің Көкшетау, Есіл, Нұра, Баянауыл, Қарқаралы сияқты жақсы жерлерін тартып алды. Жамбыл Кенесары «жаудан жеңілетін ер ме еді» деп өкінеді де, ел ішіндегі «іріткі салушы», «дұшпанға болысушы» ішмерез, екіжүзді опасыздарды түйрейді. Қара құйынға қарсы ұшқан қырандардың аулы, мал-мүлкі таланғандықтан, үй-іші, бота-тайлағы тұтқындалғандықтан, мұздай қарулану үшін Кенесары, Наурызбай жасағымен Балқашқа бет түзеп, одан әрі Лені жағалап, Шу бойын сағалап, сонан соң Қордай өңіріндегі Тайшыбек батырдың аулына тұрақтайды дейді де, «атағы жер жарған» Хан Кене, Ер Науан

жыраудың арақатынасына тоқталады. Сыздық Кенесары баласы 1880-жылдар шамасында Жамбылмен жолығып, дидарласып, ең соңында жолдас болып кеткен. Сыздық батыр 1884 жылдарда қырғыз жерінде, Сарыбағыш биі Орман ауылына келеді. Қырғыздар үй тігіп, мал сойып, құрметтейді. Қырғыз бен қазақтың он жеті ақыны жиналыпты. Солардың ішінде Жамбыл да болып, кейін өзінің хатшысы Ғали Ормановқа Сыздық сұлтан жөнінде былайша баяндапты: «Мен сендермен шабысқалы келгем жоқ, табысқалы келдім. Сендер де туысқанымсың. Жан ашуы үстінде әкемді өлтірдің деп кінә қояр жайым жоқ, жалғыз-ақ тілегім әкемнің сүйегін бер, аталарына қосайын, алтын жүзігін бер — қолыма салайын, сарқасқа ерін бер — астыма мінейін, бұйымтайым осы-ақ еді», — дейді. Содан Кенесарының ері мен жүзігін беріпті, сүйегін қай жерде екенін білетін кісі дүниеден өтіпті дейді.

Сыздық сұлтан ердің басын қанжармен қатты тіліп, жіліншік-жіліншік алтындарды алады. Содан соң «Әкемді өлтіруді білсеңдер де, алтының алуды білмеген екенсіңдер, уақысы жоқ, бұйырған нәсіп қой» деп қалтасына салды дейді.

Енді Жамбылдың «Сыздыққа» деген өлеңін келтірейік:

*Сәлем бердім, алдияр,
Орын бердің қасыңнан.
Сен бір қалған көз едің,
Кенесары асылдан.
Сыздық атың жайылды
Бұл өңірге жасыңнан.
Айбатыңды көргенде,
Дұшпандарың бас ұрған.
Даңқыңды естіп жүруші ем,
Шартарапқа шашылған.
Ақ жүзіңді көрген соң,
Енді мауқым басылған.
Ауылға жүр, қонақ бол,
Атан алып, ат мініп,
Ағайынға беріп қол,
Аттанарсын, Сыдеке,
Ата жолы деген сол!
Арнау келіп алғаның
Алтын жүзік, сарқасқа ер,
Атаңыздың аруағын
Сыйлайды екен бір тайпа ел.
Екеуінің қалғаны
«Он бір жсыра» деген жер.
Оны айтты ағайын,
Іштен шыққан қайғы-шер.
Атаның не арманы,
Іздеп келіп артынан
Бата қылса сіздей ер!*

Лидерлік, патриоттық мінезге ие Жамбыл 1916 жылғы Қарқара ұлт-азаттық көтерілісінің бастаушыларын қолдады. «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» дейтін сес толғауларында патша, губернатор, ұлық, шабармандарға халық атынан қарғыс оғын жаудырып, сайтандық әрекеттерін әшкерелеп, ит әуресін шығарды.

Патша жандармы ызаланып, халқының ақыл-ойы, абызы Жамбылды бір топ көтеріліс көсемдерімен абақтыға жапқан-ды.

Ұлт руханиятының тарихында айтыс өнері —

дахмет, Болман, Ғалия, Омар, Жолдыкей және басқалар. Әділқазылар алқасының мүшелері — Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мектептер бөлімінің меңгерушісі Б.Исабеков, саяси-ағарту жұмыстары секторының меңгерушісі С.Ахметов, академик К.Сәтбаев, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өнер істері басқармасының бастығы С.Толыбеков, Қ.Қуанышбаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, К.Байсейітова, А.Жұбанов.

1943 ЖЫЛ, 4 ЖЕЛТОҚСАН. І РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АЙТЫС

Өлең-жырды орысшаға аудару ісімен Ғайша Шәріпова бастаған ақындар тобы шұғылданды.

Айтысты жазушы Ғабит Мүсірепов ашып, Ұлы даланы намысты толғауларымен тербеген, буырқанған жанды сөз бояуларымен жігерлендірген Қазтуған, Доспанбет, Шалқиз, Жиембет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар сынды шарболаттай шамырқанған жыраулардың көзі, айтыс өнерінің шамшырағы, ұлттық ауызша поэзия тарихындағы арғы-бергі ғасырлардың үздік дәстүрлерін, асыл қасиеттерін бір басына жинақтап, сәтті тоғыстырған «қыран затты» тұлға, ғасыр куәгері Жамбылға сөз берді.

*— Алатаудан, Арқадан,
Ақындарым, келіңіз,
Тілдерінен бал тамған,
Жақындарым, келіңіз.
Ертіс, Еділ, Іле, Сыр,
Бас қосқалы келіңіз.
Жүрген жері думан-жыр,
Сендер елге көріңіз!»*

деп толқынды, отты, қуатты толғауын бастаған Жамбыл ақын Сүйінбай мен Қағаннның, Кеншімбай мен Орынбайдың, Сарбас пен Майкөтін, Құлыншақ пен Қуандықтың, Шөже мен Кемпірбайдың ақындық дәстүрлерінің мықты желісін, алтын арқауын босатпай ұстап, өлең-жырды көк дауылдай боратып, шарықтап, шалқындыр, толғанып шабыттанып, тасқынды тебіреніндер, сөз нәсерін селдетіндер, миуасын теріндер, өнер бәйгесінде қарыштап алға шығындар, батырлық, ерлік күндердің толғауын төгіндер деп жар салды.

Әділқазылар алқасының шешімімен Жамбылға түйе мінгізіп, иығына шапан жауып, сегіз мың сом ақшалай сыйлық берілген (*ҚР Орталық мемлекеттік архиві, Қор 1778 СПК, Тізе 1, Іс 206*).

Жамбыл өнернамасы, ғибратнамасы — ғасыр эпопеясы, «Замана жайы — терең сыр, Замана жыры — бітпес жыр» деуі айғақ. Ой қазынасы — Қазақ елінің көркемдік энциклопедиясы.

Сөз зергерінің философиялық қағидаты, халықтық қасиеті («Халық — менің шын атым»), гуманистік ұстанымы мынау:

*Адамдықты айт, ерлікті айт,
батырлықты айт,*

Ел бірлігін сақтаған татулықты айт!

Жаһандану жағдайында тағдырға тиянақ темірқазық идея осы.



**Нағашыбек
ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,**

*Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, жазушы*

Жамбыл – екі ғасырды бастан кешкен, жүз жасаған қазақтың ұлы ақыны. Көзі тірісінде ХХ ғасырдың Гомері, жыр алыбы атанған ол зор құрмет, орасан атақ-даңққа кішілікпен қарап, өз ауылында қарапайым замандастарымен бірге тұрмыс-тіршілік құрып, жүріп жатты.

Оның өлең-жырларын тек тоқсан жасқа келгеннен кейін ғана жазып ала бастады. 1936 – 1941 жылдары ол он мың жол өлең шығарыпты. Ал Ұлы Отан соғысы жылдары үш мың жол өлеңін хатшылары жазып алған. Осы орайда ақынның хатшысы болған белгілі ақын-жазушылар Қасым Тоғызбаев, Қалмақан Әбдіқадыров, Ғали Орманов, Тайыр Жароков, Қапан Сатыбалдиндер жыр алыбының ғұлама суырып салмалығына таңғалып, естеліктер қалдырған. Жыр алыбының тоқсан жасқа дейінгі мұхиттай сапырған өлең-жырлары, әттең, шіркін, жазылып алынбай қалғаны қандай өкінішті дейсің осындайда. Тіпті 1945 жылғы 9 мамыр күні «Біз фашистерді жеңдік!» деп сүйінші сұрай келген жұрттың алдында қырандай сілкініп, канаттанып, қайраттанып айтқан өршіл рухтағы ұзақ жыр да жазылып алынбады. Ал жазып алынған шығармаларына кеңестік идеологияны сыртқы ықпалдың күштеп қостырғаны да байқалады. Өйткені әр ақын – өзі өмір сүрген дәуірдің перзенті.

Жамбыл 1846 жылы, 28 ақпанда қазіргі Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданындағы Жамбыл тауының етегінде дүниеге келді. 15 жасында Сүйінбайдан бата алды, жақын туысы Сарыбай би Айдосұлы ағалық қамқорлық көрсетіп, біржола ақындық жолға түсуіне айрықша қолдау жасады. Жас кезінде Түркістан өңірінде, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Сыр бойындағы атакты жыршы, шайырлардың қасында болып, түркі әлемі мен бүкіл шығыстың қисса-дастандарын үйренді, талай алкалы жиындарда өлең айтты.

Ол – жай ақын ғана емес, дастаншы эпик ақын, «Манастан» бастап «Қыз Жібекке» дейінгі эпос-дастандарды танды таңға соғып мәнеріне келтіріп жырлайтын ірі жыршы-жырау, тіпті «Көрұғлы» дастанын өз жанынан қосып, толықтырып он бес күн талмай жырлағанын көргендер аңыз ғып айтты, жазып кетті.

Ал ақын есімін ерекше шығарған қыры – айтыскерлік. Ол көптеген айтысқа қатысып, үнемі жеңіске жетіп отырған. Атакты құлан аян Құлмамбеттей бұлбұл, дүлдүл ақынды жеңгеннен кейін атағы аспандап, бүкіл

қазақ-қырғыздың бас ақыны атанды, сай келетін айыскер қалмады.

1912 жылы қырғыз даласында Шәбден манаптың ұлан-асыр асы ұйымдастырылып, қазақ-қырғыздың барша жыршы-ақыны бас қосқан жерде Жамбылды бас ақынымыз деп, сыйсияпатын беріп, төріне отырғызып, зор құрмет көрсеткен. Ал 1913 жылы ақпанда Верныйда Романовтардың патшалық құрғанына 300 жыл толуына арналған той өткізіледі. Жамбылға «Осыған орай патшаға өлең арна», – деп дінкілдегенде «Өстепкеде» деген әжуа-сықақ өлеңін айтқаны үшін, жасауылдар абақтыға бір түн қамайды. Ел толқынынан үркіп, ертесіне босатады. Аласапыран 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы кезінде қалың бұқара

фуллин 1931 жылы Алматыда «Қазақ әдебиетінің нұсқалары» атты жинақ құрастырып шығарды. Мұнда да Жамбыл жөнінде қысқа мағлұмат бар. Ол келесі жылы «Қазақ әдебиетінде» Жамбылдың Құлмамбетпен айтысын жариялады.

Сонымен Жамбылдың өлең-жыр, толғаулары әуелі ауызша туды, одан хатқа түсіп, газет-журналдарда жарияланды. Шығармалары жеке кітап болып тұңғыш рет 1937 жылы Мұхаметжан Қаратаевтың алғысөзімен «Өлең жырлары» деген атпен басылды. Келесі жылы «Стихи и песни», «Путешествие на Кавказ» деген атпен Мәскеуден орыс тілінде шықты.

1938 жылы Жақан Сыздықовтың құрастыруымен «Жамбыл» деген ат-

Сондықтан да ол жаңа басылым болып саналады.

Жыр алыбы атанған өнер иесінің осындай жаңа басылымы Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының дайындауымен «Жазушы» баспасынан 1982 жылы көпшілікке жол тартты. Араға ширек ғасырдай уақыт салып шыққан ақын шығармаларының академиялық осы екі томдығының ғылыми принциптеріне келсек, біріншіден, бұрынғы басылымдардағыдай бұл жолы да жанрлық, жанр ішінде хронологиялық тәртіп сақталды. Бірінші томға революцияға дейінгі өлеңдері, айтыстары, екінші томға совет дәуіріндегі өлең-жырлары, толғаулары мен дастандары, хикаялары

ЖАҢАНДЫ ШАРЛАҒАН

Жамбыл – ақыл-ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау бет-бейнесімен аса зор құбылыс. Оның бір өзі әрі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны.

Мұхтар Әуезов, академик

халықпен бірге Жетісудағы көтеріліс басшысы Бекболат Әшекеев қасында болып, елге жігер берген жалынды өлеңдерін шығарады, бостандық алу керегін айтады. Көтеріліс жеңіліс тауып, Жамбыл да қуғыншылардың қолына түсіп, абақтыға қамалады. Міне, Жамбыл – кеңес заманына дейін-ақ өзінің дара даналығын танытқан тарихи ірі қайраткер, ақындығы мен азаматтығын мойындатқан бірегей тұлға.

Жамбыл шығармалары алғаш қашан баспасөзге жариялана бастады?

Бұл жерде мына бір тарихи деректі ортаға тартамыз. 1925 жылы Ташкент қаласында шығатын «Терме» журналында қазақ ауыз әдебиетін зерттеуші ғалым Шамғали Сарыбаевтың «Халық әдебиеті және оны жинау жолдары» деген мақаласы жарияланған. 1922 жылы, 9 маусымда Ұзынағашта қазақтың көрнекті ақын-жыршылары бас қосып, өнер көрсетіп, айтыс өтеді. Осы шараға қатысқан ақындардың өмірбаянын, білетін өлеңдерін, дастандарын жазып алып, суретке түсірген Шамғали Сарыбаев «Терме» журналында осы жиынға қатысқан ақын-жазушылар жайлы былай деп қалам тербейді:

«Жабайұлы Жамбыл. Жасы – 68-де, жылы – қоян, аздап сауатты, тұратын жері – Ұзын Қарғалы болысы, 4-ауыл.

Жатқа білетін өлеңдері: «Көрұғлы» дастаны, «Ерназар-Бекет», «Сүйінбай мен Қатаған айтыстары», «Садыр патша мен Жамбыл патша заманы», «Тезек төре мен Сүйінбай», «Жамбыл мен Құлмамбеттің айтысқаны», «Шалтабай» дастаны және шежірелер мен терме өлеңдер».

Бұл Жамбылдың баспасөз бетінде алғаш жариялануы еді. Сәкен Сей-



пен Алматыдан қазақ тілінде шыққан өлеңдер жинағы көлем жағынан едәуір қомақты еді. Оған қарт ақынның арғы-бергі дәуірде айтқандары біршама енген.

1939 жылы «Сұраншы батыр» дастанын Жамбылдың өз айтуынан жазып алған әдеби хатшысы Қалмақан Әбдіқадыров болатын. Бұл 1940 жылы орыс тілінде жеке кітап болып жарық көрді.

1946 жылғы жинақ әлдеқайда толығырақ. Мұнда қарт ақынның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өлең-жырлары мен толғаулары толық қамтылды.

Бұл жылдары ақыннан қалған сөз үлгілерін жинау мәселесі әлі тоқтамаған еді. Бұрынғы басылымдарда кеткен кем-кетіктерді жөндеп, жаңа өлеңдерін қосып, ең таңдаулыларын ғылыми негізде бастырып шығару міндеті күн тәртібінде тұрды. Сонымен оның үш томдық шығармалар жинағы 1955 – 1957 жылдары жарық көрді. Бірінші томға революцияға дейінгі өлеңдері мен жырлары, екінші томға совет дәуіріндегісі (1924 – 1938 жылдар), үшінші томға 1939 – 1945 жылдардағы өлеңдері мен жырлары енді. Әр басылымда бұрынғы жетістіктер мен кемшіліктер ескеріліп,

енді. Бұрынғы басылымдардағы түсіп қалған, қысқартылған шумақтар, өлең жолдары, қате басылған сөздер, есімдер ретке келтіріліп, бір ізге түсірілді.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Жамбылтану және халық ақындары ғылыми-зерттеу институты 2014 жылы Жамбыл Жабаевтың 4 томдық толық шығармалар жинағын шығарды. Бұл игі істе жалпы редакциясын басқарған филология ғылымдарының докторы Бекен Ыбырайым мен жауапты шығарушы Рафат Әбдіғұловтардың көп еңбектенгенін атап өткеніміз жөн.

Жамбылдың туғанына 150 жыл толған мерейтойына орай екі томдық таңдамалы жинағы шықты. Оны құрастырғандар: Несіпбек Айтов, Мылтықбай Қараев, Жұмат Тілепов, ал жалпы редакциясын басқарған – филология ғылымдарының докторы, профессор Сұлтанғали Садырбаев. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған бұл қос томдықта архивтен табылған қолжазбалар негізінде Жамбылдың Құлмамбетпен, Досмағамбетпен, Сарыбаспен айтыстарының бір ізге түсірілген текстологиясы жасалып, әр түрлі себептермен түсіп қалған өлең шумақтары қалпына келтірілді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жамбыл атындағы филологиялық ғылыми зерттеу орталығы 1916 жылы Жамбылдың екі томдық жинағын шығарды. Мұның сыртында 1971 жылы М.Етекбаевтың құрастыруымен таңдамалы бір томдығы, 1986 жылы Мәскеуде Әбдіжәміл Нұрпейісовтің алғысөзімен таңдамалы жинағы орысша басылып, жарық көрді. Әр жылдары шығармалары орысша басылып, кітап болып басылды.

Жамбылдың туғанына 170 жыл толуына орай бірнеше игі шара өтті. Ұлы ақынның әлі толық зерттелмей келе жатқан бір қыры – оның әндері мен күйлері. Қазірге дейін қырықтан астам ән-әуені, оннан астам күйі белгілі. Осыған байланысты қазіргі Жамбыл

мемлекеттік дәрежеде ауқымды шаралар атқарылды. Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырмасымен «Қазығұрт» баспасы Жамбыл Жамбаевтың он томдық шығармалар жинағын (құрастырушы – Н.Қапалбекұлы) шығарды. Бір қуанарлық жайт, Алматыдағы Ұлттық кітапхана ұжымы Жамбылдың баспасөзде жарық көрген шығармаларының барлығын тізімдеп, ғылыми бір ізге түсіріп, қазақша, орысша, ағылшынша библиографиялық анықтамалығын құрастырды. Алматы облысының әкімдігі мерейтой қарсаңында «Жамбыл әлемі» атты отыз томдық жинақты басып шығаруға қаржылық қолдау көрсетіп, көмек берді. Бұл көптомдық – қазақ әдебиетіндегі үлкен құбылыс, мол олжа!

Жамбыл өмірге жымыя қарап, сынап өскен ақын еді. Оның ойлы көздерінің түбінде, қашан да бір сықақ ұшқыны тұратын!

Ғабит Мүсірепов, академик

халықаралық ұйымы ғылыми конференция өткізген еді. Жиын қарарында «Жамбыл – түркі әлемінің бас ақыны» деген баға берілді. Міне, сондықтан да «Жамбыл – түркі әлемінде» атты жинақта қырғыз, өзбек, башқұрт, якут, түрік тағы басқа да түркітілді ғалымдар мен жазушы, қайраткерлердің ой-пікір, ғылыми мақалалары топтастырылды. Ал музыкалық мұралары – нотасы мен ән-күйлеріне, зерттеуші ғалымдардың ой-толғамдарына жеке бір том арналды.

Жамбылтанудағы бүгінгі көзқарас қандай, өткен дәуірде нендей естелік-пікірлер айтылды? Осы мәселелерді кеңінен қамтып, жамбылтануды кезең-кезеңге бөлдік. Кеңес дәуірінде

Елбасы Н.Ә.Назарбаев мазмұнды баяндама жасады. Жамбыл елінде мыңнан аса киіз үй тігіліп, бәйге өткізіліп, той жалғасты. Шыңғыс Айтматов: «Мен әлемнің көптеген тойына қатысқан жанмын. Бірақ Жамбыл тойындай нағыз халық тойын, ақын тойын көрген жоқпын. Өте әсерлі, мазмұнды керемет ұйымдастырылған мерейтой болды», – деп жазды.

XX ғасырдың Гомері атанған Жамбылдың туғанына 175 жыл толуына орай мемлекеттік комиссия құрылып, біраз шара атқарылды. Жамбыл облысы айтыс ұйымдастырды. Бірнеше жоғары оқу орны мен мәдениет мекемелері ғылыми конференциялар, кештер

Жамбыл өлеңдерінің сұлулығы мен күші оның бейнелілік (образды) сипатында.

Сұлтанғали Садырбайұлы, профессор

ЖАУҒАР ЖЫР

филармониясының директоры (сол кезде Құрманғазы оркестрінің директоры) Нұрғиса Дәуешов екеуіміз Алматыдағы Жамбыл филармониясында «Жамбылдың ән-күйлері» атты үлкен концерт ұйымдастырдық. Оған «Құрманғазы», «Отырар сазы» оркестрлері, хор капелласы, атакты әнші-күйшілер қатысты.

Гумилев атындағы Еуразия университетінің ректоры Ерлан Сыдықов Мәскеуде Жамбыл жайлы кітап жазып шығарды. Шымкенттегі Әуезов атындағы университет «Жамбыл феномені», Қостанай мемлекеттік университеті «Өсиет», ал Талдықорғандағы Жансүгіров атындағы университет «Ұлы даланың ұлық жырауы» атты жинақтарды менің дайындауыммен шығарып, оқырмандарға ұсынды.

Кезінде ректорларға кіріп өтініш жасап жүріп, әл-Фараби атындағы ұлттық университеті мен Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінде Жамбыл ғылыми-зерттеу институты мен орталығын аштырған едім.

Жалпы, Жамбылтануға қазақтың көрнекті ақын-жазушылары, оқымысты ғалымдардың барлығы дерлік атсалысты. Әсіресе докторлық диссертация қорғаған Мырзатай Жолдасбеков, Сұлтанғали Садырбаев сүбелі үлес қосты. Академик Сейіт Қасқабасов теориялық жағынан терең зерттеген ғылыми кітап жазды, ал 2010 жылы «Аударма» баспасы Жәкеңнің алғысөзі мен түсініктемесі бар шығармаларын орыс тілінде шығарды.

Көркем әдебиетте, прозада Жамбылдың толыққанды еңбегі жазылған жоқ деуге болады. Кезінде Павел Кузнецовтің «Мұратына жеткен адам» атты саяси ұстанымы басым публицистикалық романы жарық көрген еді. Академик Уәлихан Қалижанұлы ақын ғұмырнамасы жайлы роман-эссе жазып, тарту етті. Менің «Бала Жамбыл» повесім және Досан Жанботаевтың бітпей қалған шығармасынан басқа прозалық шығармалар жоқ. Боллашақта іргелі де сүбелі прозалық дүние жазылады деп сенеміз.

Жамбыл атамыздың туғанына 175 жыл толған мерейтойына орай



Жамбыл – жүз жасаған адам, соның 85 жылы ақындықпен өтті. Ол – әлеуметтік және жеке өміріндегі сөзінің көбін өлеңмен сөйлеген кісі.

Сәбит Мұқанов, академик

Көптомдықтың көлемді бөлігі Жамбылдың өзінің шығармаларына арналған. Атап айтқанда, алғашқы үш томдығына ұлы ақынның өлең-жырлары топтастырылды. Одан кейін С.Мұқанов алғысөзін жазып, 1946 жылы жарық көрген жинағының толық нұсқасы берілді. Негізінде мұндағы шығармалары – Жәкең көзі тірісінде өзі айтып, жаздыртып, қайта тыңдап, сүзгісінен өткен сом дүниелер. Оның бірде-бір әрпін өзгертпей, түпнұсқасын тұтас сақтай отырып, екі томға беруді жөн деп санадық.

Жамбылдың таңдамалы бір томдығы орыс тілінде ұсынылды. Бүгінге дейін ұлы ақын шығармалары әлемнің 160 тіліне аударылса, алғаш рет халыққа бұрынғы Кеңес Одағында орысша шыққан шығармалары арқылы танылды. Сондай-ақ дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылған Жамбыл өлеңдерінің негізгілерін іріктеп «Жамбыл – әлем тілдерінде» деген атпен бір том әзірленді. Т.Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясы мен ТҮРКСОЙ

жазылған естелік-пікірлерді бір том, тәуелсіздік жылдарындағы зерттеулерді бір том және дәл бүгінгі күндегі пайымдаулар мен зерттеулерді «Жамбылға жаңа көзқарас» деген атпен бір том етіп шығардық.

Жамбыл «Соғыс бітті» деген қуанышты хабарды естіп, 1945 жылы 22 маусымда жүз жасқа жеті ай қалғанда дүниеден озды. Өзінің аманат, өсиеті бойынша ұлы ақын ауылындағы баққа жерленді. Келер жылға дейін бейітіне үлкен күмбез тұрғызылды, жүз жылдығы деп асы берілді. Жерлеуіне де, жүз жылдығына да Қазақстанның басшылары түгел қатысты, атакты ақын-жазушылардың бәрі келді. Жүз жылдық жиында Мұхтар Әуезов баяндама жасады.

Жамбылдың туғанына 125 жыл толған мерейтойы Жамбыл ауылында, музей алдындағы дала сахнасында өтті. Оған Д.А.Қонаев бастаған Үкімет басшылары, СССР Жазушылар одағының бірінші хатшысы С.Марков және он бес одақтас республикадан келген жазушылардың үлкен делегациясы қатысты. Ақын Әбділдә Тәжібаев баяндама жасап, өлеңін оқыды.

Ал енді, 150 жылдық мерейтойында көптеген игі шаралар өткізілді. Сүйінбай ақынның музейі ашылды, Жамбыл ауылындағы музей мен мектеп күрделі жөндеуден өтті. Алматыдағы Республика сарайында өткен салтанатты кеште

өткізді. Бұл орайда Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті халықаралық айтыс ұйымдастырып, «Жамбылдың мәңгілік жарқын жолы» атты (құрастырушы – Т.Тебегенов) кітап шығарды. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Жамбылдың 3 томдық академиялық толық жинағын халыққа ұсынды.

Былтыр Жамбылдың ұстазы Сүйінбай Аронұлының 10 томдық толық шығармалар жинағын әзірлеп, шығардық. Бұл істе әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев көп көмек көрсетіп, көптомдықты университет баспасынан шығарып берді.

Ұлы ақынның биылғы атап өткелі отырған 180 жылдығына орай ауқымды шаралар белгіленуде. Атап айтқанда, Ұзынағашта Жамбыл дәстүрін жалғастыратын өнер мектебі салынып, пайдалануға берілмек. Белгілі ғалымдар, жазушылар мен зиялы қауым өкілдері Жамбыл шығармашылығын, ғұмыр жолын жаңаша көзқарас тұрғысынан талдап, таразылап «Жамбыл және бүгінгі дәуір» атты жинақ әзірлеуде. Мұны ҚазҰУ-нің Жамбыл атындағы филологиялық ғылыми зерттеу орталығы дайындауда.

Сондай-ақ Ұлттық кітапхананың ғылыми хатшысы Қанат Алтынбеков Қырғызстан, Өзбекстан мұрағаттарындағы Жамбыл мұрасы жайлы зерттеу кітабын жазды. Жазушы, өлкетанушы Исламжан Иминов те ұлы ақын мен бүгінгі талантты ұрпақтары жайлы жинақ дайындауда. Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы биылғы жылды түркі әлемінде кеңінен атап өтуді жоспарлауда. Әр аудан, әр мектеп биыл көктемде 180 ағаш көшетін отырғызса, Жамбыл мерейтойына үлкен тарту болар еді.

Жамбыл – мәңгі зерттеле беретін, зерттеген сайын айқындалып, мұзарт шыңдар секілді айбындалып, алыстан айшықтала көрініп, биікте тұратын тарихи тұлға. Жамбылдың жауһар жырлары жылдар мен ғасырларды көктей өтіп, қазақ халқымен бірге жасай береді.



Айтмұхамбет ҚАСЫМОВ,

журналист-жазушы,
филология ғылымдарының
кандидаты

Міне, осынау бір аса қарапайым да қазақты ақынның көп құжаты Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатында (қор № 180, 703 іс) сақтаулы. Оның ішінде өзі пір тұтып, қатты сыйлаған қазақтың жүз жасқа жеткен алыбы Жамбыл жайлы да біраз дерек бар екен. Және жайлы архивтегі сол материалдардың ішінен риясыз достықты паш ететін, жүрек-жарды сезім мен алғыстарға толы біраз құжаттық деректі іріктеп отырып, оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

Соғыс сұрапылдарында қаламгерлердің қаруы ерлікке бастар өткір жырларының күші жауға жасындай жауған жауынгер оғынан кем болған жоқ. Сондай шығармалардың елеулісінің бірі – көпшілікке жақсы таныс, Жамбылдың «Ленинградтық өренім» өлеңі:

*Ленинградтық өренім!
Мақтанышым сен едің,
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін...
...Жабықпағын, Ленинград,
Сап-сап болып қол барар,
Қорғап сені ол қалар,
Талай майдан алда бар,
Жанышталар айдаһар!
Жата алмаймын төсекте,
Жаным қалай жайланар!
Құс ұйқылы көнемін,
Қайтіп ұйқы көремін!
Жетсін деймін сендерге,
Жыл құсындай өлеңім,
Қаласындағы Лениннің
Сайыпқыран өренім!*

«Бұл арнаулы көзге жас, көңілге қуаныш толмай оқуға болмайтын еді. Қазақстан халқы бізге туыскандық сәлемін, сүйіспеншілігін, достығын білдірді. Біз күшімізді еселей жинап, ұрысқа кірдік», – деп жазды сол кезде Ленинград майданында жүрген жазушы В.Вишневский.

«...Мен түнгі соғыс дабылынан ұйқы көрмей, қабақтары шарт түйілген адамдардың арасында тұрдым. Солдаттар мен офицерлер, теңізшілер, противогаз киген көк комбенизонды қыздар – барлығы да Жамбыл жырын шын көңілмен дүниенің көз көріп, құлақ естімеген қиын шағында туған адамынан келген хаттай оқып жатыр...» – дейді өзінің естелігінде белгілі орыс ақыны, қазақ әдебиетінің үлкен досы Николай Тихонов.

Оның қуатты әсерін дәлелдеп жатудың өзі артық. Және сол «Ленинградтық өренім» атты өлеңіне келген П.Кузнецовтың жеке архивіндегі мына жауап хаттарды оқысаңыз жетіп жатыр.

Шығыс Қазақстандағы Үлкен Нарын топырағында дүниеге келген журналист, жазушы жерлесіміз Павел Николаевич Кузнецовтың осы Кенді Алтай топырағында туған өзі құралпы орыс жазушылары шоғырынан ерекшеленіп, қазақ оқырманның жүрегіне жақынырақ тұратындығы – ең алдымен, Жамбыл жырларын алғашқылардың бірі болып орыс оқырманына жете танытуы. Қазақтың тілін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін бойына жақсы дарыта білген ол Орынбай, Тайжан, Алмабек, Қаратай сынды халық ақындарының өлеңдерін де тәржімалап, Тайыр Жароков, Ілияс Жансүгіров, Қасым Аманжолов, Әбілда Тәжібаевтармен творчестволық тығыз ынтымақта болған. Сәбит, Мұхтар, Мәлік сияқты жазушы, ғалымдармен, әсіресе соғыс жылдары жақынырақ достасып, үзбей хат жазысып тұрған. Шетте жатқан Өскемендегі «Прииртышская правдадан» (қазіргі «Рудный Алтай») бастап, республикалық, өлкелік газет-журналдарда, дивизиялық «За Родину» газетінде, одақтық «Правда» мен «Советский Союз» журналында еңбек етіп, үлкен журналистік жолдан өткен. П.Кузнецов «Жамбыл – Ыстыбайдың немересі» атты екі томдық тарихи-өмірбаяндық роман жазып, елуінші жылдары жариялады.

ЖАМБЫЛ МЕН ПАВЕЛ

«Қымбатты Жамбыл!»

Ленин қаласының төбесінен төнген қаһарлы күндері «Ленинград правдасының» (4.IX.1941 ж.) беттерінен сіздің «Ленинградтық өренім» атты өлеңіңізді оқыдық.

Патриотизм рухымен суарылған, адамды бүкіл болмысымен жауға қарсы шайқасқа үндейтін өлеңіңізді зор ықыласпен оқып шықтық және сол үшін сізге үлкен алғысымызды білдіреміз.

Ұлы Отан соғысына арналған сіздің жаңа шығармаларыңызды күтеміз.

Бұрынғы қазақстандықтар (В.М.Молотов атындағы Қаземмедина институтының қызметкерлері) бүгінгі әскери дәрігерлер Ю.В.Букин, С.Р. Қарынбаев. 7.IX.1941 ж. Ленинград қаласы.

«Ленинград правдасы» газетінің редакциясына.

4-күні сіздер Жамбылдың ленинградтықтарға жолдаған хатын бастыңыздар. Оны оқып шығып, мен оны жауапсыз қалдыра алмадым. Мына жауапты Жамбылға жолдауларыңызды өтінемін, өйткені мен оның нақты мекенжайын білмеймін. Хаттың тигендігі жөнінде хабарлаңыздар, қажет деп тапсаңыздар, менің жауапымды газетке жариялаңыздар.

Ленинградтықтар – сенің өренің,

Қазақ халқының жарық жұлдыздай ақыны Жамбылға Үнді халқынан бауырластық сәлем. Ол бақытты қазақ халқының өмірін терең, толғана жырлаумен өз заманының ұлы ақыны болып қалды.

Рабиндранат Тагор,
Үнді жазушысы

*Жамбыл – елдің мақтаны.
Жолдайды ыстық сәлемін,
Қиын-қыстау шақтағы.
Ақын деп өзімді айта алман,
Бұрқанған жырым жоқ менің.
Сендегі нұрдан ой алған,
Өлеңім осы, сөкпегін.
Мен үшін қымбат өлеңің,
Әдейлік, әсірелеу жоқ онда.
Ұйқысыз түндер іздерін,
Көріп күә болам да.
Анық маған, Ленинград жалқы емен.
Барша ел, Қазақстан бір сапта.
Дабылыңа елітті күллі әлем,
Күш берді батыр ұрпаққа.
Ұзақ ғұмыр тілейміз саған,*



*Тілейміз саулық, күш-қуат.
Ойларыңнан бастау алған,
Шырқалсын жырың жалындап.*

Шын ықыласты пейілмен Всеволод Зубчанинов, №... полкы ротасының ерікті жауынгері, В.М.Молотов атындағы Ленинград технологиялық институтының профессоры.

Тағы бір ленинградтық жауынгер Евгений Зубков былай деп толғанады:

*Жамбыл ақын, алаң болма,
Балтықтың соқты күшті желі.
Нева бойы алғы шепте,
Жайрады жау жендеттері,
Жамбыл ақын, алаң болма!*

*Ленинградтық өрендерің сенің –
Бір Одақтың балалары.
Сын сағатта қорғап елін,
Бөлінген жоқ аралары.*

*Қамал бұзар жырларыңды,
Әлемге Москва таратты.
Қайталайды сұңқар үнді,
Еділ, Орал, Қиыр Шығыс
Және Британ аралдары...*

Жамбылдың есімі Одақ оқырманына бұдан бұрын да таныс болатын. Бірақ орталық баспасөз беттерінде жарияланған осы «Ленинградтық өренім» өлеңінен кейін, сұрапыл соғыс жылдары Жәнеңнің есімі зор құрметпен аталып, оның өлеңдері окоптарда, блиндаждарда шайқасқа шығар алдында жауынгерлік ант болып жатталды. Қоршаудағы ленинградтықтар көшедегі оның плакаттарын нан кезегіне тұрғандай төзімділікпен, бойларына қуат құяр қасиетті дұғдай жаттады. Жауынгерлер, командирлер, байтақ елдің әр түкпірінен

колхозшылар, комсомолецтер мен пионерлер ыстық ықыласқа толы лебіздерін білдіріп, Алатаудағы жыр алыбына хаттарын жолдап, қонаққа шақырып, көптеген басылымдар мен редакциялар өтініш айтып, тапсырыс беріп жатты. Оның ішінде ұшқыш Георгий Дзюбонның, Қызыл тулы І-Қиыр Шығыс майданы командирлері, № 399 госпиталь басшылығы, Челябинскіге көшірілген Киров атындағы Ленинград трактор зауыты ұжымының, Мәскеудегі зағип балалар институтының, Одесса, Белгород, Ногинск, Мәскеу, Қырғызстан комсомолецтері мен пионерлерінің жүрек сезіміне толы хаттарын тебіренбей, қазақ халқын елге танымал еткен Жамбыл бабамыз үшін кеудені кернеген мақтаныш сезімінсіз оқу мүмкін емес. Сөз құдіретіне еріксіз табынасың...

«Құрметті Жамбыл!»

СССР Байланыс Халық комиссиясының «Байланыс хабаршысы» бұқаралық қорғаныс журналының редакциясы 1-май нөміріне жариялау үшін өлеңдеріңізді жіберуіңізді өтінеді.

Журналдың Қырғызстан бойынша тілшісі **И.М.Новиков. 2.111. 42 ж.**

Фрунзе қаласы.

«Аса құрметті Жамбыл!»

Сталинград майданының «Сталин туы» газетінің редакциясы сіздің Сталинградты қорғауға арналған «Алынбас қамал» атты өлеңіңізді алғандығын хабарлайды. Редакция ұжымы және бізбен бірге майдан жауынгерлерінің барлығы сізге, халқының ұлы жыршысы, шын жүректен алғысымызды айтамыз. Сіздің тамаша өлеңіңіз жаумен шайқас-

тағы Сталинград қорғаушыларының бойына тың күш қосып, жауға деген өшпенділікті еселей түседі. Оның әсіресе қазақ жауынгерлерін ерекше сезімге бөлейтініне кәміл сенеміз...

«Сталин туы» газетінің жауапты редакторы, батальондық аға комиссар **И.Половнинин.**
4.XI.42ж».

«Сталинград маны.

Қазақ халқының ұлы ақыны, өзіміздің аса қымбатты Жамбылға!

КУЗНЕЦОВ

Біз, бір топ майдангер қазақтар, сізге хат жазайық деген шешімге келдік. Ұлы орыс халқының ұлдарымен бірге, белорус, украин, әзербайжан, Совет елінің басқа да халықтары өкілдерімен бір отбасындай болып біз де фашист басқыншыларымен аяусыз ұрыста Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңіп алған жетістіктерін аянбай қорғаудамыз. Туған даламыздан неше мыңдаған шақырым қашықта жүрсек те біз өзіміздің туған жерді, Советтік отанымызды – өзіміздің Қазақстанды қорғап жүргенімізді жақсы түсінеміз...

Біз, аяулы Жәке, сіздің алдыңызда жаумен арыстанша алысып, майдан даласында оларға даңқты Советтік Гвардияшылар ретінде аяусыз соққы беруге салтанатты түрде ант етеміз!...

20. 10. 42».

П.Кузнецов өзінің әйелі Натальяға жазған хатында да өзінің ақын атасын ұмытпай, сәлем айтып жатады. 1941 жылғы 18 қарашада «...Леня Суминға, Володя Чугуновқа, Тайыр Жароковқа көп-көп сәлем айт. Олар менің өтінішімді, маған берген өз уәделерін – Жамбылдан бір хабарды тезірек жіберсін. Қарттан ең құрығанда бірнеше шумақ өлең жолдаса, бізге қандай үлкен көмек болар еді...» – деп жазады.

Ақынның жеке архивінде Жәкеннің Павел Николаевичке жазған хаты, Кузнецовтің Жамбылға жазған хаттары да бар екен. Солардың кейбірінен үзінді келтіре кетуді де жөн көріп отырмыз.

Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

Сәкен Сейфуллин

«Павел балам!

Ғалиға жазған хатың арқылы хабарыңды білгемін. Тумасаң да туғандай болған едің, амандығыңды естіп, қатты қуандым, қарағым...

...Павел қарағым, араларыңнан атағы жер жарып шыққан батыр жігіттерге сәлем айт, Жамбыл атасынан. «Бәрекелді, балаларым, ризамын» депті де. Ердің ерлігі осындай заманда көрінеді ғой, тегі...

...Сөз қысқасы сол, балам, бәріннің

қолдарыңды қысып, беттеріңнен сүйдім, қарақтарым. Тойларыңның ішіндемін. Күліп-ойнап көріселік.

Атаң Жамбыл. Январь, 1943 ж.

Жамбыл жырлары – Бұғымүйіз, Бесмойнақ жайлауларының гүліндей алуан түрлі. Қош иісі күншілік жерден аңқып тұрады. Ақын жырын тыңдаған сайын көк жайлауға шыққандай әсер аласың.

Ілияс Жансүгіров



«Қымбаттым, айналайын, өзімнің Жәкем!

...Хатыңызды землянкалар мен окоптарда орысша және қазақша қызыға оқып, сізді өзіміздің жанымызда отырғандай сезіндік.

Айналайын, Жәке! Сіздің аманатыңызды ұлдарыңыз адал атқаруда. Төлеуғали Әбдібеков – «Пахта-Арал» совхозынан келген мерген, немістің 259 барымташысын жайратты (*әскерге сол жақтан шақырылған, өзі Жарма ауданының тумасы. А.Қ.*). Ол – өте өжет жігіт және адал дос. Бауыржан – үлкен командир, жақында өз әскерімен немістерге қирата соққы берді. Ол – ержүрек және ақылды әскербасы. Дихан, Ахметжан, Балтабек, басқа да көп жігіт осында, майданда...

Өз семьяңыз аман-саулықта ма? Тезекбай, Алғай, Марыш қайда? Жартыбай тірі ме? Өз қолыңызбен еккен алма бағы өсіп қалған шығар, биыл төрт жыл болды ғой. Жеміс берді ме, алмалары үлкен бе?

Ақалтеке тұқымдас Ақтұяғыңыз қалай, бұрынғыша Ұзынағаш жылқылары үйірінің көркі болып жүр ме? Атым-ақ, өзі бар ма?

Жәке! Айтарым көп-ақ, бірақ барлығын хатқа сыйғыза алмай отырмын. Бауыржан, Балтабек, Митя Снегин («Ұзын жігіт»), Құрманбек, Ахметжан, Төлеуғали, гвардияшыл панфиловшылардың барлығы да өзіңізге балалық сәлемдерін жолдайды.

Денсаулығыңыз жақсы болып, уақытыңыз мүмкіндік берсе, бізге бір хат жазыңыз, өзіңіздің қанатты сөздеріңіз бен жүрекжарды өлеңдеріңізді жолдаңыз.

Өзіңізді қатты құшақтап, ыстық жүрекпен сүйші балаңыз Павел.

Дала почтасы 95926 - С. **П.Н.Кузнецов»**

Алмастай өткір өлеңдері арқылы есімі майдан мен тылға әйгілі болған жүзге таяған Жамбыл қартқа сан мазмұндағы өтініштер де түсіп жатты. Соның бірі мынадай:

«Алматыға Сталинградтан.

Сталинград трактор заводының жұмысшылары мен қызметкерлері, инженер-техниктері мен қызметшілері ұжымы атынан қазақ халқының сүйікті ақыны – Жамбыл Жабаев атамызға

жасайды деп үміт етеміз...

Танк өнеркәсібі қызметкерлері одағы заводтық комитетінің төрағасы Скакунов.

Партбюро хатшысы Копшев.

5.01.44 ж».

«Мен әкем Құрманғалиев Оразбайдан қашып, 6 жасымнан бастап Семей облысы, Бородулиха ауданындағы Ново-Покровка селолық Советінің балалар үйінде тәрбиеленген едім, – деп жазады, майданнан тағы бір қызыл әскер, – жолдас Жамбыл, жанқайғымды алдыңызға жая отырып, маған менің әке-шешемді тауып алуыма көмектесуіңізді өтінемін. Жеңіспен елге оралғанда кімге барарымды білмеймін, туыстарымды іздестіруге қол ұшын беріңіз!?

Құрметпен Оразбай Алексей (*Әлімбек*).

Адресім: Дала почтасы 92465 «В». 7.12.1944 ж».

«Қымбатты Жамбыл!

Біздің Гвардиялық бөлім ерлерінің құрметті тізімінде ең алғашқылардың бірі болып сіздің немереңіз Көбіс Жұмабековтің аты-жөні жазулы.

...Жуықта Гвардия кіші лейтенанты, офицер-танкист Жұмабеков қорғап тұрған участкаға жаяу әскер ротасын қорғаған сегіз жау танкісі шабуыл жасады. Ержүрек ұл қаймықпай ұрысқа кірді. Екі-үш снарядпен алдыңғы танкіні істен шығарып, үш пушканы қиратып, немістің жиырма солдаты мен офицерінің көзін жойды...

62832 әскери бөлімнің командованиесі мен саяси бөлімі. 12. 07. 44 ж».

Павел Николаевич шабуылға бара жатқандағы тағы бір хатын өзінің ақын атасына көтеріңкі көңіл күймен жазыпты:

«...Қазір, Жәке, немістер советтік оқ-дәрінің иісін мықтап иіскеп, өздері басып алмақ болған кең-байтақ жерімізде ол сұмдардың өліктері жұттан кейінгі өлекселердей шашылып жатыр. Өз Отаны үшін жауынгер-қазақтар арыстанша арпалысып, халқының сенімін абыроймен ақтауда.

...Алыстағы, алыс та болса сондай жақын, өзім өскен Ұзынағаштан хаттар және асыға өлеңдер күтемін...

Денсаулық пен бақыт тілеймін!

Өзіңіздің Павел Кузнецов.

Алғы шептегі Армия. Солтүстік-батыс майдан.

Дала почтасы 993, 01 почта жәшігі».

Сонау бір сұрапыл заман тынысынан аз да болса сыр шерткен мұрағаттық құжаттар – осы. Ол бір жағынан халқымыздың ерлігін, өрлігін, достығын паш етер болса, екінші жағынан ғасыр жасаған жыршымыздың даналығына, абырой-атағына кейінгі ұрпақтың көзін тағы бір жеткізе түскендей.

«Жамбыл – қазақ халқы сияқты өте бақытты адам. Жамбыл қазақ халқының данқын әлемге жайды. Жамбыл – қазақ халқының мақтанышы, Ұлы Жамбыл сықылды ақыны бар халық – шын бақытты халық!» – деген екен кезінде Пәкістанның атақты ақыны Фаиз Ахмат Фаиз.

Өскемен



Канипаш МӘДІБАЕВА,
М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер
институтының бас ғылыми
қызметкері, филология
ғылымдарының докторы,
профессор

Жамбылдың ақындық мұрасын мәтіндік нұсқалық маңыздылығында, осы заманғы зерттеу өзектілігінде айрықша орын алатын еңбек М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әзірлеген Жамбыл шығармаларының академиялық үш томдық толық жинағы 2021 жылы баспадан шықты.

Жамбыл шығармаларының хатқа түсіп, сақталуы, баспадан шығарылу тәжірибесі ескерілді; деректер хронологиясы түзілді; жамбылтанудың түбегейлі міндеттерінде бірқатар жұмыс атқарылды.

Әр жылдарда жарық көрген толық жинақтарға қысқаша сипаттама берілді. Ақын дастандарының әр жылдардағы басылым, қолжазбаларына мәтіндік бірнеше нұсқасында алғаш рет өзара текстологиялық саралау жасалды.

Идеология талаптарында өзгеріске түскен құрылымдық, мазмұндық өзгертулерге мән берілді.

Жамбыл шығармаларының 1940 жылы КСРО Ғылым академиясының қазақстандық филиалы Жамбыл атындағы Әдебиет және халық творчествосы секторы шығарған алғашқы толық жинағында «Сұраншы батыр» дастанының 1938 жылы «Әдебиет майданы» (№7, 8) журналында басылған, 1939 жылғы «Сұраншы батыр» атты жеке жинақ болып шыққан мәтінге жылда бұрын болмаған 2-тарау қосылып берілген; 1938 жылғы журналдық басылым латын қарпінен кирилл жазуына түсіріліп, жаңа толық жинаққа арнайы түсінігімен енді.

1946 жылғы толық жинақта алғаш рет Жамбыл шығармаларының жарияланымдары туралы мәлімет беріледі. Қысқаша библиографиялық көрсеткіш түзілімі бар.

1955 жылғы үш томдық Жамбыл жинағына шығарушылар 1946 жылғы басылымда жоқ 26 жаңа өлең қосқан.

1955 жылғы басылымда 1946 жылғы жинақта өлеңдердің газеттегі нұсқасына басымдық берілгені ескертіліп, сын айтылған.

«Жамбылдың баспаға әзірлеген өлеңдері оның қарауынан өтпеген. Жамбыл шығармаларын баспаға әзірлеп, жинақ етіп құрастырушылардың аса үлкен кәсіпкері – әртүрлі түзетулер мен жөндеулерді көп жасаған. Жамбылдың көзі тірі кезінде онымен келіспеген. Осының салдарынан Жамбылдың бұрынғы жинақтарында, әсіресе 1946 жылғы толық жинағында көптеген бұрмалаушылық пен қателіктер кеткен» (1955 жылғы жинақ, 9-б.).

1955 жылғы жинақта Қалмақан Әбдіқадыров жазып алған Жамбыл шығармаларының мәтіні Сталинге қатысты тұстарында қысқартылады.

1957 жылғы толық жинақта алдыңғы басылымдарда болған 16 өлең алынып қалады.

Кенесарыға қатысты мәтіндерге түзетулер жасалған. 1940, 1946 жылғы жинақтарда жоқ мәтіндер қосылады. Жинақты шығарушылар саясат ыңғайында: «Қасымовтардың шектен тыс зұлымдықтарын әшкерелейтін бөлімдері бұрынғы жинақтарына кірмеген. Газетке басылған текст арқылы бұл жолдар қалпына келтірілді» деген түсінік береді (1957, 6-б.).

1982, 1996 жылғы басылымдарда да мәтіндік, құрылымдық өзгерістер болды. Академиялық үш томдық толық жинақта (2021) мәтіндік ауытқулар, бірде қосылып, бірде қысқартып, орын ауыстырып отыру сынды қолдан жасалған мәжбүрлі құбылтулар ықтимал нұсқалық мәтіндерді нақтылау бойынша бірқатар мақсатты салыстыруларда айқындалып отырды.

Б. Ыбырайым мен Р. Әбдіғұлов баспаға дайындаған 2012 (2014) төрт томдық толық шығармалар жинағында Жамбылдың ақындық мұрасын жанрлық жүйеде зерттеу; идеологиялық мұраттарда жасалған құрылымдық өзгерістерді қалпына келтіру, текстологиялық түйткілдерді айқындауға

біршама ден қойылған; тың мұрағат деректері айналымға тартылған.

Үш томдық толық жинақта Жамбылдың шығармашылық мұрасын игерудегі дүркін-дүркін, соқпалы идеологиялық килігудің зардаптары редакциялық түзетулер фактісінде айқындалып отырды.

Қазақстан тарихын қайта қарау жөніндегі Қаулыға (1947) байланысты Жамбыл шығармаларындағы Абылай хан, Кенесары хан, басқа да тарихи тұлғаларға қатысты тұстар қысқартылды. Діни ұғым, ру, тайпа атаулары редакцияланды. Кезінде Жамбыл дастандарына зорлықпен қосылған Сталинге мадақ, қошемет мәтіндер кейінгі басылымдарда берілмейтін болды.

2021 жылғы жаңа басылымда мұраның байырғы нұсқасын қалпына келтіру міндетінде елеулі текстологиялық салыстырулар жасалды.

Жыраудың айтуында хатқа түскен қолжазбалардың көпшілігі толық сақталмаған. Барды жинап, түгендеудің бірталай шаруасы қайта атқарылды.

Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалдық музейі мен Үмбетәлі Кәрібаевтың әдеби-мемориалдық музейі мұрағатындағы қолжазбалардың электронды көшірмесі М.О.Әуезов атындағы ӘӨИ Қолжазба қорына алынды. Ұлттық Ғылыми кітапхана қорындағы, Жамбылдың хатшылары жазған араб, латын әріптеріндегі қолжазбалар жинақталып, айналымға тартылды.

Академиялық жинақтың бірінші томында Жамбылдың өлең-толғаулары берілді. Құрастырушылар Жамбылдың бұрынғы жинақтарына кірмеген, қайсыбірі газетте басылған отызға жуық туындысын қосты.

Жамбылдың туған халқының өмірін жүз жыл талмай жырлауы да ерлік.

**Родригес Рамон,
Кубаның мәдениет қайраткері**

Жамбылдың 1937, 1940, 1946, 1955 (үш том), 1957, 1982 (екі том) және 2012 (2014) жылғы (төрт том) жинақтары, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында сақталған, латын қарпіне терілген 159, 160, 161, 162-бумалардағы өлеңдері, Орталық ҒК Сирек қолжазбалар қорындағы мұраны жинаушылар хатқа түсірген 651-бумадағы нұсқалар, Жамбыл Жабаевтың музейі қорындағы көк сиямен араб графикасын-

да жазылған, латын қарпіне машинкада терілген «Оригиналы стихов и поэм», қарындашпен, көк сиялы қаламмен өңделген, шимайланған «Жамбылдың өлең-жырларының негізгі нұсқалары» (1939–1941 жыл) өзара салыстырылды.

Бірқатар құрылымдық, мәтіндік, мағыналық өзгерістер өзекті текстологиялық ұстанымдарда пайымдалды. Мұраның хатқа түсу үдерісінде әу баста растап, кейінде көшірме нұсқаны «жазып алған мен емес» деп қол қойып, бас тартқан көшірушілер де болған.

2021 жылғы толық академиялық басылымның екінші томында Жамбылдың «Өтеген батыр» (3 нұсқасы), «Сұраншы батыр» (журналдық нұсқасы,

қорынан табылған (инв.1753) «Тоқтағұлдың Жамбылға жолығысқаны» атты айтысы алғаш рет баспа жүзін көрді.

«Жамбылдың классикалық айтыстары» саналатын Құлманбетпен, Сарбаспен, Досмағамбетпен, Шашубаймен болған ірі сөз сайыстарында қолжазба нұсқа мен басылым арасында біршама айырмашылықтардың бар екені, көптеген сөздердің, сөйлемдердің, сөз тіркестерінің дұрыс оқылмағаны, түсіп қалғаны, көркемделгені, редакцияланғаны анықталды. Мысалы, «Жамбыл мен Досмағамбет айтысына» қатысты Жамбыл мен Досмағамбет кезегінің ауысып кету фактілері анықталды» (1-том, 15-бет).

Жаңа басылымында бұл айтыс қолжазба нұсқасы бойынша берілді.

ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ

Біз Жамбылдың өмірі мен шығармаларына таңдана отырып, елімізге мақтана айтып барамыз. Жамбыл – туған халқына қызмет етудің біздің Бельгия үшін де теңдесі жоқ үлгісі.

**Гастон Стоиц,
Бельгия ақыны**

жеке басылымы), «Саурық батыр» жырлары, «Көрұғылы», «Бак, Дәулет, Ақыл» дастандарының Жамбыл жырлаған нұсқалары, «Замана ағымы», «Туған елім», «Ворошилов туралы дастан», «Менің өмірім», «Менің бақытым», «Өмірдің тууы» толғаулары, «Ауызекі әңгімелер циклі», музыкалық туындылары берілген.

Ақынның «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Саурық батыр» жырларының 1937, 1953 жылдардағы қолжазба нұсқалары 1938, 1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996 және 2012 (2014) жылғы жарияланымдарымен салыстырылды. «Сұраншы батыр» жырларындағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысты шумақтар осы академиялық басылымында толық қалпына келтірілді.

Мәтіндік-құрылымдық тұрғыдан салыстырулар аталған туындылардың барлығында дерлік өзгерістер, ауытқулар, мақсатты түзету, техникалық себептен болған ағаттықтар бар екенін көрсетті.

(Жамбыл. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: К.І.Матыжанов, Е. Ханкей, А. Оралбек, Н.Набиолла. – Алматы: ЖШС «Brand Book» баспасы, 2021. – 720 бет) (13-бет).

Шығармалар бойынша еларалық, елішілік, руаралық мазмұнда жасалған өзгерістер, қысқарту, алмастыруларды мүмкіндігінше түпнұсқалық қалпында беру көзделді.

Үш томдық жаңа толық жинақтың 2-кітабында Жамбылдың музыкалық мұрасы да қамтылған.

3-томда Жетісу ақындық айтыс мектебінің озық өкілі, әдебиет тарихының тұтас бір бағытын маңыздандырушы тұлға – Жамбыл айтыстары, айтыстардың хатқа түсуі, сақталуы, басылым көруі, зерттелуі өзектілігі бойынша елеулі мағлұматтар бар.

Қырғыз Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының қоғамдық ілімдер бөлімі

Ақын мұрасы қағаз бетіне түскен шығармалары бойынша түгенделді.

Жасалған өзгерту, түзету, толықтырулар әр жинақтың «Түсініктер» бөлімінде дәйектелді. Мәселен, «Сұраншы батыр» жырының ҚР ОҒК 651, №2-дәптердегі нұсқасының 1938 жылы «Әдебиет майданы» журналының 7, 8-сандарындағы басылған мәтіндік нұсқадан көлем, құрылым бойынша айырмасы бар.

1937 жылғы жыр нұсқасын Қалмақан Әбдіқадыров ақынның өз айтуында хатқа түсірген.

550 жолдық (1937 жылғы қолжазба) жыр нұсқасы «Балдай тәтті туысқан, Жеттім тату таңыма...» болып, кейінгі қосылған бөліммен бірге берілген жыр мәтінінің орта тұсында 7-8 беттік мәтін жоғалған.

Бұл жырдың 1953 жылы Қалмақан Әбдіқадыров өзі жазып алғанын (ісгеріде жазғанын деуге болады – Қ.М.) растап қол қойған (12 / v58) нұсқасы 1938 жылғы журналдық басылымындағы мәтінмен аяқталған.

Журналдық нұсқада жыр жанры «поэма» деп жақша ішінде көрсетілген.

1940 жылғы жинақтан бастап беріліп жүрген жырдағы екінші бөлім 1938 жылғы журналдық нұсқасында жоқ.

Жамбыл мұрасын игеруде әлі де беймәлім қалып отырған біржақты деректер кездеседі. «Сұраншы батыр» дастанына қатысты «Кіріспе» бөлім мен «Екінші тарау» немесе «Қосымша» бөлімінде қай жылдарда қосылғанына қатысты анықтайтын тұстар бар.

Аталған бөлімдер «Әдебиет майданы» журналында (№7,8) басылған нұсқада, 1939 жылғы жинақта жоқ.

1940, 1946 жылғы басылымында, 1953 жылғы расталған қолжазбада екінші тарау бар. 1996 жылғы 2 томдық толық шығармалар жинағында екінші тарау бөлінбеген. 2014 жылғы басылымда екінші тараудың Кенесары, Сталинге қатысты тұстары қысқартылған.

Дастандағы 1940, 1946 жылғы жинақтарда бар; 1938, 1939 жылғы журнал нұсқасы мен жеке кітап болып шыққанда берілмеген екінші тараудың негізгі бөлігі XIX ғасырдың 60-90-жылдарында айтылған мәтін.

1940 жылғы жинақ Түсінігіндегі дерек осыған мензейді. Мұнда екінші тараудың бірінші рет кіріп отырғаны айтылады. Бұл тараудың басым бөлігі жырдың негізгі нұсқасында болған.

Дастанға 1939 жылдан бастап беріліп отырған түсініктерде Сұраншы батырдың

тарихи тұлғасына қатысты әр кезеңде әр басқа танымдық ақпарат түзілген.

Жырдың бастапқы нұсқасында болған казак-қырғыз арақатынасына қатысты айтылған тұстары бірде алынып, бірде қайта қосылып отырыпты.

Кеңестік саясат талабында жыр мәтініне 1938, 1940 жылдарда біршама толықтырулар жасалған. Осы мәнде жырдың қазан төңкерісіне шейінгі мәтінін бір нұсқа, 1938, 1940 жылдарда өзгерген мәтінін және бір нұсқа деп те санауға болатындай. Бірінші нұсқаға тиесілі мәтіннің басым бөлігі 1940 жылғы жинақта екінші тарауға кірген.

Әр жылдардағы басылымында дастан түсініктері негізінен Сұраншы батырдың кейде шынайы тарихи, кейде бұрмаланған

Жамбыл – еліне беріле қызмет етудің үлгісі, өз заманының даңқты шежіресі.

**Р. Демберел,
Монғолияның мәдени қайраткері**

*Обығалы келе жатқан
Патша деген кәпірді.
Хан атанған қара бет
Алтын алып сатылды.
Өле жатып оқандай
Халыққа тиіп қатулы.
Жетпесе күшім патшаға
Аламын ханнан ақымды.
Көп деген жаудан тайсалу,
Еркек емес қатын-ды.
Барып ойран салмасам,
Босатып елді алмасам,
Сұраншы қойман атымды.*

1940, 1946 жылғы жинақтарда, 1953 жылы қол қойылып, расталған қолжазба нұсқада «Күрескенді жыққанмын» деп келген тармақтан соң берілген (2014 жылғы жинақтағы 1290-тармақ):

*Кенесарыңды өлтіріп,
Топыраққа тыққанмын.
Тұрлыбай соққан алмаспен,
Қыл мойнынан шапқанмын.
Абыройын кетіріп,
Ханыма сөйтіп жаққанмын, –*

Бұрында қаршығадай қомданып, өлеңсіз сөз айтпайтын, шаттығы теңіздей шалқып жататын ғажап өнер иесін көріп өстік.

Қасірет құрсауында жүріп жасампаздықтан ажырамаған қарт ақында қайғы бар деп кім ойлапты. Күндіз демей, түн демей көмейінен жыр ағылып отырды деген Жамбылдың шеркөкірек заманның небір сұмдығынан тіксінген, біртүрлі бақытсыз шығармашылық болмысы, көрген қиянаты туралы бұл бірді-екілі дерек – бергі жағы.

Ол жырлаған тамыры мұсылмандық ғибратпен қуаттанған он-сан дастан, шешен сөз кеңестік қолтума тапқақтың «қолына су құя алмай», ту-талақай, талан-тараж болғанын бір «Сұраншы батыр» дастанының қырық құрау болған мәтіндік нұсқалары сынды әбден жұлмаланған туындылар дәйектеп тұр. Дәлелдеп тұр.

Ақындықта жан оздырмаған дүлдүл аузына біреу сөз салып берген қорлыққа да көніпті.

Жамбыл шығармалары орта мектепте де, жоғары оқуда да мардымды оқытылмайды. Жамбылтану бойынша бір уақыт-



**Шаяхмет
АЛЖАМБАЕВ,**
Қазақстанның Құрметті
жазушысы

ЖАМБЫЛ ЕСКЕРТКІШІНІҢ АЛДЫНДАҒЫ ОЙ

О, Жәкем, кеудесі кен, сөзі өлмеген,
Қайрылам тас тұлғанды көрем де мен.
Толғанып қарап тұрсам мүсініне,
Қара тас құйылғандай өлеңменен.

Билесе, жетісе ме елді надан?
Басына талай қатер төнді жаман.
«Аузы қисық – сөйлейтін бай баласы»
Көз алдыма сонау бір келді заман

Болғанда алдындағы бұлдыр күнің,
Арманның арғымағын міндің мығым.
Айтыстың алаңына шыға келдің,
Пір тұтып Сүйінбайдай жыр дүлдүлін.

Шыққандай қырандайын бір мұзбалақ,
Таныттың құдіретін жырдың ғажап.
Тәнті етіп, шешендігің, көсемдігің,
Өзінді де пір тұтты қырғыз-казак.

Қысқанда отаршылдық сайқал заман
Дат айтып, патшадан да тайсалмаған.
Суырып табанда айтқан бір сөзінді,
Біреулер жүз жыл жасап айта алмаған.

Биік болды «сөз патша» талғамың да,
Бердің елге асыл сөз маржанын да.
Сталиннің өзі де бәйек болған,
Топ бастап, Кремльге барғаныңда.

Қуәлар айтып еді көзі көрген
Басшылардың бәрі де сөзіне ерген.
Қолыңды алу үшін түүу Мәскеуден,
Сабылып Калининнің өзі келген.

«Жарқылдайды кеудеде оты барлар
Өмір – мектеп, – дедің-ау, –
осыны аңғар!»

Атақты академик болмасаң да,
Тек өзінді зерттеді оқығандар.

Есімінді Гомермен қатар қойған,
Жай сөз емес бұл-дағы атай салған.
«Ленинградтық өренің» от-жырыңнан,
Қуат алып жауына атой салған.

Секілді бір қарқ еткен жаман қарға,
Саған қарсы оттаған бар аңдар да.
Есіміңнен садаға кетсін олар,
Бұдан басқа не айтам, надарандарға?!

Ит үреді, әрине, керуен көшер,
Жаман айтқан қаңқу сөз желмен кетер.
Сұңғылам, сенің сөзің – ел аузында,
Ғасырлардан ғасырға өлмей жетер.

О, Жәкем, кеудесі кен, сөзі өлмеген,
Қайрылам тас тұлғанды көрем де мен.
Толғанып қарап тұрсам мүсініне,
Қара тас құйылғандай өлеңменен!

ЖАҢА БАСЫЛЫМЫ



өмірбаян деректеріне, Қоқан билігі, Ресей патша үкіметінің Жетісуды алу тарихына қатысты болып келеді.

1953 жылғы расталып қол қойылған, Қ.Әбдіқадыров хатқа түсірген нұсқадағы «Сұраншы батыр» дастанының 1938, 1940 жылдарда қосылған мәтін мен 1996 жылғы жинақтағы мазмұнда жырдың оқиға желісіне хронологиялық тұрғыдан кірікпей тұрған құрылымдық өзгерістер бар.

2014 жылғы жинақтың 1286-тармағынан кейін 1996 жылғы жинақта 10 тармақ мәтін жазылған. Бұл 1940 жылғы кітапта бар.

*Кенесарыңды өлтіріп!
Топыраққа тыққанмын!
Тұрлыбай соққан алмаспен,
Қыл мойнын шапқанмын.
Абыройын кетіріп,
Ханыма сөйтіп жаққанмын.
Бесікпен қырған баланы,
Өртеп, бұзған моланы,
Ел бүлдірген бұзықтың
Жазасын сөйтіп тапқанмын!*

Мәтіндік тұтастығында жыр әр басылымда дерлік бөлініп, бөлшектеніп, қысқартылып, қайта қосылып килы қалыпта түсіп отырған.

Жамбылдың 1955 жылдан кейінгі жинақтарында «Әдебиет майданындағы» 1938 жылғы басылымында 90-бетте берілген соңғы 17 тармақ жоқ.

*Мүжілген улы азуын
Елге неге батырды.
Күшті болса қырмай ма,
Қасарып қарсы тұрмай ма.*

Жасы жүзге таяған аса дарынды халық ақыны Жамбыл жырларынан сүйікті Отанына деген мол қайраттың, күш-жігер мен жалынды махаббаттың лебі еседі.

**Георгий Бакалов,
болгар әдебиетшісі**

деп келетін 6 тармақ 1955 жылдан кейінгі басылымдарда жоқ.

«Әдебиет майданы» журналында (№7, 1938), 1939, 1940, 1946 жылғы жинақтарда, 1953 жылғы қолжазбада берілген:

*Сондығынан Кене хан,
Әзірейілдей алған жан,
Қырғыз, қазақ бірігіп,
Күшін қосып ұсталды, –*
деген 4 тармақ мәтін 1955 жылдан кейінгі жинақтарға кірмеген.

Кеңестік идеология халықтың рухани жадын ауыр жаралады. Ауызша авторлық әдебиеттің, суырыпсалма озық ақындықтың, айтқыш жыршылық дәстүрдің дара өкілі Жамбылдың жасы ұлғайған шағында «қолын жылы суға малып» көрген «жан рахаты» танбасы ғасырларға жайылған жан жаракаты болды.

Сәндеп, үй-тұрмысын реттеп беріп, торға қамап ұстаған кеңестік жүйе өкілдері келіп түсіп жатқанда Жамбылдың түсі өзгеріп, өні куық тартып, жақтырмай қалатыны туралы кейінде естідік.

Жамбыл, сенің құдіретті үнің, сенің даңқың армандай сонау алыста жатқан қазақ елінен біздің кең байтақ Австралияға естілді. Біз, қазақ елінің достары, сенің жырларыңды естіген сайын қуанамыз. Сен бақытты елдің, бақытты жыршысысың!

**Катарина Сусанна Причард,
Австралия жазушысы**

тардағы жаппай, қызу қызығып зерттеу саябырсыды.

Кеңестік кезеңде Жамбыл қазақ әдебиетінің тарихында кеңестік кезеңнің замана жыршысы мәртебесінде басым дәріптелді. Насихатталды.

XIX ғасырда туған дастандары XX ғасырдың саяси жүйесі тықпалаған идеяларға жегілді; қайта жырланып поэтикалық биігін аласартты. Бұзылды. Бүлінді. Жағыну, жасандылық маскарасына қорланды.

Ақын мұрасын ғылыми текстологиялық арнайы саралау, ықтимал қоспа мәтіннен тазалау міндетінде «тексеру», түгендеу қажеттігі бар.

Жамбылдың академиялық толық өмірбаяны жазылуы керек. ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында, басқа да архивтерде сақталған, ғылыми айналымға толық түспеген деректер бар.

Жамбылтанудағы іргелі еңбектер жүйесінде таңдамалы «Жамбылтану» сериясын қалыптастыру қажеттілігі бар.

Жамбылдың айтыстары бағытында зерттеулер дамытылуы тиіс. Құлан аян Құлманбетпен айтысына қатысты тың деректер бар. Айтыстың туу тарихы әр қилы айтылады. Сарыбаспен айтыста Жамбыл жанр шарттарын жаңғыртты. Эпикалық үрдісте айтысты. Арнайы зерттелуі тиіс.

Жамбылдың шығармашылық мұрасын білім беру жүйесіндегі сұранысқа ие пән деңгейінде оқу үдерісіне мақсатты түрде енгізу әлемдік сөз өнерінің суырыпсалма ақындықтағы озық төлтума бағытын игеру міндеті де аса өзекті.

Жамбылдың әдеби мұрасын академиялық жинақ мәртебесінде мақсатты текстологиялық жұмыстар атқарылып жарыққа шығару тәжірибесі 3 томдық жинақтың осы бағыттағы зерттеулерге елеулі септігі тиетін мәтіндік база мәніндегі маңызын көрсетеді.



**Қансейіт
ӘБДЕЗҰЛЫ,**

Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, филология
ғылымдарының докторы,
профессор

*Аман жеттім бұл күнге,
Ойды, қырды аралап,
Жалғыз атты сабалап,
Серік қылдым өмірге.
Домбырамды өңгеріп,
Өзіме-өзім дем беріп,
Жұбаныш қып көңілге...
Осынша жасқа келгенде,
Өзендей өлке көргенде,
Немерем мен шөберем,
Әкелеп маған ергенде,
Ескі күнім жаңарып,
Көсегем көктеп ергенде,
Заманым, күнім жасарып,
Жұртым топ боп жиналып,*

зорлыққа, қорлыққа қарсы тұруға, ел болып, көп болып қол жинауға, қарулы күреске үндейді. Тәуекелге бел бууға, не көнеміз, не өлеміз деп елдің еңсесін көтеріп, ит қорлыққа шыдайтын қазақ жоқ екенін айтып, ата-баба аруағына жүгінеді.

Осынау сарындағы шығармалар қатарына жалынды ақынның «Зілді бұйрық», «Халық кегі», «Артықша туған азамат», «Қолына қылыш ұстаған» атты толғауларын жатқызуға болады. Бұл толғаулардың да күрескерлік рухы, тарихи салмағы орасан, ең бастысы, дер кезінде жаужүрек қазақ жігіттерінің бас біріктіріп, бір жерге қол жинап, ұлт-азаттық күрес жолына шығуына дем берді.

*«Серт адамды байлайды,
Ер жігіт серттен таймайды.
Өршеленген кезеңде,
Өлімді кім ойлайды.*

ЖАМБЫЛДЫҢ ТОЛҒАУЛАРЫ мен АЙТЫСТАРЫ

*«Ой-хой, дүние, серуен!
Адам бір көшкен керуен.
Дүниені қызық қалдырып,
Асамыз өмір белінен.*

*Дос, жаранға, кемтарға,
Қайырлы бол делінген,
Қылған қайыр болмаса,
Не әкетесің өмірден?..*

*Дәулетіңнен не пайда?
Таусылмастай көрінген.
Жалғыз мұраң сол болар,
Қол қайырың берілген.
Барлық дүние бірі де,
Көмілмейді кебінмен».*

Бұл өлең жолдары ақынның туған елі Жамбыл ауылындағы күнде мыңдаған адамның тәу етіп, ағылып келіп жататын музей-үйінің табалдырығын жаңа аттаған әрбір жанның көзіне оттай басылады. Кіреберісінде осынау өлең алтын әріптермен ойып жазылғандай үлкен панода ілулі тұр. Бұл Жамбылдың өмір туралы, оның мәні мен мағынасы, басы мен соны туралы тереңнен толғап айтқан, мазмұны әрбір оқыған адамның жүрегінде мәңгі сақталатын жыр жолдары еді.

Жамбылдың толғауларында қазақ қоғамының сол тұстағы, яғни өзі өмір сүрген, көзімен көрген, куә болған барлық оқиғалары ақынның жүрек көзінен өтіп, көркемдік тұрғыдан жинақталып үнемі қалың оқырманға ой тастайтындай, тебіренетіндей етіп поэтикалық арнада көрініс тауып отырған. Айталық, ақынның өткен ғасырдың отызыншы жылдары жазылған «Замана ағымы» атты ұзақ өлеңі – бастан-аяқ тұнып тұрған толғау. Қазақ елінің тағдыры, жүріп өткен жолы, көрген қорлығы, шеккен азабы, түйіп айтқанда, үш ғасырлық тарихы кең ауқымда поэзия тілінде сөйлейді.

Ал енді, «Туған елім» атты толғауында жыраудың тоқсанға келген жасында артына бұрылып қарап, туған еліне сөз арнауы – ақындық өнердің саф алтындай үлгісі.

*«Тоқсанға келген жасым бар,
Көпті көрген басым бар,*

*Сөйлеуге кезек бергенде,
Дауыста, Жамбыл, дауыста!» –*
деп сыр ашады.

Жол серігі – астындағы жалғыз аты мен жан серігі – жалғыз домбырасына сүйенген ақынның бір ғана тірегі, бір ғана сүйенері – қалың елі, қазағы болды. Туған халқы болды. Жалпы, Жамбылдың күллі толғауларына зер салып карасак, жырларынан халықтық сипат, халықтық мазмұн айшықталып бірінші қатарға шығатынын терең аңғарамыз.

Сахараның кең-байтақ өлкесінде малын бағып, ұрпақ өсіріп жатқан мамыражай елдің шырқын бұзып, бейбіт өмірдің сән-салтанатына күтпеген жерден дүрбелең алып келген 1916 жылдың зобалаңына ақын бірнеше толғауын арнады. Халық мұңынан тыс қала алмаған ақын осы тұста астары өткір жырлары арқылы ел трагедиясына араша түскендей болады. Тарихи шындықты елдік мінберден, ұлттық мүддені бірінші орынға қоя отырып халыққа үндеу тастайды.

«Патша әмірі тарылды» атты толғауында орыс империясының, орыс патшасының бұратана халық деп есептейтін қазақ сияқты қалың елге көпе-көрінеу қиянат жасап, қазақ жастарын қара жұмысқа ғана жегеміз деген желеумен әскер қатарына шақырып, қан майдан соғыс шебіне алып бара жатқанын ашық айыптап, ел атынан сөз сөйлейді.

*«Қызығыңды көп көрдім,
Қарабастау, Құлансаз.
Күндерімді өткердім,
Сенде жүріп ұзақ жас.
Көкөрайда жайылған
Секілді едік үйрек, қаз.
Ештеңе жоқ уайымнан,
Жүруші едік көңіл мәз.
Патша әмірі тарылды,
Оған қылар бар ма ылаж?!
Ішке толған зарымды,*

Кімге айтармын қылып наз!» –
деген жыр жолдарымен бастап
*«Көк жайлауды қалдырып,
Қайда көшіп кетерміз?
Көкіректі зар қылып,
Қорлықпен қайтіп өтерміз?» –*
деп қалың жұртын осынау келген



*Жігері болса жігіттің,
Орындамай қоймайды.
Атқан оқтан қайтпайтын,
Өтірік сөз айтпайтын,
Кезеңді жерде кез болса,
Қорқып тізгін тартпайтын,
Батырлардың еңбегі,
Таныс маған ертеден», –*

деген өлең жолдарымен ертеректе қазақ жерін жанкешті шайқастарда ерлік көрсетіп қорғап қалған аруақты батырлар Сұраншы, Саурық, Шапырашты Наурызбай, Мүйізді Өтеген, Ер Қарасай сынды ерлердің атын атап, қазақ жастарын солардың жолын жалғастыруға шақырады.

Қазақтың қанында бар, ғасырлар бойында арқауы үзілмеген ерлік дәстүрді жаңғыртуды Жамбыл толғауларына ғана емес, өзінің әйгілі дастандарына да арқау еткенін білеміз. Солардың ішінде, әсіресе «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр» дастандары өзінің мазмұнымен, поэтикасымен дара тұрады. Екі туындысы да эпикалық жырдың барлық канондарын, сюжеттік құрылымын толық сақтап, батырлық эпосқа тән көркемдік шарттардың бәріне терең, тұтас жауап беретін бітімі бөлек, табиғаты тұтас жыр жолдары ретінде әдебиеттің алтын қорына қосылды.

Жамбылдың айтыс өнеріне де қосқан

үлесін, салған олжасын жекелеп айтсақ, жарасады. Айтыс өнері тарихында Жамбыл дауысы, Жамбыл қолтаңбасы туралы қаншама пікір айтылды, зерттеулер жүргізілді. Айтыс өнеріндегі Жамбыл әкелген ақындық мектеп жайында да толымды, толғақты ой-толғамдар, зерделі зерттеулер бар. Барлығын сипаттап, баға беріп жатпаймыз.

Жамбыл ақынның бірнеше кезеңнен тұратын, ұзақ жылдарға созылған ұлан-байтақ айтыстарының ішінен Жамбыл мен Айкүміс, Жамбыл мен Бақтыбай, Жамбыл мен Майкөт, Жамбыл мен Бөлтірік, Жамбыл мен Құлмамбет, Жамбыл мен Досмағанбет, Жамбыл мен Шашубай, Жамбыл мен Қатаған айыстарын бөле-жара айтуға болады. Осынау айтыстарының барлығында да Жамбыл алдыңғы қатарға ел тағдырын, халық өмірін шығарып, өзіне тіреу етті. Бірде-бір қарсылас ақынға есе жіберіп, еңсесі түскен сәттері болған жоқ. Халық атынан үн қатқан ақын, халықтың

жоғын жоқтаған ақын ретінде сөйлеген тұста Жамбылдың мерейі артып, қарсы келген қандай ақын болса да Жамбылдың тауып айтқан толғамдарына тоқтайтын болған.

*«Шапырашты елінде,
Қара Қастек – қонысым,
Майтөбенің төрінде,
Өлеңменен шырқадым.
Алатаудың беліне
Тастап кеттім бір сарын.
Қырғыз, қазақ еліне,
Қаздай қалқып ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майкөт ақын, Құлмамбет,
Орын берді қасынан.
Майлықожа, Құлыншақ,
Пірім еді бас ұрған.
Айтқандары нұсқа еді,
Сөзі жаралған асыдан!» –*

деп сөз саптаған айыр көмей ақынды кейінірек қаншама шәкірттері пір тұтты. Сөйтіп, айтыс өнері де Жамбыл шығармашылығында шырқау биікке көтерілді.

*«Адамдықты айт, ерлікті айт,
батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған
татулықты айт!» –*

деп айтыс өнерінің бойтұмарындай болған осынау сөз тіркестерін қалдырған абыз ақын, жырау Жамбылдың әдеби мұрасы – еліміз үшін мәңгілік құнын жоғалтпайтын ұлттық құндылық.



**Бауыржан
ЖАҚЫП**

Біздің арғы-бергі тарихымызда халық жадынан ешқашан өшпейтін, мәңгілік тұлғалар бар. Соның бірі – биыл туғанына 180 жыл толған дархан даланың ұлы жырауы, өзі өлеңге айналып кеткен біртуар ақын Жамбыл Жабаев. Жәкең 1846 жылдың 28 ақпанында Жамбыл облысы, Жамбыл тауының етегінде елге қадірлі Жапа деген адамның отбасында дүниеге келген.

ЖАМБЫЛ ТУРАЛЫ СӨЗ

Жыр жампозы өз анасы Ұлданның ақындық талантын бойына сіңіріп өскен. Нағашысы Қанадан деген адам да қобыз шалған, өнерлі жан болған екен. «Менің өмірім» деген өлеңінде ақын:

*Қақаған қар аралас соғып боран,
Ел үрей, көк найзалы жау торыған.
Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыптын,
Жамбыл деп қойылыпты атым сонан.*

*Солайша Жамбыл тауда
Жамбыл туған,
Қырық күндей маймен сылап,
түзбен жуған.*

*Сүйінбай, одан әрі Бұқар жырау,
Атақты ақындардың жолын қуған...*

*Көз аштым, сорғалаған қанды көрдім,
Камыққан қанды жасты
жанды көрдім,
Ел көрдім, еңіреп босқан аңды көрдім,
Қойнында Алатаудың зарды көрдім...*

*Өмірмен араласқан өсті Жамбыл,
Ел басқан отты, суды кешті Жамбыл.
Құлыннан құнан да өрлеп,
дөнен де өрлеп,
Шыққандай бола қалды бесті Жамбыл.*

*Он жаста ойнап жүрдім бала болып,
Өлеңге бөлім көңіл алаң болып.
Райыттап тана мініп, қозы бақтым,
Еңбекті иемденгенде шама келіп...*

*Өлеңді өркендеттім, өрішіп, өстім,
Көргенде жақсы жырды
құстай ұштым.
«Жас ақын», «жап-жақсы ақын»,
«Жамбыл ақын»
Дегенде дара болып көзге түстім.*

*Он бесте-ақ домбыраны алдым қолға,
Тең басқан төрт аяғын болдым жорға.
Он алты желі ұзатты, өрістетті,
Түскендей бұлтартпайтын
даңғыл жолға.*

*Топ десе, он жетімде тартынбадым,
Семсердей майдандағы жарқылдадым.
Ақынды ауылға ермек басып озып,
Жұлдыздай көзге түсіп, жалтыл-
дадым.*

*Еріксіз он сегіз жас мінгізді атқа,
Бір Жамбыл бөлінгендей екі жаққа.
Бір жағы – қайнап өскен қалың елім,
Бір жағы – атқа мінген
бай мен датқа...*

*Жауларды ел қарғаған жамандадым,
Манапқа жақсы сөзді таба алмадым.
Аз сөзім бай, манапқа арналғанда,
Жалтақтап, ел не дер деп, алаңдадым.*

*Келгенде жеме-жемге, елде қалдым,
Шалшыққа шатылмадым,
көлде қалдым.
Шалқардың шалқып жүзген мен аққуы,
Келмеді сасық, шалшық
жерде қалғым, –
деп жырлау арқылы өзінің касиет-*

ті жыр өлкесіне қалай келгенін нақпа-нақ жеткізеді.

Қазақта мүшел жасқа ерекше мән береді. Алғашқы мүшел жас 13 екенін білеміз. Енді мына қызықты қараңыз: казактың данышпан ақыны Абай он үш жасында: «Физули, Шамси, Сайхали, Науаи, Сағди, Фирдоуси, Қожа Хафиз, Бұ хәммаси, Мәдәт бер, я, шағири фәрияд», – деп жазса, ұлы Жамбыл да әкесі Жападан рұқсат алып, он үш жасында алғашқы «Әкеме» өлеңін жазған.

*Сөртінің ұрлап қара атын,
Жазықсыз қиып қанатын,
Жапанда жаяу қалдырып,
Жайым жоқ қарғыс алатын.
Ел арасын егер қып,
Ойым жоқ шұрқан салатын.*

*Қоныстан елді бостырып,
Неміз бар енді шабатын!
Өлең мен сөзді дос қылып,
Құрамын ақын санатын!
Батаңды маған бер, әке,
Тіліме менің ер, әке.
Жапанын ұлы ақын боп,
Жақсы істепті дер, әке,
Домбыра алып сөйлейін,
Күнде жасап мереке.*

Елде болар береке, –
деген жыр жолдарын жазып, ақындық жолға түседі. Сол жолында «Жетісу ақындарының алтын дінгегі» атақты Сүйінбай Аронұлынан бата алып, оны өмір бойы өзіне пір тұтады.

*Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай!
Сырлы, сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай!
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап
Қара дауыл құйындай!
Екпініме кезіккен*

Кетер ме екен жығылмай! – деген өлең жолдары тек Жамбыл ақынның ғана емес, киелі өлең өлкесіне келген әрбір талантты қазақ баласының ұранындай көрінеді маған. Жамбылдың ақын болып қалыптасуы тек Жетісу ақындық мектебінің ауқымында қалған жоқ. Ол өзіне дейін өмір сүрген атақты жыраулардың бай мұрасын, күллі халық поэзиясын толық меңгеріп, өз шығармаларында тұғыр еткен. Асан қайғы, Бұқар жырау, Шөже, Балта, Шернияз, Шортанбай, Дулат, Сүйінбай, Досқожа, Нысанбай, Майкөт, Майлықожа, Құлыншақ, т.б. ақындарды үлгі тұтқан. Сонымен бірге Жамбыл туысқан қырғыз елінің де сөз өнерін жетік білген. Қырғыз манасшылары мен жомоқшылары арасында әріптес достары көп болған, солармен бірге қырғыз айылдарын аралап өлең айтып, жыр тоғытқан, құй тартып, айтысқа түскен. Атақты Токтағұл, Мұраталы, Әлімқұл, Балық, Тыныбек, Катаған сияқты дүлдүлдермен өнер сайысына түскен, солармен жарыса «Манас», «Ер Төштүк» эпостарын жырлаған, олардың ілтипат-ықыласына бөленген. Жамбыл бүкіл әлемге тараған «Мың бір түннің»

тарауларын, Орталық Азия мен Кавказ халықтарына ортақ «Көрөғлы» жырын, Фирдоуси «Шаһнамасының» үзінділерін жасынан жаттап алып, айтып жүрген. Осындай қайнарлардан нәр алған Жамбыл өсе келе тек қазақ еліне ғана емес, барша әлемге әйгілі жырау, ақын, жыршы болып қалыптасқан.

ЖАМБЫЛ БАБАҒА

*Атыңнан айналайын,
Жамбыл бабам,
Өзіңе жыр арнасам,
бал-бұл жанам.
Бір ғасыр жасағаның
өз алдына,
Келесің тірілермен
сан жылда аман.*

*Замана сізді-дағы иледі ме,
Көңіңіз тіршіліктің күйбеңіне.
Жыр жаздық деп жабылып
даурықсақ та,
Біз сенің жеткен жоқпыз ширегіңе.*

*Әулием, қызыл ала жолбарысты,
Тудырдың талай толғау, толғанысты.
Жырладың дастандарды
таңдарға ұрып,
Ешқашан ойламадың жанбағысты.*

*Халқың да сала білді алақанға,
Балады нар тұлғанды Алатауға.
Соңында том-том болып мұраң қалды,
Артқандай ауыр жүкті
Сары атанға.*

*Мұхтар мен Сәбит сізді «тәте» деді,
Ғабит пен Мұхаметжан «әке» деді.
Қалмақан, Ғали, Тайыр,
Әбділдалар
Сөзіңді хатқа жазып мәпеледі.*

*Сен едің заманыңның
дауылпазы,
Өлеңнің ұшып-қонған қоңырқазы.
Көліңнің өзі болды
Шабьт – айнаң,
Еліңнің өзі болды әділқазы.*

*Қолыңнан тастамадың домбыраңды,
Қалдырдың ұрпағыңа
мол мұраңды.
Сен болып алғаш қазақ ақындары
Мәскеу мен Тифлисті жол қыла алды.*

*Суырып салған жырың ғажап деді,
Білмеймін жан дүниең азат па еді?!
Ол кезде қазақ десе, Жамбыл деді,
Ал енді Жамбыл десе,
қазақ деді.*

*Сүйінбай Аронұлын пірім дедің,
Пірімнің ішіндегі ірім дедің.
Достығын қырғыз-қазақ жырыға қосып,
Еліңнің сөзбен тыйдың бүлінгенін.*

*Сыйынып, сөз бастасаң, бір Иеңе,
Кеудеңе тасқын судай жыр үйе ме?
Танытқан өзің, Жәке, өлеңіңмен,
Қазақты тұңғыш рет дүниеге.*

«ЖЫРМЕН ӨТКЕН ҒҰМЫР»



12 ақпанда Алматы қаласындағы ОКЖ Alatau Creative HUB кітапханасында қазақ халқының ұлы ақыны, суырыпсалма жыр өнерінің заңғар тұлғасы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай «Жырмен өткен ғұмыр» атты әдеби-танымдық кеш өтті.

Жыр алыбының мұрасы – халық жадындағы тарих, ұлт рухының айнасы. Оның сөзі – заманның шежіресі, елдің еңсесін көтерген рухани қуат.

Кешке ақынның ұрпақтары Жәнісхан Жамбылов пен Мұратхан Әлімханұлы, сондай-ақ Ж.Жабаев атындағы мемориалдық музей директоры Салтанат Тезекбайқызы қатысты. Қонақтар Жамбыл мұрасының бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы жайлы тағылымды ойларымен бөлісті. «Жамбыл жыры – халықтың жүрек соғысы» екені тағы бір мәрте айқын сезілді.

Әдеби-сазды кеш аясында республикалық музейден арнайы көрме ұйымдастырылып, жастарға ақынның фотосуреттері, өзі пайдаланған сағаты, айтыста ұстаған домбырасы және өзге де жәдігерлері таныстырылды. Бұл өткеннің үні бүгінге жеткізген үнсіз куәлар іспетті әсер қалдырды. Кітапхана жанындағы шығармашыл жастар ұйымының мүшелері ақын шығармаларынан үзінділер оқыды. П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің жас өнерпаздары жыр-термелер орындап, жыр мен әуен астарқан тағылымды сәт сыйлады. Сонымен қатар ақын шығармашылығына арналған кітап көрмесі көпшілік назарына ұсынылды.

Аталған әдеби-сазды кеш ұлт руханиятының темірқазығына айналған Жамбыл Жабаев мұрасын жаңғыртып, жас ұрпақтың санасына сөз құдіретін сіңіруге бағытталған мазмұнды мәдени іс-шара болды. Өйткені жыр өлмейді, жырды түсінген ұрпақ барда рух та өлмейді.

«Жыр алыбы – Жамбыл» атты поэтикалық кеш өтті

Алматы қаласындағы Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасында ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай «Жыр алыбы – Жамбыл» атты поэтикалық жыр кеші өтті. Кешке Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары, ақын Қасымхан Бегманов, жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы және ақынның ұрпағы, Жамбыл музей-үйінің директоры Салтанат Жамбылова қатысып, ақынның шығармашылық мұрасы туралы тағылымды ойларымен бөлісті. Шараны кітапхана жетекшісі Бану Дәулетбаева ашып беріп, кешті кітапхана қызметкері Бердібек Орынбек жүргізді. Кеш барысында ақын сөздеріне жазылған әндер орындалып, Жамбыл музейінен әкелінген құнды жәдігерлер көпшілік назарына ұсынылды. №147 гимназия оқушылары ақын өлеңдерін бірнеше тілде оқыса, Жамбыл атындағы №161 лицей оқушылары сахналық көрініс қойды. Сонымен қатар Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерватория түлектері күй мен ән орындап, кештің көркін аша түсті. Кітапхана төрінде «Жыр алыбы – Жамбыл» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, шара соңында белсенді оқушыларға Алғыс хаттар табысталды. Бұл рухани кеш жас ұрпаққа ұлттық әдеби мұраны танытып, Жамбыл шығармашылығын насихаттауға бағытталған маңызды мәдени шара болды.



Айбатыр СЕЙТАҚ

Айбатыр Самиголлаұлы Сейтақ – ақын, журналист, Қазақстан жазушылар одағының Қазақстан журналистер одағының мүшесі. Қазақстан Президенті стипендиясының иегері. Алғашқы жыр жинағы – «Ғұмырнама», екінші кітабы – «Ай мен ару». Өлеңдері бірнеше жыр топтамаларына енген. Ақынның мерейтойы қарсаңында бір топ өлеңдерін оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

ОТЫРАРҒА БАРҒАНДА

Өткен күннен үлгі-өнеге алыпты,
Сыртқы жаудан қорғау үшін халықты.
«Бар айналам алақанда тұрсын» деп,
Отырарды дөң басына салыпты.

Тоғыз жолдың торабында табысқан
Бұл шаһарға келген талай данышпан.
Күн астынан керуендерді шақырып,
Қала болған көрінетін алыстан.

Жау келгенде атой салып, басынып,
Бір сатқыннан қақпа қалды-ау ашылып!
Құмырадай қирағанда
Қаланың
Тенгелері қалған екен шашылып!

Көк жүзінен көздің жасы тамыпты!
Қан ағыпты өзен қылып арықты!
Даналардың ізі жатыр дегендей,
Тастан салған көшелері қалыпты.

Куә болған Күн мен Айға қой сұрақ,
Жаның сыздап, тұра алмайды бой шыдап.
Тарихтың кітабындай жыртылған,
Отырардың орны жатыр ойсырап!

Жатпай-тұрмай елі үшін елеңдеп,
Ізденген жан қазынаға кенелмек.
Археологтар қазып жатыр қаланы,
Ену үшін ғасырларға тереңдеп.

Жау алған соң хан отырған орданы,
Өртегіпті даласы мен орманы.
Отырардың мықтылығын дәлелдеп,
Бұзылмапты қақпасы мен қорғаны!

Ей, жас ұрпақ! Жүрегіңде оты бар!
Ел тарихын ой-санаңа тоқып ал.
«Өзегіңді не өртейді?» десеңіз,
Орны толмас ойрандалған Отырар!

ТҮРКІСТАН ТОПЫРАҒЫН БАСПА ДЕР ЕМ...

Көрсетіп ұлылықтың үлгілерін,
Ей, Яссы, елмен бірге мың түледін!
Тамырын тарихымен тереңдеткен,
Түркістан – түп қазығы Түркілердің!

Сыры бар Қаратаудың жотасында,
Белгілер қалған екен өр тасында.
Түркістан Жібек жолын жалғастырған
Шығыс пен күн батыстың ортасында.

Нұр шашқан Қожа Ахмет есіміне,
Түркістан ғажап шаһар – осы, міне!
Бөленіп өркениет бесігіне,
Айналған жарық дүние есігіне!

Демейді тегін бөлек, жұртың басқа,
Өр халқым құрметтеген даңқың асса!
Қорым да, қорған да көп бұл өңірде,
Сыйғызған бар тарихын құлпытасқа!

Ер қанша жан сақтамай, ар сақтаған?!
Өмірдің бар мен жоғын салмақтаған?!
Халықпыз өліні де құрмет тұтып,
Ақылды арыстарын ардақтаған!

Болғанмен ұлан-ғайыр атырабым,
Қашанда жүгінбейді ақылға кім?

ҚУАТЫ МАХАББАТТЫҢ МӘНГІ АЛАУДАЙ

Жерлепті жер түбінен алып келіп,
Әйгілі хандары мен батырларын.

Жас ұрпақ, жалыны мол, асқақ ерен,
Тимесін тауға басың, тасқа денең!
Мындаған әулиелер жатқандықтан,
Түркістан топырағын баспа дер ем!

ҚОЖА АХМЕТ КЕСЕНЕСІ

Әмір Темір қатал әрі қырағы,
Шайқастарда жеңімпаз боп шығады.
Қанша елді түгел жаулап алса да,
Мәңгі колда қалмайтынын ұғады.

Әмір Темір бейқамдыққа төзбеген,
Мақсатына жеткен екен көздеген.
«Бір кесене салдырамын, – депті ол, –
Сән-сәулеті асып түсер өзгеден».

Бұл кесене болса екен деп алып, нық,
Толғаныпты жүрегіне салып жүк.
Тірісінде көріп өтсем десе де,
Бітіре алмай кеткен екен, жарықтық!

Мұндай кешен сала алады қай мықтың?!
Ескерткіштен елге үлгі жайды ұқтым:
Дәлелі бұл – мәңгі мұра екені,
Соғыс емес, рухани байлықтың!

Бабалардан бізге жеткен бір іздей,
Тарихымның тіні қалған үзілмей!
Кесененің қолдан құйған тастары
Қасқайып тұр жел мен суға мүжілмей.

Араларды іші-сыртын, бар маңын,
Жеткізер деп ата-баба арманын...
Қожа Ахмет кесенесі мызғымай,
Көтеріп тұр сан ғасырдың салмағын!

МАҒЖАННЫҢ ЖЫРЫН ОҚЫСАҢ...

(Мағжан Жұмабайұлына)

Теңіздер тартылғандай шалқып аққан,
Сән кетіп өзен-көлден, бал құрақтан,
Жас ұрпақ, біле жүргін, жылдар болған
Жүрегін қазағымның қан жылатқан!

Тағдырын талайлардың талқандаған,
Әр күнін қасіретпен батқан жаман!
Жазықсыз арыстарын атып-асып,
Ақынын абақтыға жапқан заман.

Бұлақтар тасып ағар қуатынан
Қайда сол күй көңілден шығатын ән?!
Мағжанның жырын оқып, тебіренер,
Жаралы жан дүниесін ұғатын жан?

Көңілдің көз жасы ма тамған сыры?
Жүректің Күндей ыстық жанған нұры.
Терілген ой-теңіздің тереңінен
Мағжанның мөлдіреген маржан жыры!

ЕЛМЕН БІРГЕ ЖАСАЙДЫ ҚАСЫМ АҚЫН

(Қасым Аманжоловқа)

Құнын білмей айбарлы, асыл ердің,
Қызыл қырғын лаулатқан Ғасыр өртің.

Қасым ақын өткізді жүрегінен,
Қуғын-сүргін заманның қасіретін!

Өткен ғасыр төрінен тіл қатқандай,
Өз үніне әлемді тыңдатқандай.
Аш-жалаңаш жылдардың қыспағында
Жылап жатты бөбек-жыр құндақталмай...

Ой-маржанын халқына үйіп-төккен,
Қара өлеңін қазақтың биіктеткен.

...Жер құлпырды жаймашуақ жазым кеп,
Жүректерді жаулап алды назың тек.
Сағынышты сезімімен бар қазақ
Ән салады «Қайран, Қарасазым» деп!

БІЗДІҢ КЕЗДІҢ МАХАББАТЫ-АЙ СЕЗІМТАЛ...

Жүрекке болса-дағы табар емі,
Заманның жылынбаған «Сахалині»,
Пәктік пен адалдықтың құжатындай
Зандары махаббаттың қатал еді.

Көңілің құстай ұшар атқан оқтай,
Сезімің алаулайды жаққан оттай!
Сөз айту сүйген қызға оңай емес,
Жүрегің тасырлайды шапқан аттай!

Жыр болып пәк сезімге толшы кесем,
Болсаң да әншейінде сөзге шешен.



Сұлулығын өрнектеп жырларымен
Туған жер мен Жайықты сүйіп өткен!

Мейірімді көрсе де ұлық елден,
Ақын өтті бақ іздеп жұмыр жерден.
О, Жаратқан! Аз ғана жарық сыйлап,
Өлеңіне өлмейтін ғұмыр берген!

Қайран ақын, ұрпаққа сазы жеткен,
Рухани байлықты азық еткен.
Жыр-дастаным мәңгілік өшпесін деп,
Жүрегіне халықтың жазып кеткен!

Қасым ақын шырағын жағатын да,
Туған халқы есіне алатын да.
Елге тарап барады ән мен жыры
Қалықтаған қыранның канатында...

АҚЫН ТУҒАН ӨҢІРІМЕН ТІЛДЕСУ

Ұланыңмен бақ-жұлдызың жанды ма?
Нөсер жырға шөлін әбден қанды ма?
Мәңгі жасыл Мұқағали мекені,
«Ассалау» деп келіп тұрмын алдына.

Қасіретін көз жасымен жудырған,
Елдің мұңын жүрегіне тұндырған.
Туған халқы қуат берсе Мұқаңа,
Құт мекені ақын қылып тудырған.

Ғажап Көлсай көңілімді тербетіп,
Ойға шомып, қарап тұрсам көл бетін:
Терең, тұнық, мөлдір таза судан да
Көремін мен Мұқағали келбетін!

Шын ақынның шыңнан алар жыр басы,
Мәңгі өлмес ғасырлардың құрдасы!
Ақ иықты асқаралы таудан да
Көрінеді Мұқағали тұлғасы!

Сұлулық-ай суретші салғандай!
Гүлмен бірге жыр да бүршік жарғандай!
Шабыттанып жыр оқыған даусына,
Қалын орман құлақ түріп қалғандай!

Үздігіп, күйіп-жанып, тілің келмей:
«Сен менің махаббатым болшы» десең,

«Жоқ» дейді екі көзі жыпылықтап.
Қыздардың кім бар екен сырын ұқпақ?
Түп-тұнық сезіміне тас лақтырып,
Жігітті әуре етеді сықылықтап!

Дәл бүгін отырғам жоқ ішім күйіп,
Өмірден сабақ алдым ойға түйіп.
Қуаты махаббаттың мәңгі алаудай
Тұрады жүрегіне жылу құйып!

ЖАРҚЫЛДАҒАН ЖАУҒАРЛАР...

Сезімтал жандар сағынар,
Айтады асқақ ән қылып.
Жастықтың жасыл бағы бар
Жүреkte тұрар жаңғырып.

Қарамай боран, мұз-қарға,
Қыран-жыр көкке ұшырдым!
Ең асыл, көркем қыздарға
Жанымның гүлін ұсындым.

Қуатты жырдан алушы ем,
Ғашықтық дерті үдетті.
Қолына бере салушы ем,
Алаулап тұрған жүректі!

Өткен соң ширек ғасырдай
Әр қырдан іздеп табам тек.
Жеткізер сырын жасырмай,
«Сағынып еске алам» деп.

Жүреkte мәңгі жатқанын
Айтамын ешбір жасқанбай.
Ей, менің махаббаттарым,
Шашылған асыл тастардай!

Жыр-алау жанған ұям бар,
Жүрегі сияр мың қыздың!
Бар асыл тасты жидым да,
Махаббат тауын тұрғыздым!



Төреғали
ТӘШЕНОВ

ҰЛУДЫ ҰЛЫҚТАУ

Біреу «ол құстай ұшар балық» дейді,
Біреу «жылан бөрі бас алып» дейді.
Біреу дейді «ол аждаһа мүйізі бар»,
Кім не айтса да, беймәлім анық кейті.

Білгіш биыл осындай жиіледі,
Ес білгелі естіген ұлу еді.
Жылбысқа боп жаралса, жазығы не,
Тышқан таудай, немене ірі ме еді?!

Жоқ нәрсеге жұрт солай жамыраулы,
Бар нәрсені шығарды танымауды.
Бабаңыздың бар шығар бір білгені,
Санатқа алса соқыр мен саңырауды.

Ажыратса жарық пен қараңғыны —
Ол да жұмбақ соқырдың саған сыры.
Құйттай емес, деп айтқан бабаң мұны:
«Құрт та болса Құдайдың адал құлы».

Ұлу — қасқыр дейсіңдер жамыраса,
Жанға жағып тұрған жоқ мұның аса.
Көшпелілер көмүсіз қалатындай,
Көк бөріше болмай ма ұлымаса?!

Саясаттың мұңкітпе сасық иісін,
Кіп-кішкентай болып-ақ нәсіп үйсін.
Айдаһар ғып ұлуды үлкейткенше,
Сол аждаһа ұлуға басын иісін.

«Ұлы» десе, ұлудың ұлылығын,
Айтқан, білем, алдымен сырын ұғын.
Хикметін Тәңірдің сезбейсің бе,
Жоқ екенін құлақ, көз, тілі мұның.

Тас сауытқа тығылып күн кешеді,
Тамшы көктен үзілген бұл кешегі.
Пана оған бір садап* болмағанда,
Жыл иесі ұлу боп тұрмас еді.

Қабыршағы ұлудың — тас үй еді,
Көктен құлап бір тамшы бас иеді.
Сол тамшыдан інжу тас пайда қылып,
Оны ұлу қып тірілген хас Ие еді...

садап* — теңіз түбінен алынатын маржан

АҚ СӘЛДЕ ЕДІ...

Сұлтанның төрі алтын тақтан еді,
Сәлдесі алты құлаш ақтан еді.
Сытырған Қағба шаңын қауырсынды
Тәжінің төбесіне таққан еді.

Пайғамбар он ораған ақ сәлде еді,
Келгенде кебін еткен Хақ пәрмені.
Қағбаның шаңын сұрткен қауырсынды
Ту қылып қақ маңдайға тақсаң, жөні.

Жасылдан, жоқ, болмаса, ақтан ба еді,
Жалт берді ақ сәлденің бақ-дәурені;
Ішінде сол сәлденің басы кеткен
Кешегі бабалардың батпан шері.

Бір ұшы сақтандырған жат-терістен,
Бір ұшы сыбырлаған Хақ боп іштен.
Ақ сәлден ағараңдап ай астында
Айналып соғармысың, ақ періштем!

Қайқайтып киген қара шләпіні,
Қаулады бұл заманның сұрапылы.

ҚАЙРАН ДӘУРЕН, ҚАЛДЫҢ-АУ ЖЫРАҚТА СЕН

Жарасқан шыңға ғана ақ сәлденің
Қалыпты шың басында шын асылы.

Ғазилар он ораған ақ сәлде еді,
Жөн бе еді бұл заманның жат көргені.
Тіріңде кимесең де, бір киесің
Түбінде, қияр кезде ақ сәулені.

Сәруар он ораған ақ сәлде еді,
Сөнбеген кеудемдегі жақ сәулені.
Тозаңдай тәубем қалар арашалап,
Төнгенде ақиқаттың ақ семсері...

ҰЯТ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

...Жеткізбейтін қусам да құр атпенен,
Қайран дәурен, қалдың-ау жырақта сен.
Оралады есіме бала күнде
Жолыққаным бетпе-бет ұятпенен!

Үш жарым ба, әлде сол төрттемің бе?
Дәл, анық жоқ жас шамам есте мүлде.
Егіс басы. Киіз үй. Жаздың күні.
Бір кісілер кеп жатты түс кезінде.

Жантайса-ақ керегі жұртқа гу-гу,
Есіл-дертім сытылып сыртқа шығу.
Кіріп-шығып шешем жүр арасында,
Сірә, шайын қайнатып шоққа қызу.

Әзіл-күлкі, әңгіме, дау да қызған,
Назар маған секілді аударылған.
Қозғала алмай отырмын қорғалақтап,
Құйрық жағы жыртылған шалбарымнан!

Құр жалтақтап, басқа не десін қасқа?
Қысылғанда келген ой есіл басқа:
Көзін ала төрдегі кісілердің,
Жаймен жылжып қоямын есік жаққа.

Әзіл сөзбен біреуі жұртты үйірген,
Кетпекшімін жылыстап бір бүйірден.
Шығар ауыз таядым есікке еппен,
Жылжи-жылжи ақыры құйрығыммен.

Атып шықтым... тұрдым да далаға кең.
«Аха-ха-лап» артымнан алабөтен
Ақтарылған күлкіні ұмытам ба?!
Ұмытыла ма, сол жырттық қара сәтен?!

Күлсе, күлсін, сол шығар күткені елдің,
Сол күнімді сол сәтте-ақ итке бердім.
Ұят деген бәледен қашып шығып,
Құтылдым ба деп еркін «уһ» дегенмін.

...Күліп шешем салғаны еске бірде:
— Қалай білдің ұялуды кішкенеңде?!
«Ұялшағын!» — сол кезде дескен ел де, —
«Көз көрер», — деп, — өзгерер өскенінде».

Қу қонақтар (екен ғой кіл жырынды),
Отырыпты бағып бар қимылымды...
Оралады есіме бала шағым,
Егістік жақ, киіз үй сол бұрынғы.

Тыр жалаңаш шапқылар қатар-теңім,
Жоқ жалаңбұт жүргенді атарға оғым...
Үш күн бұрын ұяттан, туар ем ғой,
Арсыз болмай білгенде атақ жоғын!..

Тұла бойды туғаннан ұят меңдеп,
Өсірді ғой, өстік қой «ұят қой» деп.
Ұялудан ұялып жүрміз енді,
Мысқылдай ма деп біреу «ұятмән» деп.

Сол ұяттан кеше еді ұя мықты,
Сол ұят боп кеудеден күй ағылтты.
Сұлуы елдің қысылып ажарынан,
Батыры елдің күшінен ұялыпты.

«Мал-жанымды алсаң да, арымды алма»
Деген жұрт ек, Құдайға жалынғанда.

Өзі ұялған өзінен оңашада,
Көзі ұялған — көріп тұр бәрін де Алла.

...Жеткізбейтін қусам да құр атпенен,
Қайран дәурен, қалдың-ау жырақта сен.
Сезбейтін ғой, сол күні қашамын деп,
Уақытпен қоштасыптын ұят деген!..

КҮПӘЙКЕ

Үшеуі де қыз болып алдыңғысы,
Жадырамай жүрді ме жардың түсі?



Қалғып кеткен сәті екен қажып анам,
Шаршап әбден шарқ ұрып жанның құсы.

Не демейді сыпсың сөз, сынай берсін,
Бергенінен жазбасын құдай, дерсің...
Әкемнің әкесі екен түсіне енген,
Жауып жатқан үстіне күпәйкесін.

Күйін кешкен күтумен шарасыздың,
Торлады ма көзінің шарасын мұң.
Құрсағына шыр бітіп (ол мен екем),
Ауыр аяқ кезі екен анамыздың.

Түс — тылсым табиғаттың құбылысы,
Атам екен ол келген жылы кісі, —
Шеше тұрмақ, әкемнің есінде жоқ
Бес жасында жетім қап, түрі-түсі.

Берем десе, аясын Құдай несін?
Мен туыптын ақпанда, ел «тіпәй!» десін.
Түсіне еніп анамның Тәшкен атам,
Аяны екен — жапқаны күпәйкесін.

Беу, атам-ай, сізбенен халім қырбай,
Тоңып анам жатқанда тәні мұздай,
Күпәйке емес, қамқа тон жапқаныңда,
Шалқып-тасып жүрер ме ем, хан ұлындай?!

Кешір, ата, күпірлік қылғаныма,
Тарт қамшыңмен тұяғың, ұр жоңыма!
Қамқа тон ғып өзіңе күпәйкеңді
Қайтарамын, дүние аман тұрса мына!

Атам киген күпәйке, әкем киген,
Мен де кигем, жылы деп тәтем сүйген.
Көне дәуір көзінде, киімнің де
Киесі бар — иістен бетер сіңген.

Әке-шешем бүгінде біреуі жоқ,
Сезгем сонау құрсақта-ақ тілеуім көп.
Жан жылуы сондағы күпәйкенің
Әлі күнге береді жүрегіме от...

БОС ТОСТАҒАН

Бай жақсы батырдан да, биліктен де,
Әр істі ақша бұзар қиліккенде
Молда Мұса Байзақұлы

Жеті сайын жетіп келер жұмада,
Көш-керуен өтеді бір шұбала.

Көрмейсіңдер, бірақ оны көргендер
Айтады деп: «Аруақтар — өлгендер».

Салқар көштің шыққан лек-лек шерумен,
Кереметі — байлар тартқан керуен.

Ол байлардың айырмасы басқадан
Қолдарына ұстаған бос тостаған.

Тостағаны бос болатын себебі,
Біреу дұға бағыштар деп дәмелі.

Бірақ емес дұғаға бай жарыған,
Сауап та жоқ, барар сосын соңынан.

«Бай байғұсым десін мені» дегендер,
«Бай байғұсқа тисін» демес көмгенде ел.

Бейшарадай бір ғана үзім нанға зар,
Бір бет сипар дұғаңызға бай да зар.

Қос қолымен ұстаған бос тостаған
Балбал тастар сол байларға ұқсаған.

Батыр, билер, әулие, шешен абыздар
Жайында көп айтылады аңыздар.

Дұға да ылғи бағышталар оларға,
Тостағаны толы сосын әманда.

Ал ұнатсын кім ынсапсыз байларды,
Бүгін де сол, бай мазаққа айналды.

Тостағына тым болмаса тамшы нұр
Тамсын десең, байға дұға қылышы бір!

Ырыс-бағы мал мен жанның, жер-көктің
Бай құтпаны, ит сырттаны сирек тым.

Бай болуың шарт емес, мәрт, кең болсаң,
Жомарт болу шарт, бірақ та бай болсаң!

Әр кедейдің ішінде бай тығылып,
Отырғанын жасырынып, ұғын, ұқ!

Ата-тегің, бүкіл есім-сойыңда
«Бай» буыны жалғанғанын мойында.

Батырлық та,
Билік те емес,
Бұлардан
Ең ауыры — байлықпенен сыналған!

АҒАДАН АЛҚАУ КҮТКЕН АЛБЫРТ АҚЫНҒА

Жоқ бұт артар, ең болмаса, шабан көк,
Қарай ма оған қысқан кезде қалам-дерт.
Албырт шағым, алып-ұшып ауылдан
Жылда келем «Алматыны шабам!» деп.

Маған қарап тұрғандай бар шартарап,
Тарыдай бақ кем, тек таудай нар талап.
Алты түмен қолым бардай, сонда еді
Алтыс өлең бар жүргенім арқалап.

«Шаба алмайсың!» — дейді досым, —
сен тұрмақ,

Мұқағали шаба алмаған сан тулап». Алматыдан алаөкпе боп қайтушы ем,
Көк дөнені көңілімнің боп көн тулақ.

Мыңқ етпесін сезіп заман-қоғамның,
Мыңқ етпегенді мен де үйренгем, ар алдын.
Меңіреудей, саңыраудай, мылқаудай,
Сіңген судай, батқан тастай боп алдым.

Досым да жоқ өкпелейтін, өшірген,
Жауым да жоқ, бәрін-бәрін кешіргем.
Суға батпас, отқа жанбас нәпсінің
Тұтқынынан опа іздеймін несін мен.

Қылыш ұстат қазір қолға шаппаймын,
Алтын шарап құй бір жұтым татпаймын.
Үйренесің, бірте-бірте осылай
Тұяқ серіппей өлуді де шақпай мұң...



**Назарбек
НҰРМАҒАНБЕТОВ,**
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
Қазақстанның құрметті заңгері

Ел аузында бағзы замандардан жүрген бұл оқиғаның болғаны қыпқызыл ақиқат, десе де дәл қашан және қай жерде орын алғаны туралы ортақ пікірдің жоқтығын естеріңізге салып кеткеніміз дұрыс болар. Бір болжам оны түү сонау Жошы хан алаңсыз салтанат құрған дәуірмен байланыстырса, екіншісінің одан әлде қайда беріректегі Христофор Колумбтың Американы ашуымен тұспа-тұс болдыра қоятыны өтірік емес. Басқалары да баршылық. Шындыққа тіресек, көшпелі қазақтардың Ұрым да, Қырым да бізден қалған деп жар салып, Азия мен Еуропа құрлықтарында олай да, былай да ат-түйесін желдіртіп жүрген уақыттарына дәлме-дәл келіп-ақ тұр.

Сонымен көп басыңызды ауыртып не қылайық, біздің жыл санауымыздағы бәленбайыншы ғасырдың тап орта тұсында еркек-әйелі, бала-шағасы аралас қазақтардың үлкен қосыны кең-байтақ жеріміздің батысындағы Жем, Сағыз өзендерінің бойынан өздеріне онша таңсық емес Еуропа князьдіктеріне айшылық уақыттарын сарп етіп, жол тартып кетіпті.

Ол кезде де қазақтар өте ақылды, көреген халықтардың қатарына кіретін-ді. Соның айғағындай, ел ағаларының шешімімен құрылған әлгіндей қосынның түпкі мақсаты — замана ағымынан қалмай, алыс-жақындағы өздеріндей ел-жұрттың немен айналысатынын, күн-көріс шамаларын, ғылым-білім жетістіктерін зерттеп-зерделеп қайту болса керек. Досыңнан дұшпаның көп заман ғой, ел басына әлдеқандай күн туса, бөгде жұрттардың да қарым-қайратын біліп отырғаннан кім зиян шегер деген шығар.

Сонымен, бұғалықтардың тарихы жайындағы басталған біздің хикаятымыз — әбден шыңдалған қосынның құрамындағы жүз қаралы адамның жол бойғы көрген-баққандары мен бастан кешкендері онша тартымды, һәм анау айтқандай шиеленісті болмағасын, күнделікті іш пыстырар жағдайларды өз жөнімен сырғытып, күндердің күнінде саяхатшы қазақтар қоныс тебетін қолайлы мекенжайға ат тіреген күннен бастап жалғасын тапты...

Айналасы таңғажайып көкпенбек, жеміс ағаштары сыңсып тұрған, сан жоталы қыраттардың етегіндегі бос алаңқай, өздеріне таңсық бұлақтардың суын бір-біріне армансыз шашып жүрген бала-шағаны айтпағанда, ересек кісілердің бәріне бірден ұнай қалыпты. Сақтықта қорлық жоқ, жақын маңайдан саналы адамзаттың қарасы көрінбегесін, шолғыншы жігіттер көз

жетер жердің біразын сүзіп шықты. Дегенмен, жөн сұрасар ешкімді таба алмай қайтып келген.

Олардан әлгіндегідей хабар алғасын қарайған жұрт қашанғы шошайып отырсын, елден шыққалы қосынның басшысы болып келе жатқан Тұғыр батырдың ақылымен түйелерге тендеген жүктерін бұзып, ашық алаңқайға жайғасып үлгерді. Бүгінше ағаш үйлерін тіктеген жоқ. Әлі де бірер күн ашық аспан астын паналап, аңдысын аңдуды жөн көрген. Кім білген, бұрын-соңды таныс болмаған бөгде елдің өздерінің үстеріне осыншама қазақтардың бас-көзге қарамай көшіп келіп жатқандарына қалай қарарын? Қонақжай достық көзқараспен бе, әлде көз алартқан дұшпандық пиғылмен бе?

Қосын үшін тып-тыныш өткен екі күн күткен жаналықтарын әкелген жоқ. Бұларды мазалаған ешкім болмады. Есесіне әйелдер мен балалардың көптен тосқан армандары осы жерде оп-оңай орындалып қалғаны рас. Әлгілерің сылдырлап аққан бұлақтардың мөлдір суына армансыз жуынып-шайынып, кір-қоңын тазалап, бір рақаттанып қалды.

Үшінші күні түс ауа биіктіктегі күзетші жігіттер әлдекімдердің қосынға жақындап келе жатқаны жөнінде хабар жеткізді. Сол-ақ екен, белгісіз адамдардың алдарынан қосын басшысы Тұғыр мен тілмәш Наркескен бастаған бір топ әлеуетті жігіттер сөйлеспекке шықты.

Шындығына келгенде, әлгілердің әрқайсысы да жан алысып, жан беріскен талай шайқастардың өтінде болған нағыз ержүрек қазақтар еді. Қосын басшысы Тұғырдың өзі сан мәрте қол бастап, қай жауынан да жеңіліс таппаған аға батыр болса, оның үлкен ұлы Наркескен ер сыналар сәтте алға жалғыз дара ұмтылатын жекпе-жектің хас шебері саналып жүрген. Керек жерде тілмәш болып кететіні — кезінде әкесінің көргендігінен талай елдерде білім алып, баршасының тілін еркін игеріп алған-ды. Жалпы алғанда, шет жұртқа аттанатын қосынның құрамы ылғи осындай жанкештілерден құралатыны қазақтар үшін қалыптасқан жағдай.

Келе жатқан шақырусыз қонақтарды бұлар қосқа жеткізбей тосып алды. Тұғыр мен Наркескен басқалардың алдына тұрған. Бірақ жөн сұрасуды бірден бастаған жоқ. Әдеп сақтауды ұстанған. Түпкі ниеттері — күннің ыстығына қарамай сауыт-саймандарын түп-түгел сықита асынып алып, астарына дырау-дырау ат мініп, айдың-күннің аманында сайланып-ақ келген жирен сарылардың райын байқамақ.

Олар да, қарсы алушылардың әужайынан әлемге аты кеткен қаһарлы Шыңғыс ханның жұрағаттары екенін іштей сезіп қалған шығар, әйтеуір бірден ұрына кеткен жоқ, зілдерін асықпай шығарды:

— Кімсіңдер өздерің, жеріміздің ең күйкалы жерін баса-көктеп меншіктеп алып, қос тігіп жатқан? Әлде, бұларын бізді басынған түрлерің бе?

Осындай қитұрқы сұрауға іштей дайын жүрген Наркескен әкесіне бір қарады да, оның ыңғайын танығасын, еуропалықтардың ортақ тілінде жауабын бере бастады:

— Амансыздар ма, қонақжай жұртшылық? Біз айшылық алыс жердегі қазақ деген елден келдік, арғы аталарымыздың тегін сайын далада аңыз болған қыпшақтар деседі. Жауласқалы келген жоқпыз, танысып, достасқалы келдік. Жастарымызға жаңа кәсіп-білім үйреткелі келдік. Сіздердің қарсы алу ілтипаттарыңызға орай елден алып шыққан алтын-күмісіміз жеткілікті. Еуропаның асыл текті князьдарының адал жұбайлары мен әсем қыздарына қазақ даласының алтын-күмісінен жасалған әшекейлер жараса кететін шығар деген үміттеміз.

Шақырайған күннің астында

БҰҒАЛЫҚ

(тарихи-танымдық хикаят)

мынандай ұнамды да мағыналы сөздерді күте қоймаған еуропалық мықтылар өздерінің тарапынан ойлы жауаптарын дайындағанша арт жақтарында жымың-жымың етіп тұрған үш-төрт әдемі жас қыздың біреуі әдептілігінен жаңылып:

— Жарайсың, жас батыр! Еуропаға қос келдіңіз, — деп айқайлап жіберді.

Мынандай күтпеген дауысты естігенде Наркескеннен басқа қазақтар мағынасына түсінбесе де, аса ыңғайсызданып қалды. Бұлардың әдет-ғұрпында ересек кейуаналар болмаса, әйел атаулы еркектердің ісіне араласпаушы еді, сондықтан «қырық үйден тыйым салынбаған» мына қыздың оғаштау қылығын қалай жорырларын білмей әлі ойланып тұр.

Еуропалықтардың басшысы болуы керек, іштеріндегі ең мысы басым, өзі аса ірі, көрікті кісі:

— Тоқтатындар мына бассыздықты, — деп желөкпе қыздарға ашулана қарады да, өзінің қасындағы жастау сарбазға, — Князь Эдвард, мыналарды жедел тыныштандырындар да, саптан шығарып, күймеге мінгізіндер. Менің көзіме енді түспесін, — деді.

Жас князь болса әлеуеті үлкенінің бұйрығын бұлжытпай орындауға кірісті, бірақ еркетотай жас сұлулардың біреуі одан сайын қызынып, жарияланған пәрменге онша бағынбай салғыласып бара жатты.

Бұл қыздың Эльза атты жасы он сегіздердегі, өзі әлгіндегі топ басшысының қызы екенін қазақтар кейінірек білді. Мынау көрсеткен түсініксіздеу қылығы бұған дейін Наркескен сияқты нағыз дала қыранын кездестірмегендіктен оған қатты сүйсінгендік сезімін тежей алмай қалғанымен қатар, өзін бар қызықтан шеттеткенге наразылық білдірген түрі сияқты.

Сонымен, отбасылық кикілжің тамам болып, үлкен князь біресе Тұғырға, біресе Наркескенге көз жүгіртіп, сосын аздап түсін жылытып:

— Байқаймын, сендер де әкелі-балалы жандарға ұқсайсындар. Мені де түсініп тұрған шығарсындар, маңдайыма біткен жалғыз қызым Эльза ғой, өз білгенін істегісі келіп тұрған. Ал енді, өздеріңнің ұсыныстарына келсек,

түбегейлі демей-ақ қояйын, біраз уақытқа қоныс бөлісуге қарсы емеспін. Бала-шағаларың баскесер болмай, еуропалық білім-ғылым үйренеміз десе, оның да бір реті болар. Менің мекенжайым мен тас қорғандарым осы жерден жарты күншілік жерде орналасқан. Көңілдерің өзгермесе, сәлем-сауқаттарыңды сол жерге әкелерсіңдер, — деп бір тоқтады да, сосын, — айтпақшы, анау жайылып жүрген жүн-жүн дәу жануарларың мен сүйекке таласатын сабалақ иттеріңді біздің жаққа көрсетпей-ақ қойындар, әйелдеріміз бен балаларымыз шошынып қалар, — деп бастаған

әңгімесін жалғастырып келе жатыр еді, онысын біршама жерден естіп қалғандай төрт-бес ашушан төбет пен жүйрік қайыңқаптал Тұғырдың қосыны жақтан ырылдай шауып келіп, Еуропа жерінде кейбірі ұсақ аң аулайтын, кейбірі үй күзететін тәрбиелі иттердің әп-сәтте ту-талақайын шығарды.

Абырой болғанда, қорғансыз жануарлар қайда қашарын ұмытып қалып, бастарын артқы аяқтарының арасына сиғызып, жапатармағай көк шөпке жығыла кеткенде, намысқой иелері аспанға оқ атып, дала жампоздарының арынын тежеді. Соны пайдаланған қазақ жігіттері өз иттеріне жекіп, қосын жаққа қуып жатты. Наркескен болса, мына ыңғайсыз жағдайдан тезірек шығып кетудің қамын жасап:

— Князь, байқап тұрған шығарсыз, біздің иттер сіздің сөздеріңізді түсініп қалды ғой. Итпісің деген, өштерін сырт жердегі қандастарынан алып жатқан түрі ғой, сосын. Енді бұндай жағдай қайталанбайды, осы бүгіннен қалдырмай-ақ әбден жазалаймыз өздерің, — деп жуып-шайып жатыр.

Князь оның тапқырлығына жымиды:

— Сен өзің ақылды адам сияқтысың, жарқыным. Бірақ та болмашы ыңғайсыздық туғызғандары үшін иттеріңді өлтіріп тастай көрмендер, басқа уақытта керегі болар. Біз ондай жауыздықты аса жек көреміз. Дегенмен, енді таныссақ та бөтен болмас. Менің аты-жөнім — князь Ричард, қасымдағыларым — әскербасылар мен қызметкерлерім. Ал сіздерді қалай деп атағанмыз жөн екен?

— Менің әкемнің аты — Тұғыр батыр, осы қосынның басшысы болады. Өзімнің атым — Наркескен. Қасымызда тұрғандар — біздің қолбасшыларымыз, олармен кезі келгенде таныс-біліс бола жатарсыз.

— Ендеше, сіздер осы өздеріңіз қолайлы көрген қонысқа жайғаса беріңіздер. Бұл айналасың бәрі — ата-бабамнан келе жатқан менің жерлерім. Өткен-кеткен сұраушыларға менің осы сөзімді жеткізсеңдер, бөгде ешкімнің мазаламасына сенімдімін. Аман-есен кездескенше сау болындар, менің жана таныстарым.

Алды сәл қаттылау болған кездесудің ақыры осылайша, жаймашуақ бітті. Ричард бастаған қарулы топ тентек қыз Эльзаны орталарына алып өздерінің қорғанына кетті. Ал, Тұғыр батырдың қарауындағылар айналасын қуанышты күлкілерімен толтырып, оюлы ағаш үйлерін көк жасыл алаңқайларға жағалай қондыруға кірісті.

Тұғырдың қосынының жаңа жерде орын тепкеніне он күн толғанда князь Ричардтан жаушылар жетті. Батырдың айналасы бұл кездесуді күтіп отырған. Өздері айтқан алтын-күміске қоса Ричард бастаған князьдарға бірнеше әшекейлі ер-тұрман дайындап, сұлу

жұлқынып тұрған жұмыр арғымақтың жып-жылтыр сауырына қазақы әшекейлі әсем ерді салдырды да, қорған сыртында айнала шауып, қазақтарға аса ризашылығын білдірді. Ал сыйға әкелген алтын-күміс ұстаханада түгелдей балқытылып, шебердің қолымен барша әйел қауымына әртүрлі әшекейлер түрінде таратылатын болды. Сапалары жоғары қазақы ерлер жоғарғы шенділерге үлестірілді. Аппак ақ тайлақ шын қуаныштан алақайлап қол шапалақтаған Эльзаның жетегінде кетті. Қызының мына қылығын көрген князь Ричард жымып қойды, шамасы өзінің «түйелерінді қорғанға



арғымақты жетекке алатындары өз алдына, қылығы ерекше болған Эльза сұлуға да Наркескеннің ақылымен есте қаларлық сый апаратын болған. Онысы құйрығы шолақтау кесіліп, жүні тықыр күзеліп, тұмсығы мен мойынын қызылды-жасылды тоқыма арқан көмкерген, көздері мөп-мөлдір, үсті-басы туысынан түгелдей аппак, кішкентай ғана қос өркештің иесі — он екі айлық ақ тайлақ еді. Соңғы кездерде анасынан ажыратып, қолдан сүт бергенге әбден көнгені тағы бар.

Бірінші кездесудегі князь Ричардтың аузынан шыққан «ұсқынсыз түйелерінді қорғанға жолатпандар» дегені есінде сақталғанымен, мынандай сұмдық сұлулыққа ешкім де қарсы сөз айта алмас деген ой Наркескенді бәрібір осындай қадамға итермелеп еді.

Бұған Эльза қанша тентек болғанымен, ақылдылығы басымырақ, батыл мінезді, сүйкімді қыз болып көрінгені жасырын емес. Болмаса, бұрын-соңғы өзі танып-білмеген адамдарға жаны ашып, қасындағыларынан бұрын «қош келдіңдер» деп айқайламас еді ғой. Кейін байқаса, жалғыз қызының сол қылығы князь Ричардтың бұдан былайғы мейірбандылығына да жол ашқан сияқты.

Сонымен, Тұғыр бастаған топ еуропалық князь Ричардтың тас қорғанына аяқ басты. Олардың әкелген сыйлықтарын көрген камал тұрғындарының ішінде аһ ұрмағаны жоқ. Қаншама ұстамды болғанымен Ричард князь ерекше толқып кетіп,

жолатпандар» деп қазақтарға айтқан өткендегі ақылы есіне түссе керек.

Сонымен екі жақтың алыс-берісі жақсы жолға қойылып, сый-сияпат алмасқандар ризашылықпен тарасты.

Артынша білім қуғандар мен кәсіп үйренуші жастар жағы тас қорғанға кетті. Ал Ричардтың адамдарының ақылымен ағаш қоршаулар тұрғызған қазақтар мал өсірудің жаңа тәсіліне ден қойды. Бұрын ең далада малды кидулап қуып жүріп бағатын болса, енді қоршаулардың ішіне жем шашып, бордақылауға көшті. Әйелдер жағы аналық малдардан сүт сауып, шығаратын өнімдерін барынша түрлендіріп жатты. Ер-азаматтар жағы егін егіп, мал азығын дайындауға ден қойды.

Ең қызығы, бұлардың қосынына ақ тайлақтың ішіп-жемі мен күтімін сылтауратып Эльза сұлу жиі ат шалдыратын болған. Әсіресе онсыз да шаруасы басынан асып жүрген Наркескенге сұрақ үстіне сұрақ беріп, сосын болмашы нәрсеге сықылықтап күлуді әдетке айналдырып алды. Қыздың мына қылығы сұр бойдақ Наркескенге ұнағанымен, Тұғыр бастаған үлкендерді шошындыратын болды.

Бұндай құштарлық сезімнің түптің түбінде еш жақсылыққа апармайтыны кім-кімге де түсінікті еді.

Сондықтан әкесі Наркескеннің қасына бірнеше қайратты жігітті қосып беріп, қуықтай Еуропаның қаптаған елдерін зерттеп-білуге жиі-жиі аттандыратын болған. Бұнысы, бір жағынан, өздерінің осында келердегі

түпкі мақсаттарымен байланысты болса, екінші жағы — жастардың арасын суытып, болашағы жоқ қатынастарын түбегейлі үзу еді.

Ондайда Эльза ақ тайлақты қасына алып, ұзақты күн алысқа көз салатын, басқаларға көңіл бөлместен Наркескеннің келуін күтетін. Қысқасы, екі жастың арасындағы қарым-қатынас аса күрделеніп, князьдың ерке қызы айдың-күннің аманында көшпелі қазақтың нар жігітіне байланып қалған. Ал ақылды Наркескен болса, қызға қанша басы кетсе де, мына тығырықтан шығып кетудің амалын ығи да қарастырып жүретін болды.

Сондай күндердің бірінде Тұғырдың аулына тас қорғандағы тілмәш шәкірттердің бірін ерткен жас князь Едвард келді. Бойы ұзын, денесі кеспелтек, астына жарау ат мінген жігіт ауыл басшысы Тұғырдан Наркескенді сұрады.

Наркескен кезекті сапарда жүрген. Оны естіген Едвард желпініп:

— Егер де менің қалыңдығым — Ельзадан аулақ жүрмейтін болса, сазайын өз қолыммен беремін. Қорықпаса, тұрысатын жерін айтсын, — деп айбат шекті.

Тұғыр болса қаншама ысынғанымен, ашулы жігітті бүктеп тастауға асыққан жоқ. Андысын аңдуды жөн көріп, үнсіз қала берді.

Сөйтсе, ашуланатындай жөні де бар екен: Эльза сұлу даланың рыцары Наркескенді көргелі жас кезінен атастырылған мына ақсүйектің тұқымын мансұқ етіпті. Тіпті ақыл айтқан әкесі Ричардты да тындамай, «Наркескеннен енді ажырамаспын» деп ашық айтуға көшкен көрінеді. Бұның бәрін жеткізген өздері тас қорғанға білім алуға жіберген тілмәш бала.

Бір аптадан кейін Наркескендер сапардан оралып, Тұғыр екеуі Ричардқа жолықпаққа бекінді. Князь Ричард та құр адам емес, қазақтардың тұрағында ат ойнатқан Едвардтың қылығынан кейін бұлардың көп ұзатпай келерін сезіп отырса керек, ас үстінде көпті көрген тәжірибелі сарбаз әңгімесін жедел бастап кетті:

— Мына өздерің көрген қызба Едвард, менің ескі достарымның бірінің ұлы еді. Әкесі екеуіміз сонау шақтарда достығымызды туыстықпен жалғастырайық деп, оның ер баласы мен менің қызым Эльзаны атастырып едік. Өсе келе олар бір-бірін жатырқаған жоқ, сондықтан ендігі кезекте қалыңдық пен күйеу атанатын той күнінен үмітті болдық. Ақырын көрмейсіздер ме, не болғанын. Менің Эльзам тым еліктегіш, сезімге берілгіш қыз болып өсті. Соның арқасында болар, еуропалықтарға ұқсамайтын Наркескенді көргенде ақыл-есін опонай жоғалтып алғаны. Мына қалпынан өзім де қорқып отырмын. Жасыратыны жоқ, сендерге бір кісідей үйреніп қалып едім. Сондықтан ұзаққа созбай шешімді айтайын: Наркескенді жедел түрде өз елдеріне қайтарындар. Әзірге оған Еуропа жеріне жол жабық. Наркескеннің кішкентай туысқандары тым зерек екен, тілмәштік қызметке жарап-ақ тұр. Сондықтан былайғы жерде екеуіміздің ара-қатынасымызға ешкім кедергі келтіре алмас. Ал Эльза мен Едвардтың жағдайын өзім-ақ

шешермін. Тұғыр батыр, Наркескен, сіздер енді не айтасыздар?

Қ а н ш а л ы қ т ы қ а т а л д ы қ т а н ы т қ а н ы м е н , Р и ч а р д т ы ң а й т қ а н ы қ а л ы п т а с қ а н ж а ғ д а й д а б і р д е н -б і р д ұ р ы с ш е ш і м е д і . О н д а й д ы к і м б а т ы л ы б а р ы п ж о қ қ а ш ы ғ а р а а л с ы н ? А қ ы л д ы Т ұ ғ ы р д а о с ы н ы ұ с т а н д ы :

— Ричард князь, сіздің айтқаныңызға мен де, ұлым Наркескен де қосыламыз. Сондықтан баламды елге қайтаруды өзім де дұрыс санап отырмын. Алдағы уақытта бірлігімізге қылау түспеуін тілейік.

Ертесіне Наркескен алыс жолға дайындалды. Әкесі оның елге жалғыз кетем дегеніне қарсы болған жоқ. Қасына адам ертсе, бұл жақтағы шаруаларға қарайтын жұмыс күшінің азая түсетіні тағы бар. Сол екі арада астына биік жирен ат мінген, жетегінде ақ тайлағы бар Эльза қазақтардың тұрағына асығыс жетіп келді. Киім киісі мен ердің қос жақтауына артқан заттарына қарағанда, алыс жолға шығуға дайындалып келген сынай танытып тұр.

Өздерінің ағаш үйінің сыртынан қызды көрген Тұғыр мен Наркескен не істемек ойы бар дегендей, Эльза жаққа сұраулы жүзбен қарап қалған. Алайда олар өзара тіл қатысып үлгерген жоқ. Қолына дойыр шокпар ұстап, жүйрік атпен ортаға кірген ашулы Едвард Наркескенді көздеп, қаруын жұмсап үлгеруі мұң екен, бұндайдың талайын көрген Тұғыр батыр оның шынтақ тұсынан қағып үлгерді. Сокқы Наркескенге емес, Тұғырдың иық тұсына тайып барып тиді. Осыны күткен Тұғыр шабуылдаушының дойырына қос қолдай жабысып өзіне қарай тартып қалғанда, Наркескен Едвардтың арт жағынан секіріп, бұзақы жігітті екпінімен қатты жұлқи көк шалғынның үстіне ат-матымен құлатты.

Бейқам тұрған қазақтардан осыншалық әбжілдікті күтпеген Едвард есін жинап үлгергенде, өзінің байлаулы жатқанын бір-ақ көрді.

Сонымен араға күн салып, әкелі-балалы қазақтар тағы да Ричард князьдың қорғанына келіп кірді. Жалғыз өздері емес, жетектегі арбаларында байлаулы жатқан кіші князь Едвард, одан әрі жирен ат мінген сұлу Эльза мен ақ тайлақ бар. Тілі жоқ сәби жануардың көңіл күйі жаман емес сияқты, мөлдір көздерімен жан-жағын батыл шолып тұр.

Кешкісін оларды Ричард тағы да қабылдап, болған жағдайдың бәрін өз ауыздарынан естіді. Кезек Ричардқа келгенде:

— Шешілмейтін түйін жоқ, не болғанда да осы жолы бір байламға келмесек, ендігіміз мүлде кеш болар. Сендер әзірге осы жерде болындар, қорытынды сөзімізді ертеңнен қалдырмаспыз, — деп өз пайымдауын ашық айтты.

Ертесіне әр деңгейдегі біраз князь тас қорғанның ішіндегі мінберге жиналып, орталарына Тұғыр мен Наркескенді шақырды. Қандай шешім шығарылатыны Эльза мен Едвардқа алдын ала хабарланып қойса керек, олар бұл мәжіліске қатысқан жоқ. Князь Ричард көп тостырмай сөзін бастады:

Қоғамның тарихи жады — бір-бірінен үзік тұрған деректердің жиынтығы емес, үздіксіз ізденіс пен ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын интеллектуалдық еңбек нәтижесі. Тарих ғылымы әр дәуірдің тәжірибесін жүйелеп, қоғамдық сананың бағдарын айқындайды: неге мән береміз, нені қорытынды етеміз, қандай сабаққа сүйенеміз — осының бәрі тарихи пайыммен байланысты. Мұндай жолда тұлғаның ғылыми адалдығы, әдіснамалық тиянақтылығы, ұстаздық мәдениеті ерекше рөл атқарады. Осы тұрғыдан қарағанда, Жұмаділ Арман Қабдешұлының ғылыми-педагогикалық қызметі — отандық тарихнаманың, жоғары мектеп мәдениетінің және қоғамдық диалогтың тоғысқан кеңістігінде қалыптасқан еңбек тәжірибесі.

Әдеби ортада өсудің бір ерекшелігі бар: сөзге жауапкершілік ерте орнығады. Қабдеш Жұмаділовтің шаңырағындағы тәрбие де осы ұқыптылықты талап ететін орта еді. Мұнда бедел атаумен емес, еңбектің салмағымен өлшенеді. Арман Қабдешұлының кейінгі ғылыми және ұстаздық мәнерінен байқалатын жинақылық, дәлдікке ұмтылу, тұжырымды негізсіз айтпау — осы ішкі тәрбиенің сабақтас қасиеттері. 1966 жылы 27 ақпанда Алматы қаласында дүниеге келген Арман Қабдешұлы 1983 жылы Алматыдағы №12 қазақ орта мектебін тамамдап, сол кездегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түсті. 1990 жылы университетті бітіріп, тарихшы мамандығын алып шықты. Университет қабырғасында қалыптасқан ғылыми мектеп жас маманның сағасына, ең алдымен, бір қағиданы орнықтырды: тарих — дерекпен сөйлейтін ғылым. Ең даулы мәселенің өзі эмоциямен емес, дәлелмен талданғанда ғана ғылыми айналымда орнығады. Арман Қабдешұлының кәсіби жолында осы ұстаным тұрақты сақталды.

Еңбек жолын Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында бастады. 1990—1993 жылдары этнология бөлімінде аға лаборант, кейін кіші ғылыми қызметкер ретінде қызмет атқарып, этноәлеуметтік зерттеулер жүргізуге қатысты. Бұл кезең кәсіби тұрғыдан маңызды мектеп болды: ғылыми экспедициялардың ішінде жүріп дерек жинау, бақылауды жүйелеу, әлеуметтік құбылысты өз контекстінде түсіндіру — тарихшы үшін аса құнды тәжірибе. Оңтүстік және Батыс Қазақстан өңірлеріндегі далалық жұмыстар оның зерттеушілік кеңістігін кеңейтті: тарихты тек құжаттан ғана емес, қоғамның тірі құрылымынан да тануға мүмкіндік берді. Сол жылдары этнология саласындағы белгілі ғалымдардан тәлім алғаны да оның ғылыми көзқарасын қалыптастыруға әсер етті: ұғымды дәл қолдану, материалды салыстыру, деректі асықпай «сөйлету» — зерттеуші мәдениетінің негізгі белгілері ретінде орнықты.

1993 жылдан бастап оның негізгі қызметі жоғары мектеппен тығыз байланыста жалғасты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетінің Қа-

зақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы кафедрасында оқытушылық қызмет атқарып, бірнеше буын студенттің қалыптасуына ықпал етті. Оның аудиториядағы ерекшелігі — талапшылдық пен байыптың үйлесуі. Сабақ үстінде оқиға жай айтылып қана қоймайды: дерек қайдан шықты, авторлық көзқарас қандай, балама пікір бар ма — осылар бірге қарастырылады. Тарихи факт пен оның түсіндірмесінің ара-жігін ажырата білу — оның дәрістеріндегі басты мәдениет. Осы тәсіл студентті жай тыңдаушы күйінде қалдырмай, ойлануға, сұрақ қоюға, пікірін негіздеуге үйретеді. Ақиқатқа

дәстүрін жүйелейді; халықаралық байланыс ғылыми кеңістіктің тынысын кеңейтеді. Осындай салаларда нәтиже бір күнде көрінбейді. Ол ұзақ мерзімді тұрақтылықпен өлшенеді. Арман Қабдешұлы басқаруда да «қысқа әсерге» емес, жүйеге сүйенетін адамдардың қатарынан: бастаманы ұранға айналдырмай, нақты іске айналдыруға ұмтылатын басқару стилі соны аңғартады.

Ғалымның ғылым жолындағы маңызды белесі — 2010 жылы қорғалған кандидаттық диссертациясы. Тақырыбы: «Көшпелілердің әскери ісі: тарихнамалық талдау».

ҒЫЛЫМИ МІНЕЗ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚ



апарар жолдың бірден-бір амалы — дәлел екенін ол аудиторияның өзінде-ақ орнықтырып отырады. Ұстаздықтың өзегі — білім беру ғана емес, ғылыми әдеп қалыптастыру. Арман Қабдешұлының ұстаздық миссиясы осы тұста көрінеді: студентке дайын тұжырым ұсынғаннан гөрі, ойлау тәртібін үйрету. Тақырыпты «әдемі айтуға» емес, «дұрыс түсінуге» жетелеу. Ғылыми мәтінге келгенде де осы қағида өзгере бермейді: құрылым, дереккөз, цитата мәдениеті, ұғымның анықтығы — бәрі бірдей маңызды. Сондықтан оның айналасындағы жас зерттеушілердің жұмысына қарап та белгілі бір мектептің сипаты сезіледі: жүйелілік, ұқыптылық, асығыс қорытындыдан сақтану.

Университет кеңістігіндегі ұйымдастырушылық қызметі оның тәжірибесін жаңа деңгейге көтерді. 2005—2010 жылдары факультет деканының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, 2010—2014 жылдары ғылыми-инновациялық қызметі мен халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді. 2014—2016 жылдары факультет деканы қызметін атқарды. Бұл лауазымдар көбіне сырт көзге әкімшілік міндет сияқты көрінуі мүмкін. Алайда университет өмірінде дәл осы бағыттар — академиялық мәдениеттің тірегі. Тәрбие жұмысы студенттік ортадағы құндылықтар мен жауапкершілік түсінігін қалыптастырады; ғылыми-инновациялық сала зерттеу

Мұндағы басты ерекшелік — әскери тарихты тек шайқастар мен қақтығыстардың баяны ретінде қарастырмай, оны қоғамның ішкі тәртібімен байланысты институт ретінде талдауға ұмтылу. Көшпелі ортадағы әскери құрылым — биліктің ұйымдасуы, тәртіптің орнығуы, жауапкершілік мәдениеті, әлеуметтік иерархия сияқты ұғымдармен сабақтас. Дәл осы қырды ашу әскери тарихты «тар сала» шеңберінен шығарып, өркениеттік деңгейде пайымдауға мүмкіндік береді. Ал тарихнамалық талдау тәсілі — осы салада бұрын айтылған пікірлерді салыстырып, ғылыми дәстүрдің қалай қалыптасқанын көрсету арқылы зерттеуге салмақ береді, яғни бұл жерде мәселе «не болды?» деген сұраққа ғана емес, «оны ғылым қалай түсіндіріп келді?» деген сұраққа жатыр.

Арман Қабдешұлы — алпыстан аса ғылыми еңбек пен мақаланың, оқу құралдары мен жинақтардың авторы. Оның еңбектері ішінде «Еуразия көшпелілерінің әскери ісі: тарихнамалық талдау» монографиясы, «XVI—XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ-жоңғар әскери-саяси қарым-қатынастары», «XX ғасырдың 20—30 жылдарындағы Қазақстандағы мәдени үдерістер» оқу құралы бар. Бұл еңбектердің барлығында ортақ бір белгі байқалады: тақырып күрделенген сайын тіл де, ой да дәлдене түседі. Артық эмоция, орынсыз айқай жоқ; керісінше, материалды таразылау, ұғымды нақтылау, деректі сөйлету бар. Ғалымның кәсіби деңгейі дәл осындай ішкі тәртіптен көрінеді.

Соңғы жылдары ғылыми зерттеу мен жоғары мектептегі қызметін қатар жалғастырып келеді. Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми жобаларына қатысып, зерттеу жұмыстарымен айналысады. Сонымен бірге ҚБТУ-да профессор ретінде дәріс оқып, кәсіби тәжірибесін техникалық бағыттағы студенттермен бөліседі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен де академиялық байланысын сақтап отыр. Бұл үш орта — мазмұны әртүрлі, талабы әрқилы кеңістік. Осындай жағдайда кәсіби өлшемді бір қалыпта ұстап тұру тұрақты дайындық пен ішкі тәртіпті қажет

етеді. Оның тәжірибесі дәл осыны көрсетеді: қай жерде болса да ғылыми талап төмендемеуі керек.

Арман Қабдешұлының белгілі бір кезеңде «Ақ жол» партиясының Алматы қалалық құрылымында жауапты қызмет атқарғаны — оның қоғамдық өмірге араласқанын көрсететін факт. Мұндай қызметті мақтау не даттау арқылы емес, қоғамдық жауапкершілік тәжірибесі ретінде ғана бағалаған дұрыс. Себебі қоғамдық кеңістікте сөздің салмағы бөлек өлшенеді: дәлел мәдениеті әлсіресе, пікір эмоцияға тез айналады. Ал ғылыми ортадан шыққан адамның қоғамдық алаңда да

асығыстыққа жол бермей, аргументке сүйенуі — бүгінгі ақпарат көп, жүйе аз кезеңде қажет қасиеттердің бірі.

2022 жылғы 14 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталуы — оның ғылыми-педагогикалық еңбегінің бағалануы. Бұл марапат жеке бір сәттік табыстың емес, ұзақ жылдық жүйелі қызметтің нәтижесін көрсетеді. Ғалым үшін ең үлкен марапат — тек атақ емес, еңбектің уақыт сынынан өтуі. Ал уақытқа шыдайтын еңбек міндетті түрде тәртіпке сүйенеді.

Арман Қабдешұлының тұлғалық болмысы тек қызметтермен шектелмейді. Отбасы — оның өміріндегі тұрақтылықтың тірегі. Жұбайы Махаббат Токтарқызы, ұлдары Ерасыл мен Мағжан, немересі Баймұрат — ұрпақ сабақтастығының көрінісі. Ой еңбегі көп жағдайда сырт көзге көрінбейтін күшті талап етеді: ұзақ оқу, ұзақ жазу, ұзақ ізденіс. Мұндай жолда отбасыдағы тұрақтылық адамның жинақылығын сақтайтын маңызды негізге айналады.

Алпыс жас — есеп беру емес, өлшеу. Бұл кезеңде адамның лауазымы ғана емес, қалыптастырған мәдениеті, ұстаздық мектебі, ғылыми ұстанымы бағаланады. Ғылыми адалдық, ұстаздық талапшылдық, басқарудағы жүйелілік, қоғамдық ортадағы жауапкершілік — осы қасиеттер оның кәсіби бейнесін айқындайды. Жұмаділ Арман Қабдешұлының жолы — өлшемнен төмен түспеген жол. Ол өз саласында да, аудиторияда да, ұйымдастыру ісінде де бір принципті ұстайды: дәлелсіз сөздің құны жоқ.

Сондықтан бұл мерейтой — жеке дата ғана емес, ғылыми мәдениет пен ұстаздық жауапкершілікке құрылған өмір тәжірибесінің белгісі. Уақыт өте келе көп дүние ұмытылады, бірақ жүйелілік пен дәлдікке сүйенген еңбек ұмытылмайды. Мерейлі жас құтты болсын! Алдағы уақытта да оның ғылыми еңбегі, ұстаздық мектебі, байыпты ұстанымы отандық тарих ғылымының дамуына қызмет ете берсін.

**Жарылқасын ЖАППАСОВ,
Назия ТАСИЛОВА,**

*тарих ғылымдарының кандидаттары,
қауымдастырылған профессорлар*

(Басы 20-21-беттерде)

— Еуропалық князьдардың жиыны өзара кеңесе келіп, бар таласты екі батырдың жекпе-жегі шешіні деп ұйғарып отыр. Жекпе-жекте шығатындардың атыс мылтықтарынан басқа барлық қаруды қолдануына болады. Жерге бірінші болып құлаған адам жеңілген болып саналады. Ал екеуі қатар құласа, жекпе-жек қайта жалғасады. Жекпе-жекке қатысушылар қасақана адам өліміне жол бермеулері керек. Шайқастан алдын ала бас тартуға болады, ол жеңілгенмен бірдей. Біз бекіткен негізгі ережелер осындай. Сіздер не айтасыздар, казак батырлары?

— Ұйғарымыңыз өте орынды, князь. Дегеніңіз болсын. Өзімнің де қосатыным бар еді. Менің ұлым Наркескен кешегі күтпеген тартыста аяғын жарақаттап алған. Атка отыруы қиындау болып тұр. Сондықтан жекпе-жекке түйемен шығуды қолайлап отырмыз.

Мынаны естіген Ричард еріксіз жымып қасындағылармен ақылдасты да, Тұғыр жаққа қарап кесімін айтты:

— Жекпе-жекке шығатын батыр қандай жануарға аяқ артса да шек қойылмайды. Тек түйелерің екеу болмасын, біреуіне ғана мініп шықсын.

Осымен кішігірім мәжіліс бітіп, жиналғандар тарасып жатты. Ертесіне қарақұрым адам Ричардтың тас қорғандарынан онша алыс емес, табаны теп-тегіс атшаптырым алаңқайға жиналған.

Жекпе-жек алаңына бірінші болып астына дәу кара бура мінген Наркескен шықты. Дала жануарының үстіндегі жүндерінің қайшы көрмей алаңсыз шудаланып өскені соншалық, сырттай тамашалаған еуропалықтар оны Альпі тауларын кезіп жүретін кодас бұқаларға ұқсатып тұр.

Қазақтың жас батыры өте ықшам киінген. Жұқа сауыты жеңіл күпісінің ішінде қалып, онысы сырт көзге онша байқалып тұрған жоқ. Басында дульға, қос қолын шынтақ тұсына дейін кіреуке қолғап жасырып тұр. Сол қолына әбден безбенделген қайың шокпар ілген, оң қолы бос.

Дала рыцарьлары Еуропалық жекпе-жек шеберлеріндей емес, бастарын жоғары ұстап тіп-тік шайқасын бұлар таубітті еркіндеу, шалт қимылға үйір, шетінен табиғи виртуаздар болып келеді. Наркескен де — жастайынан түрлі қару-жаракты екі қолымен бірдей ұршықтай үйренуге дағдыланғанын, сайыстарда ат түгілі, түйенің үстінде де оп-оңай өз дегені мен ойына алғанын істей беретін-ді. Ал сол қолына қару ұстағаны, — оң қолын басқа амалға даяр қылып бос қойғаны болар.

Еуропалықтар Наркескеннің жұпыны ғана асай-мүсейін зерттеп, артық-кемін өздерінше бағалап жатқанында, алаңның екінші бетіне алып ақ боз ат мінген Едвард шықты. Үсті-басы түгелдей жарқыраған темір-терсекпен көмкерілген, атының да біраз жеріне әшекейлі сақтық құралдары ілінген сұсты батырдың сән-салтанатының өзі қарадай адам қорқытатындай. Оң қолымен ұзындығы мен өткір ұшына қарап найза дейтіндей, ал салмағы мен дойырлығы еріксіз шокпар дегізетіндей, бір алапат соғыс қаруын ұстап тұр. Оны көздері шалған еуропалықтар тіріліп келген Юлий Цезарьдың өзін көргендей жапатармағай қол соғып, алдағы шайқасына өздерінше дем беріп жатыр.

Жекпе-жек басталмас бұрын ұйымдастырушылар тарапының адамдары екі батырдың сайыс алдындағы хал-жағдайларын біліп, шайқас ережелерін тағы бір пысықтап өтті. Көздері қанталап, жау қайдалап тұрған хас батырлар «біз дайынбыз» деп жігерлене айқайлады.

Сәлден соң «бастандар» деген пәрмен беріліп, бура мен арғымақ мінген екі жанкешті бір-біріне бар

БҰҒАЛЫҚ



ынта-шынтасымен қарсы ұмтылды. «Мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керек» деген, еріккен жұрт шулап тұр. Іштеріндегі казакы түйенің тапырақтай шапқанына ерекше таңырқағандар қолдарын шошайта айқайлап жатыр.

Наркескен алғашқы текетірісте Едвардқа қарсы ірі қимыл жасауға ниеттенбеген-ді. Әкесі Тұғырдың ақылымен қарсыласының шамашарқын байқап көруді ғана қолайлаған. Сондықтан қару сілтесетін сәтте жауына кіжіне төніп, дойыр шокпарын аса жақындамай жұмсады да, бұрасын оң жаққа шорт бұрып әкетті. Едвард алып жануардан мынандай шапшандықты күтпегендіктен, қаруын Наркескенге сілтегенімен тигізе алмай қалды. Астындағы атын қайта бұрам дегенше біраз жерге өтіп кетті. Наркескен болса, оның артынан қуға әрекеттенген жоқ.

Екінші шайқасқа дайындалған қос батыр өз орындарына қайтадан тұрды. Алғашқы қақтығыстан кейін Наркескеннің түйгені — жауының қимылының шабандығы мен сауыт-сайманының тым қолапайсыздығы еді. Оған қоса, тағдырлас жас жігіттің көкірегі аяққаптай болғанымен, мынандай қанды текетірісте үздік шығар тәжірибесі де аздау көрінді.

Едвард болса, керісінше, дала рыцарының өзінен де, шуда-шуда кара бұрасынан да бой тартып қалғандай. Ес білгеннен бері талайды шаң қаптырған әдісқойлығы мен кара күшіне иек артып, бір ұрғанда қалпақтай ұшырып түсірем деген сенімі осы сәтте көкке ұшқандай болып тұр.

Енді не болғанда да кейінге шегінер жол жоқ. Эльза сұлу үшін басталған шайқас тағы да жалғасты. Әудем жерден туралап шапқан қос батыр орта жолда түйісіп, бір-біріне қаруларын сілтескенде Наркескен Едвардтың зіл батпан найзасын бойына дарытпай шокпарымен қатты қағып жіберді. Сосын тағы да жанынан өткізіп жіберіп, адымын аттатпастан, еуропалықтар бұрын-соңды көріп-білмеген, қазақтың ойлап тапқан ұлттық қаруы — қыл арқаннан дайындалған теңбіл жүнді бұғалықты оң қолымен арт жағынан тастады да жіберді. Бұл кезде жауынгер кара бура кері бағытқа толықтай бұрылып үлгерген-ді, ал Едвардтың тұғырлы акбозы енді-енді бағыттала бастаған. Бұғалық қарсыластың ашық қалған мойын тұсынан түсті де, Наркескен өзіне қарай шірене тартып қалғанда, Едвард қолындағы тізгінінен айырылып қалды. Сол-ақ екен оның артқа қарай шалқалай бастағанын көрген жанашырлары «сенген қойым сенбісің» дегендей шуласып кетті.

Ендігі кезекте басталған шайқасты түбегейлі аяқтау үшін Наркескенге екі жолдың бірін таңдау ғана қалған. Біріншісі — есінен тана бастаған қарсыласына жақынырақ барып, қайың

шокпарымен қалаған жерінен армансыз соққы беру болса, екіншісі — бураны кері бұрып, Едвардты ат-матымен қоса дырылдата сүйреп кету еді.

Бірақ қай ойын да іске асыруға ақжолтай батыр Тұғырдың «жібер, керегі жоқ» деген бұйрығы кілт тоқтатып тастады. Әкесінің жанайқайын анық естіген Наркескен Едвардқа жақын барып, бұғалығының бір ұшын бәкісімен кесіп босатып алды да, «мен болдым» дегендей айқас алаңынан сытылып шыға берді. Әзірге Едвардтың шыбындай жанын иесінің меншігінде қалдырды.

Қанша айтқанмен Едвард та тым намысқой батыр емес пе, тікелей келген ажалдан оңай құтылғасын, тез есін жинап алды. Өз жақтастарының алдында қылшығы қисаймай, «мен дайынмынның» кебін келтіріп, үшінші рет айқас алаңындағы орнына барып тұрды. Сол жерде өз көмекшілерін шақырып, керексіз болып қалған алып найзасын өткір қылышқа алмастырды. Ойлағаны Наркескеннің қолданатын дәстүрлі қаруы — бұғалықты лаңсы келсе орта белінен шауып түсіру сияқты.

Дегенмен, жекпе-жектің ұйымдастырушылары күтпеген жағдайдан қолжалып қалғандықтан, біраз уақытқа үзіліс жасады. Оларды таңғалдырғаны әкелі-балалы қазақтардың жан алып, жан беріскен шайқас кезіндегі мәрттігі еді. Жауырынымен жер қауып тұрған дұшпанға қамқор қолдарын созғандары мықтылығына соншалықты сенімділігі ме, әлде басқадай ойлары бар ма, еуропалықтар ол жағын әзірге біле алмай тұрған-ды.

Бұл кезде Тұғыр батыр Наркескенге соңғы ақылын айтып жатты:

— Ендігі шайқаста дұшпаныңды жаныңа маңайлатпағаның дұрыс. Қарсы беттен бұғалық лақтыр да, атынан төңкеріп түсір. Сосын шокпарыңды жауырын тұсына сілтерсің. Жерге тұрмастай құлауына сол да жетер. Байқа, жанды жеріне тиіп, мәрттігіп қалмасын. Жаманаты өзімізге тиіп, онсыз да мына қызы құрғырдың арқасында онша қию-ласпай тұрған арақатынасымыз ушығып кетер.

— Иә, әке. Өзім де осылай қимыл жасауды қолайлап тұрғам. «Ауыл итінің құйрығы жоғары» деген, көрмейсіз бе, менің басымдығымды көпе-көрінеу мойындағысы келмей, теріс жаққа қисая кеткенім.

Осылайша, соңғы дайындық пысықталып болып, екі жақ бір-біріне қайтадан ұмтылысты. Қаптаған еуропалықтардың өкінішіне қарай, бұл жолғы текетірес тым ұзаққа созылған жоқ. Үркердей ғана қазақтың дәурені жүріп, мәртебесі шет жерде үстем болды.

Екпіндей шапқан Едвардтың акбозы айлакер бураға жақындаймын дегенше Наркескен астындағы жануарын көлденеңдеу шабысқа бағыттады да, бірінші бұғалықты әп-сәтте акбоз

арғымақтың мойнына тастап жіберді. Сосын Едвард атының мойнындағы керілген арқанды кесіп түсірем дегенше тағы бір бұғалықты өзінің мойнына түсіріп, қылғындырып тастады. Сол-ақ екен қайратты ірі бураның тарту қарқынынан Едвард пен оның акбоз аты бірдей жерге ұшып түсті.

Арқаннан босаған Едвард енді орнымнан тұрам дегенше болған жоқ, кара бураның үстінен буырқана секірген Наркескен оның жауырын тұсын дәлдеп шокпарын сілтеп үлгерді. Талайдың арынын басқан сенімді қаруы бұл жолы да мүлт кеткен жоқ, жерге етпеттей құлаған қарсыласы көпке дейін тұра алмай жатып қалды. Шіркін-ай, таза жеңіс дегенің осындай-ақ болар!

Айнала айқай-шу. Танданыс. Қаптаған еуропалықтар отырған жерлерінен қопарыла тұрып, айқас болған жерді қоршап алды. Біршамасы құлаған ат пен Едвардты тұрғызып жатса, қалың көпшілігі кара бураның жүріс-тұрысына, бұғалықтардың қадір-қасиетіне ерекше көңіл аударып, жақыннан тамашалауға кірісіп кеткен.

Ақыл тоқтатқан үлкендеу кісілер Тұғыр мен Наркескенге көкейіндегі таңданысты сұрақтарын қойып жатыр:

— Мынандай жануар мен бұғалықты өздерің ойлап таптыңдар ма, әлде сырт елден алдырдыңдар ма?

— Түйе малы қазақтармен ерте дәуірлерден бірге жасасып келеді. Солардың еркегін біз бура деп атаймыз. Бұндай жануарлардың біздің жерімізде қашан, қайдан пайда болғанын ешкім де айта алмайды. Басқа елдерде оларға ұқсас жануарларды кездестіргеніміз жоқ. Ал бұғалықтарды ойлап тапқан біз — қазақтармыз. Бүгінгідей шайқастарда оларды қару қылып пайдалансақ, былайынша өмірде асау жылқылар мен басқа жануарларды жуасытуға қолданамыз...

Сонымен өздері ойлап тапқан бұғалықтың арқасында қазақтардың Еуропа халықтарын таңғалдырғаны бір бөлек, қазақтың Наркескен батыры сол елдің ең сұлу қызын жар етті. Оның әкесі Тұғыр батырдың ақсүйек князь Ричардпен құйрық-бауыр жесіскен мың жылдық құда болғаны да рас әнгіме.

Еуропадағы жастардың үйлену тойы үстінде қыз әкесінің өтінішімен жігіт жағы жаңа қосылған жегжаттарына мойындары мен өркештеріне сансыз бұғалық ілінген қос өркешті түйелер сыйлады.

Сол түйелер күндердің күні болып Тұғырлар елге қайтқанда, Еуропаны жерсінбей қазақ даласына бар үрім-бұтағымен қашып кеткен деседі.

Ал арғы атасы қыл арқан, нағыз қазақи өнім — бұғалықтардың осы оқиғадан кейін бірден беделі аспандап, бүкіл әлемдік сұранысқа ие болғаны соншалық, олар Тұғыр батыр мен оның ұлы Наркескендердің өмір сүрген уақытында-ақ жер бетіндегі барлық материктерді жаулап алыпты. Бұғалықтарды ерекше жақсы көргендердің бірегейі асау тұлпар мінген америкалық үндістер екен. Басқалар да олардан көп қалыспаған.

Ең өкініштісі, аса құнды дүниенің игілігін көріп жүрген сан ұлттардың өкілдері бұғалықты алғаш ойлап тапқан қазақтар екенін білмейтін көрінеді-мыс.

Өйтетіні, біздің шетінен жауынгер, шетінен намысқой бабаларымыз тіл білмегендіктен бе, әлде ығи да асығыс жүретіндіктерінің салдарынан ба, әйтеуір, өздерін жат елде паш етіп, баршаның көзайымына айналдырған жаналықтары жөнінде мөр басылған еуропалық құжатқа қол жеткізе алмапты. Шынтуайтына келгенде, қол жеткізбеген дегеннен гөрі, құнттамаған деген сөз дұрысқа келетін сияқты...

Уайымымен бітпес істері түгесілмеген, қайран бабаларым-ай, көнеміз де әділетсіз тағдырға, қайтеміз...



**Шолпан
РАҚЫМҚЫЗЫ**

Қазақ сахнасы уақыт талабына лайықталып заманауи сипатта дамып жатыр. Белгілі режиссер Фархад Молдағалидың Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында сахналаған «Ревизоры» – соның бір дәлелі.

Өзіндік қолтаңба мен тын ізденістер ғасырларды жалғап келе жатқан Гоголь классикасын жаңаша түрлентіпті. Жемқорлық пен жағымпаздық адамдардың өмір салтына қалыпты құбылыстай кірігіп кеткен кезеңде оны әжуалап, айыптау, таңсық тақырып қалмаған тұста көпшіліктің әділет, адалдық секілді адами қасиеттерін қозғап, паракорлықтан, ластықтан, пасықтықтан жирендіру қаншалықты ауыр екенін қазір бәріміз білеміз. Осы жүкті Фархад өнер тілінде көркем, жеңіл, ұлтты беріпті. Әсерлене шығып, әр кейіпкердің образын, оқиғасын жарыса талдап жатқан жастарға қарап спектакльдің дәл осы балалар мен жасөспірімдер театрында қойылуы да заңдылықтай көрінді.

Әйгілі Мұхтар Әуезов аударып, қазақ сахнасында 1936 жылы Қалибек Қуанышбаев, Камал Қармысов, Мәлике Шаманова, Шәкен Айманов, Елубай Өмірзақов секілді өнер корифейлері жарқыратқан «Ревизорды» бүгін Ерлан Кәрібаев (*Антон Антонович Сквозник-Дмухановский*), Райхан Қалиолдина (*Анна Андреевна*), Шырын Мұқанова (*Мария Антоновна*), Нариман Егімбеков (*Иван Александрович Хлестаков*), Қадырғазы Қуандықов (*Аммос Фёдорович Лякин-Тяпкин*), Сафуан Рысбайұлы (*Артеми Филлипович Земляника*), Аида Жантілеуова (*Почтмейстер*) секілді т.б талантты әртістер кәсіби тұрғыда шебер алып шықты.

Н.Гоголь шығармалары әлем сахналарын аралады, әлі де сол сахналарда



салтанат құрып жүр. Демек, өлмес-өшпес, батпас-жанбас аярлық пен жемірлік барда «Ревизор» – мәңгілік. Адамзатты бұндай тұрпайылықтан сақтандыратын бір тетік – сахна. Әсерлі күшейткіштей көрінгенімен сыншылы реализмді, әлеуметтің ішкі тартысын эстетикалық өнер тілімен жеткізу көрерменнің жан дүниесін қозғайды, әркімді өз ақиқатына үнелдіреді. Бұл күйдің актердің рухани сүзгісінде қайнап, оның болмысымен кірігіп барып, сыртқа лықситынын ескерсек, оның өз бейнесіне сай мінез тапқанын, кейіпкерінің пендеуи осалдықтарын дәл жеткізгенін көреміз. «Көзің қандай екен, көзің?» – деп сайқалдана қылымситын «дуанбасының әйелі» Райхан Қалиолдина, өз қызын аңдып, алаяқпен жарасқанына: «Сүйісіп жатыр», – деп жүрегі жарылардай қуанатын «дуанбасы» Ерлан Кәрібаев, оқиғаны шиеленістіріп: «Мен сендерге көп ақша келе жатыр дедім бе, дедіім», – деп қуды қуға, сұмды сұмға

қағыстыратын «алаяқ» Нариман Егімбеков, көзілдірігін көтеріп қойып: «Хәт!» – деп залды күлкіге қарық қылатын «почтмейстер» Аида Жантілеуова сахнада, шын мәнінде, жұлдыздай жарқырады.

Дуанбасының үйінде қызметшілердің қарбаласынан, көпес шонжарлар мен тотай ханшайымдардың сауығынан басталатын салтанат пен жалшы-құлдардың жаңылыс болжамынан кейінгі паракорлардың жанталасына, дәрменсіз күйкі қарекетіне сіз

Молдағалидың «Ревизоры» бұл үлде тұрғысынан алғанда, өз көрерменінің жүрегіне жол тауыпты.

Саундраманың драматургияны, музыканы, актерлік қимыл-қозғалысты бір ансамбльге тоғыстырып залды ситуациямен бірге жетелеп отыруында композитордың (*Серікжан Айтқали*), сценографтың (*Айнұр Есболатова*), хореографтың (*Салтанат Беймишева*), хормейстердің (*Ғалымжан Берекешев*), режиссер ассистенті

«РЕВИЗОР»: ЖЕМҚОРЛЫҚ ПЕН ЖАҒЫМпаздыққа ҚАРСЫ МӘДЕНИ МАЙДАН



оңай кірігесіз. Өйткені әр кейіпкердегі ұқсас мешеуліктер бүгінгі көрерменге жақсы таныс. Қазақ қоғамы да қазір осындай баянсыз дүние мен жылпос, жағымпаздықты жалау еткен адамдармен бітеқайнаса өмір сүріп жүр. Ендеше, гуманизм мен аярлық шайқасы – өнер тілінде де түгесілмейтін шекарасыз майдан.

Әйгілі Қалибек Қуанышбаевтың дуанбасы образын шығарар сәтте: «Мынау сұрқия Дуанбасының менің жанымды жаралап, адамдықтан азғыратын жайы бар. Неткен сұмпайы! Тіпті төбе құйқаң шымырлайды. Жек көремін азғын немені! Қай қырын табасың оның? Әр сөзі – тотияйын, адамды шағады. Кекетіп тұрып күледі, күліп тұрып кекетеді. Жоқ, жолдастар, мен ойнай алмаймын. Қолымнан келмейді. Сенімдеріңе рақмет, басқаларға бердім», – деп биік мұраттар алдында торығуы күллі актер атаулыға образ шығару мен өз табиғатына қайшы мінезді сіңіріп, залдағы мыңдар алдына қайталанбас жауапкершілікпен қайта алып шығу міндетінің ауырлығын сезіндірсе, Мұхтар Әуезовтің: «Біле-білсең, Қалибек, бұл – сенің рөлің. Сенің пішініне лайық. Сенен басқа адам алып шыға алмайды. Сен қатыгез дуанбасының жексұрын мінезін бойыңа тоғытқың келмейді. Сонда сен соған ұқсап қаласың ба? Актердің шеберлігінің өзі сонда: жек көре, табалай отырып, ойнау керек. Сен түсінгенсің, жақсы, жатық, жүрегіңе жақын түсінгенсің. Соған бөгет болып тұрған – жан жүйенді сол образдың қылығынан түңіліп, алып қашуында. Әсерінде. Соны жеңе алмай торығып жүрсің. Жағымсыз рөлде ойнау – жағымсыздық емес. Соның барлық зымияндығын, қоғамның іріп-шіріген қонсы иісін көрсете отырып, жамандықтан, әділетсіздіктен, өктемдіктен жеріндіресің. Өзің сияқты әсер алған адам қайтып ондай жексұрындыққа бармайды. Бойына біте қалса, сылып тастайды. Қалдық мінез жойылған жоқ. Бұл – өнердің күресі. Кешегі патшаның зымияндық саясатын әшкерелеу. Шын халықтың мұқтажын жоқтасаң, Дуанбасын ойнайсың, шығарасың!» (*Т.Жұртбай. «Ревизор қалай қойылды?» «Жұлдыз» журналы, №7, 1984 жыл*) деп қайрауы сөз күдіретін, өнер киесін түсінетін көрерменге шығармашылық топтың өнер қазанында қалай қайнайтынын ұғындырады. Фархад

(*Айнұржан Орынбасарова*) секілді өзге де шығармашылық топ өкілдерінің ерекше қолтаңбасы байқалады. Саундрамадағы жанды музыка (*Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының музыкант-студенттерінің ансамблі*) арасында аудиторияны сергітіп, сілкіп, желпіндіреді.

Әуеннің бірде шарықтап, бірде құлдилауы сәті... «Мені елдік шаруалар күтіп тұр. Әлемдегі, жер-жердегі табиғат апаттары, су тасқыны, зілзала... Ол жақта адамдар аш-жалаңаш, азапта отырғанда менің мұнда той тойлап жүргенім жарамайды, дереу кетуім керек!» Кешегі әккі Хлестаковтан осылайша, бәріміздің көз алдымызда бүгінгінің қу, жемқор қайраткерлері, айлакер коуч-блогерлері «балалай» береді. «Біз біргеміз!» жәшіктерін көтеріп алып ары-бері сапырылысқан массовка мен жиналған жылуды тиіп алып, «тескен таудан» ары асатын тікұшақ көз алдымызға Перизат Қайрат



оқиғасын көлбеңдетеді. Синтезді тапқыр тәсілдер алданғанын сезіп, сан соққан сәттегі дуанбасының пұшайман хәлін аудиторияның жемқор ортадан шаршаған жеккөрінішімен әдемі астастырып жібереді. Қоғамның дамуын кешеуілдететін мұндай кесел, барлық дерт кез келген форматта шынайы өмірде болсын, өнер тілінде болсын әшкереленіп, айыпталуы тиіс. Ал «жаманнан жирендіру» өнер тілінде өтімді.

Әйгілі Ю.Хараридің «Номе Deus: Болашақтың қысқаша тарихында»: «Гуманизм бізге біреуді жаман сезінуге себеп болған нәрсе ғана жаман деп үйреткен. Адам өлтіру – жаман іс, тек бір заманда Құдай «өлтірме» деп әмір еткендіктен емес, өлген адам, оның туыстары, достары және таныстары азап шегетіндіктен жаман. Ұрлық жасау – жаман іс, бірақ көне мәтінде «ұрлама» деп жазылғандықтан емес, мүлкінен айырылған адам жайсыз сезімде болғандықтан», – дейді. Харари тұжырымы бұл тыйымның түбінде оның өзіншіл, ойсыз әрекетінің өзіндей бір өзге міскінді қаріп күйге түсіретінін жатқанын айтады. Жаңа спектакль көрерменіне осы күйді жаңа қолтаңбамен, ерекше суреткерлікпен, көркем жеткізеді.

Залдың көңіл күйі мен көрерменнің қошеметі премьераның сәтті шыққанынан хабар беріп тұрды.

Газет бетінде жарияланған суреттер интернет желісінен алынды

Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІҚҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота,
НҰРЖЕКЕ Бексұлтан,
НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Жүніс ОМАР

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректор:
Айнаш ӘЛДИБЕК

Меншікті тілшілер:
Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары

Айтбай СӘУЛЕБЕК,
Алматы облысы
Ержан ТОҚТАРҰЛЫ
Абай облысы

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ
Ақтөбе облысы
Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ
Атырау облысы
Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА

Батыс Қазақстан облысы
Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН
Жамбыл облысы
Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ

Жетісу облысы
Жангелді НЕМЕРЕБАЙ
Қостанай облысы
Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ

Қызылорда облысы
Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА
Маңғыстау облысы
Сағындық РЗАХМЕТ

Павлодар облысы
Серік ЕЛІКБАЙ
Түркістан облысы
Айдар СЕЙДӨЗІМ

Шығыс Қазақстан облысы
Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ
Шымкент қаласы
Момбек ӘБДӨКІМҰЛЫ

Кезекші: Мөлдір
РАЙЫМБЕКОВА

**РЕДАКЦИЯНЫҢ
БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:**
8 (727) 272-88-17

e-mail:
kazakh_adebiety25@mail.ru
Мекенжайымыз:
050009. Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы,
105-үй. 3-қабат.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.
Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген.
Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223 «В». Оффсеттік басылма.
Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.